№	Олимпиаданың атауы	Қатысқандар	Жүлдегерлер	I	II	III	Сертификат
1	Жаратылыстану-математикалық циклы пәндер бойынша XV Президенттік олимпиаданың республикалық кезеңі	1	-	-	-	-	1
2	Жалпы білім беретін пәндер бойынша Республикалық ғылыми жобалар конкурсы	1	1	-	1	-	-
3	«Roboland-2022» республикалық фестивалі	2	-	-	-	-	2
4	BeginIT республикалық робототехника конкурсы	2	-	-	-	-	2
5	«Кенгуру-математика барлығы үшін»	33	33	13	5	15	33

	интеллектуалдық ойын-конкурсы						
6	«Ақбота» интеллектуалдық ойын-конкурсы	57	55	31	17	7	2

**2-7 сынып оқушыларының зерттеу жұмыстары мен шығармашылық жобаларының республикалық «Зерде» конкурсының аудандық кезеңі  
2022-2023 оқу жылы**

Оқу жылдары		
2020-2021 оқу жылы	2021-2022 оқу жылы	2022-2023 оқу жылы
9	10	16

**Сараптама:** 2021-2022 оқу жылында аудандық «Зерде» конкурсына 10 жұмыс жіберіліп, 10 жұмыста облыстық кезеңге өтті. Ол жылдары онлайн түрде өткізілді. Алайда облыстық кезеңге барған жұмыстардың 6 жоба антиплагиатқа тексергенде өткен жоқ. Тек облыстық кезеңнен 1 жоба ғана 3-орын алды. Аркалық Анар- технология және өнер секциясы бойынша.

2022-2023 оқу жылында мектепшілік кезең сәуір айында өткізілді. Секциялық отырыста I орын алған оқушылар аудандық кезеңге жіберілді. Ауданға 26 жұмыс жіберілді. Нәтижесінде, I орын-6, II орын-5, III орын-5 орындарға ие болса, 10 оқушы Сертификатқа ие болды. I орын алған 6 жоба облыстық деңгейге жіберілді. Облыстық кезеңнің нәтижесі тамыз айында белгілі болады. Бытырғы оқу жылымен салыстырғанда көтерілу байқалып тұр.

**Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық ғылыми жобалар конкурсының аудандық кезеңі  
2022-2023 оқу жылы**

Жүлделі орындар	Оқу жылдары		
	2020-2021 оқу жылы	2021-2022 оқу жылы	2022-2023 оқу жылы
Аудандық ГПК қатысқандар	7	13	30
I	2	2	7
II		4	12
III		5	5
Сертификат		2	6

**Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық ғылыми жобалар конкурсының облыстық кезеңі  
2022-2023 оқу жылы**

Жүлделі орындар	Оқу жылдары	
	2021-2022 оқу жылы	2022-2023 оқу жылы
Облыстық ГПК қатысқандар	2	5
I	-	2
II	-	-
III	2	2

Сертификат	-	1
------------	---	---

**Облыстық кезеңнен орын алған ғылыми жобалар**

№	Оқушының аты-жөні	Сыныбы	Бағыты	Орны	Жетекшісі
1	Жәнібекқызы Айдана	11 «А»	«Салауатты табиғи орта – «Қазақстан-2030» стратегиясын жүзеге асырудың негізі» бағыты	I	Исина С.Т.
2	Хуаныш Бақдәулет	10 «А»	«Қазақстанның тарихи ескерткіштері және болашағы зор туристік бағыттар» бағыты	I	Азбаева Л.Х.
3	Рақымжан Ділназ	11 «А»	«Салауатты табиғи орта – «Қазақстан-2030» стратегиясын жүзеге асырудың негізі» бағыты	III	Схах К.
4	Махабаева Адина	9 «Д»	«Қазақстанның тарихи ескерткіштері және болашағы зор туристік бағыттар» бағыты	III	Ишмагамбетова Р.О.

Осы тізімдегі жобалардың ішінен Жәнібекқызы Айданың жұмысы өтіп, Республикалық кезеңнен 2-орын иеленді.

**Сараптама:**

2022-2023 оқу жылында аудандық кезеңге 11 жұмыс жіберілді, оның 5 жұмысы 4 бағыт бойынша облыстық кезеңге өтті. Атап айтсақ:

1. «Ғылыми-техникалық прогресс – экономикалық өсудің негізгі буыны ретінде» бағыты бойынша – 1 жұмыс.
2. «Экономикалық және әлеуметтік процестерді математикалық моделдеу» бағыты бойынша 1 жұмыс.
3. «Салауатты табиғи орта – «Қазақстан-2030» стратегиясын жүзеге асырудың негізі» бағыты бойынша – 4 жұмыс.
4. «Қазақстанның тарихи ескерткіштері және болашағы зор туристік бағыттар» бағыты бойынша -5 жұмыс.

**Мәселе:**



- 1) Сұраныс бойынша жіберілген ғылыми жобалардың көп бөлшегінің антиплагиаттан өтпей қалуы, көп мұғалімдеріміздің керекті ақпаратты ғалымдар желісінен алуы;
- 2) Мектебімізде педагог-зерттеуші, педагог-сарапшы, педагог-модератор жаңа форматтағы мұғалімдердің санының көп болғанымен, ғылыми жоба жазатын мұғалімдер санының аздығы байқалады.

**Шешу жолдары:**

әдістемелік кафедраларда тиісті пән мұғалімдеріне талап қойылып, оқушылардың ғылыми жобаға дайындау базасы құрылсын, жоспарға енгізіліп, қолдау көрсетілуі керек; мектеп-лицейдің педагог-зерттеуші, педагог-сарапшы мұғалімдердің ғылыми жобаға деген жауапкершіліктерін арттыру.

**Аудандық 2020-2021, 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдарының мониторингі**

Атауы		2020-2021	2021-2022	2022-2023
Пәндік олимпиадалар	<b>Аудандық</b>			
	5-6 сынып оқушыларына арналған Республикалық олимпиада	11	8	4
	8-11 сынып оқушылары арасындағы Республикалық лингвистикалық олимпиада	болған жоқ	2	6
	«CLEVER» – 2022 4-сынып оқушыларына арналған олимпиада	34	47	болған жоқ
	Жаратылыстану – математикалық бағыты пәндерінен Республикалық юниорлық олимпиада	0	7	11
	Ж.Ақылбасев атындағы V физика пәні олимпиадасы	4	3	1
	Жалпы білім беретін пәндер бойынша Республикалық олимпиада	21	30	20
	Ш.Батталова атындағы V химия пәні олимпиадасы	4	2	2
	Ш.Уалиханов атындағы II география пәні олимпиадасы	болған жоқ	1	3
	Ә.Ермеков атындағы математика пәні олимпиадасы	2	2	1
	Әбдіров Мәжит Аманқұлұлы атындағы математикалық олимпиада	4	болған жоқ	3
	«Алтын түлек» математикалық олимпиадасы	2	2	-
	3-4 сынып оқушылары арасында өткізілген «Алтын сақа» олимпиадасы	болған жоқ	-	4
	5-6 сыныптар арасында республикалық «Алтын сақа» математикалық олимпиадасы	болған жоқ	-	2

	9-11 сынып оқушылары арасында қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен Ләззат Бәйішқызы атындағы облыстық олимпиаданың аудандық кезеңі			3
	Қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінен Жарқын болашақ аудандық олимпиадасы			3
<b>Пәндік олимпиада барлығы</b>		<b>82</b>	<b>104</b>	<b>63</b>
<b>Оқулар</b>	Республикалық балалар оқулары байқауының аудандық кезеңі	болған жоқ	2	3
	8-11 сынып оқушылары арасындағы Мұқағали Мақатаев оқулары		-	2
	8-11 сынып оқушылары арасындағы Әбіш Кекілбаев оқулары		2	-
	8-11 сынып оқушылары арасындағы XXIII Абай оқулары		2	3
	8-9 сынып оқушылары арасындағы Серік Ақсұңқарұлы оқулары		1	
	Жыр алыбы –Жамбыл оқулары		2	
	5-11 сынып оқушылары арасында өткен облыстық Бүркіт Ысқақұлы поэзиясын мәнерлеп оқу			3
	7-11 сынып оқушылары арасында өткен облыстық Ілияс Жансүгіров оқулары			1
	Кәрім Сауғабай оқулары			3
	Мәшһүр-Жүсіп оқулары			1
<b>Оқулар барлығы</b>			<b>9</b>	<b>16</b>
<b>Ғылыми - практикалық конференция</b>	8-10 сынып оқушылары арасындағы оқу – зерттеу жұмыстарының «Жас зерттеуші» ГПК	9	<b>23</b>	<b>24</b>
	2-7 сынып оқушыларының зерттеу жұмыстары мен шығармашылық жобаларының республикалық "Зерде" конкурсы		2	16
<b>Конкурс, байқаулар</b>	Дебат пікірсайыс турнирі	болған жоқ	2	3
	Болашаққа жолдама аудандық байқауы	болған жоқ	1	9
	«Juldyzai» балалар шығармашылық фестивалінің аудандық кезеңі	болған жоқ	3	5
	«Жыл оқушысы» республикалық конкурсының аудандық кезеңі			1
	«Roboland-2022» VII Халықаралық робототехника, бағдарламалау және инновациялық технологиялар фестивалінің аудандық кезеңі	2	3	5
<b>Конкурс, байқаулар барлығы</b>		<b>2</b>	<b>9</b>	<b>23</b>
<b>Барлығы</b>		<b>93</b>	<b>147</b>	<b>142</b>

Облыстық 2020-2021, 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдарының мониторингі

Атауы		2020-2021	2021-2022	2022-2023
Пәндік олимпиадалар	Облыстық			
	Жалпы білім беретін пәндер бойынша 8-11 сыныптар арасындағы олимпиаданың облыстық кезеңі	-	2	1
	7-8 сынып оқушылары арасында физика пәнінен техника ғылымдарының докторы, профессор, Халықаралық жоғары ғылым мектебі академиясының академигі Жамбыл Сәулебекұлы Ақылбаев атындағы облыстық олимпиадасы	-	2	-
	Жаратылыстану – математика бағыты бойынша –юниорлық 7-8 олимпиадасы	1	1	3
	Облыстық Т.Ф.Мұстафин атындағы «IX Математикалық бәйге» сайысы	болған жоқ	4	болған жоқ
	Математика пәнінен Б.Амалбеков атындағы 7-8 сынып оқушылары арасындағы облыстық олимпиада	болған жоқ	3	-
	Математика пәнінен 8-сынып оқушылары арасында Әлімхан Ермеков атындағы облыстық олимпиада	болған жоқ	2	-
	«CLEVER» 4,5-6 сынып оқушыларына арналған олимпиада	5	7	1
	5-6 сынып оқушыларына арналған «Республикалық олимпиада	4	1	-
	Жаратылыстану – математикалық бағыттағы пәндер бойынша XIV Президенттік олимпиаданың <b>аймақтық</b> кезеңі	1	2	2
	Қазақстан тарихы пәнінен 10-сынып оқушылары арасындағы олимпиада	1	болған жоқ	болған жоқ
	«Алтын түлек» математикалық олимпиадасы	2	-	-
	"Алтын сақа" математикалық олимпиада	1	болған жоқ	-

	"Бастау" математикалық турнирі	3	болған жоқ	болған жоқ
	7-8 сынып оқушылары арасында орыс тілі мен әдебиеті пәнінен "Эрудит" олимпиадасы	болған жоқ	1	болған жоқ
	"Іқанат" олимпиадасы	2	3	10
	Жас математик облыстық олимпиадасы			5
	8-11 сынып оқушылары арасындағы Республикалық Лингвистикалық олимпиада			1
<b>Пәндік олимпиадалар барлығы</b>		<b>20</b>	<b>28</b>	<b>23</b>
<b>Оқулар</b>	"Туған елің - Қазақстанды жақсы білесің бе?" атты балалар оқулары	болған жоқ	1	-
	"Ер Едіге" жырын жатқа айтудан "Тұлпар мініп, ту тіккен!" облыстық байқау	болған жоқ	1	-
	8-11 сынып оқушылары арасындағы республикалық Мәшһүр Жүсіп оқуларының облыстық кезеңі			1
	Бүркіт Ысқақұлының оқуларының облыстық кезеңі			1
<b>Оқулар барлығы</b>		<b>болған жоқ</b>	<b>2</b>	<b>2</b>
<b>Байқаулар</b>	Робототехникадан аймақтық байқау	3	4	6
	"Нығмет Нұрмақов-тарихи тұлға" атты баяндама байқауы	2	2	болған жоқ
	«Жас радиоәуесқой-рационализаторлар» облыстық байқауы	3	2	3
	"Оқырман отбасы - 2021" облыстық байқауы	болған жоқ	1	1
	5-6 сынып оқушылары арасындағы "Өлкетану" зияткерлік онлайн - ойыны	болған жоқ	2	3
	Ашық аймақтық "Туған соқпақтар" байқауы	1	1	31
	"Жас тұлпар" облыстық айтыс	болған жоқ	1	1
	"Сен неткен бақытты едің, келер ұрпақ!" атты облыстық байқау	болған жоқ	1	-
	"Бояулар құпиясы" жас суретшілер байқауы	болған жоқ	1	-
	Болашаққа жолдама форумы аясында өткізілген "Менің мамандығым - менің жолым" облыстық байқауы	болған жоқ	1	1
	"Бастауға апарар жол" эссе байқауы	болған жоқ	3	-

	8-10 сынып оқушылары арасында А.Байтұрсынұлының 150 жылдық мерейтойына орай онлайн - викторина	болған жоқ	2	болған жоқ
	Облыстық «ДЕМЕУ» Қарағанды облысы бойынша жануарлардың сирек кездесетін және жойылып бара жатқан түрлерінің онлайн байқауы	болған жоқ	4	болған жоқ
	Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні қарсаңында мектеп жасына дейінгі балалар мен мектеп алды даярлық сыныптар арасында ұйымдастырылған «Менің отаным-Қазақстан» облыстық сурет байқауы	болған жоқ	1	болған жоқ
	«Жасыл ел» халықаралық форумы шеңберінде өткен аймақтық сырттай экологиялық байқау	болған жоқ	1	болған жоқ
<b>Байқаулар барлығы</b>		<b>9</b>	<b>27</b>	<b>46</b>
<b>Ғылыми - практикалық конференция</b>	8-10 сынып оқушылары арасындағы республикалық ғылыми жобалар конкурсы	1	2	4
	2-7 сынып оқушыларының зерттеу жұмыстары мен шығармашылық жобаларының республикалық "Зерде" конкурсы		-	1
	Мағжан Жұмабаевтың 130 жылдық мерейтойына орай өткізілген «Мағжан Жұмабаев» Педагогикасы және ұлттық тәлім-тәрбие» атты облыстық педагогикалық құрылтай			1
	"Психологиялық ілім жас зеттеушілер тарапынан» тақырыбында психология пәні бойынша ғылыми жобай байқауының облыстық кезеңі	болған жоқ	1	болған жоқ
	"Экология және балалар-2022" ҒТК	болған жоқ	2	болған жоқ
	"Әлем таныған Қазақстан" атты жас зеттеушілердің байқауы	болған жоқ	2	болған жоқ
	"Электроника негіздері" бойынша облыстық ғылыми жоба байқауы	болған жоқ	1	-

ҚР ОҚ ШҒА 52-ші ғылыми-практикалық конференциясы шеңберінде өткен 2-ші деңгейлік аймақтық ғылыми-зерттеу жұмыстарының байқауы	болған жоқ	2	-
<b>Ғылыми - практикалық конференция барлығы</b>	<b>1</b>	<b>10</b>	<b>6</b>
<b>БАРЛЫҒЫ</b>	<b>30</b>	<b>67</b>	<b>77</b>

**Республикалық 2020-2021, 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдарының мониторингі**

Атауы		2020-2021	2021-2022	2022-2023	
<b>Пәндік олимпиадалар</b>	<b>Республикалық</b>				
	Республикалық интернет пәндік олимпиада	4	саналған жоқ	-	
	"Іqapat" олимпиадасы	2	2	1	
<b>Пәндік олимпиадалар барлығы</b>		<b>6</b>	<b>2</b>	<b>1</b>	
<b>Байқау</b>	"Елбасы медалі" байқауы	болған жоқ	1	болған жоқ	
	Ашық республикалық бейнелеу өнері шығармашылық байқауы	болған жоқ	19	-	
	"Жаңа Қазақстан балалар көзімен" атты сурет байқауы	болған жоқ	2	-	
	Республикалық "Roboland-2022" фестивалі	4	4	2	
	ВебінГ республикалық конкурсы			2	
<b>Атауы</b>	<b>Оқу жылдары</b>				
	<b>2020-2021</b>	<b>2021-2022</b>	<b>2022-2023</b>		
	"Ақбота" интеллектуалдық ойыны			саналған жоқ + - 55	
<b>Пән олимпиадасы</b>	«Кенгуру-математика барлығы үшін»	403	507	516	- +9 33
<b>Мектепшілік</b>	интеллектуалдық ойын-конкурс	287	376	381	+5
<b>Аудандық</b>	"Өрлеу" парталы	80	104	107	саналған + саналған
<b>Облыстық</b>	ұйымдастырған қолөнер байқауы		24	27	жоқ жоқ +3
	"Ұстазым - ұлағатым"			1	саналған саналған
<b>Республикалық</b>	қолөнер байқауы		3	1	жоқ -2 жоқ
	(қашықтықтан)				
<b>Ғылыми практикалық конференция</b>		9	29	47	+18
<b>Аудандық</b>		2	23	40	+17
<b>Облыстық</b>		2	6	6	=
<b>Республикалық</b>	5 (қашықтықтан)		0	1	+1
<b>Халықаралық</b>		0	0	0	0
<b>Интеллектуалдық байқаулар,</b>		<b>43</b>	<b>87</b>	<b>161</b>	<b>+74</b>

конкурстар, олимпиадалар, фестивальдар				
Аудандық				
Облыстық				
Республикалық				
Халықаралық	9 (қаш)			
<b>БАРЛЫҒЫ</b>				
<b>Байқау барлығы</b>		<b>16</b>	<b>26</b>	<b>92</b>
<b>Ғылыми - практикалық конференция</b>	<b>Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық ғылыми жобалар конкурсы</b>	-	-	1 Жәнібекқызы Айдан
	<b>III республикалық ғылыми - зерттеу жұмыстардың байқауы</b>	<b>5</b>	саналған жоқ	саналған жоқ
<b>Барлығы</b>		<b>27</b>	<b>28</b>	<b>94</b>

**Оқушылар жетістігінің үш жылдық салыстырмалы салыстырмалы  
2020-2021, 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдарының динамикасы**

**Сараптама:** оқушылардың жетістіктері кейінгі екі жылды салыстырғанда пәндік олимпиадаларда, оқуларда, байқауларда осы динамикасы байқалады. Биылғы оқу жылында жаратылыстану-математикалық бағыттағы олимпиадаларға оқушылар белсене қатысты және осы бағытта алған марапаттар саны көбейді. Сонымен қатар оқушыларымыздың аудандық, облыстық ғылыми жобаларға қатысу динамикасы биылғы жылы көтеріліп, жоғары нәтижелер көрсетті. Жаратылыстану-математикалық бағыттағы жетістіктер мектебіміздің статусын растап, рейтингісін жоғарлатуда.

**Мәселе:** өткен жылдарға карағанда негізгі пәндер олимпиадасының, ғылыми жобалардың нәтижелері аудан деңгейімен шектелсе, осы оқу жылында көптеген жүлделі орындар болғаны, оқушыларымыздың әлеуетінің бар екендігінің дәлелі болып тұр. Бірақ бұл бағыттағы айқындалатын мәселе, республикалық және халықаралық деңгейге жеткізу болып тұр. Оның себебін мамандандырылған және дарынды оқушыларға арналған мектептердің дайындық әдістері біздікінен жоғары болғандықтан, біздің олимпиадаға қатысушыларымыз бәсекелестікте әлсіздігін көрсетеді.

**Шешу жолдары:**

1. Негізгі пәндер олимпиадасына оқушыларды әзірлеуде, озат әдістерді табысты мектептерден қабылдап, дайындық тәртібін өзгерту.
2. Біліктілігі жана форматтағы мұғалімдерге жеке жоспарларына талап ретінде енгізіп, нәтижеге жетуге жауапкершілікті жоғарлату.
3. Ғылыми-практикалық конференцияларға оқушыларды дайындауда нақты жоспарға негізделіп, сабақтастық қағидасын сақтап, зерттеу бөлімін талапқа сай орындап, антиплагиаттан кедергісіз өтуге жұмыс жасау.
4. Абай, Мағжан, Мұқағали, Ілияс, Әбіш оқуларына қатысу нәтижелері аудан деңгейімен шектелмеу мақсатында, дарынды оқушыларды алдын-ала арнайы дайындықтан өткізіп, басқа деңгейге барғанда бәсекелеске қабілетті қылып дайындау.

Сонымен қатар сәуір айында жыл сайынғы дәстүр бойынша 2022-2023 оқу жылында жетістікке жеткен дарынды оқушыларды марапаттап, «Дарынды оқушы-2023» төс белгішесі тағылды. «Жыл оқушысы-2023» атағы мектебіміздің аудандық, облыстық, республикалық олимпиада, ғылыми жоба жүлдегері 11 «А» сынып оқушысы Жәнібекқызы Айданаға берілді, лентасы тағылды.

**Мұғалімдер жетістіктерінің салыстырмалы  
2020-2021, 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдарының динамикасы**

Оқу жылы	Жалпы саны	Аудандық	Облыстық	Республикалық	Халықаралық
2020-2021 оқу жылы	47	15	26	3	3
2021-2022 оқу жылы	80	33	29	14	4
2022-2023 оқу жылы	81	41	37	3	0
+ -	+1	+8	+8	-11	-4

**Сараптама:** Ағымдағы оқу жылын өткен оқу жылдарымен салыстырғанда мектеп-лицей мұғалімдерінің аудандық, облыстық, марапаттар саны артқанымен, республикалық, халықаралық деңгейде конкурс, байқауларға қатысқан саны кеміген.

**Қорытынды:**

1. Мектеп-лицей мұғалімдерінің шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында аудандық, облыстық, республикалық, халықаралық деңгейдегі әріптестермен озық іс-тәжірибесін алмасу, үйрену.
2. Ұстаздардың шеберлігін іздену, білімін үздік жетілдіру мақсатында түрлі байқауларға қатысуын жүйелі ұйымдастыру.

**Ұсыныс:**

1. Мұғалімдердің әр түрлі деңгейдегі байқауларға ұсынған зерттеу жұмыстарының нәтижесін көпшілікке өнім ретінде ұсыну;
2. Мұғалімдер авторлық бағдарлама жазып, аудандық, облыстық, республикалық деңгейде бекітіру;
3. Мұғалімдердің зерттеу жұмыстарының нәтижесін оқыту, тәрбиелеу үдерісінің практикалық сұранысымен ұштастыру.

**Әлді жақтары:**

- 2022-2023 оқу жылында жаратылыстану-математикалық бағыттағы олимпиадалар үлесі артып, оқушылардың жетістіктері көбейді;
- Биылғы оқу жылында 8-11 сынып оқушылары арасында жалпы білім беретін пәндер бойынша Республикалық зерттеу жобалары және 2-7 сынып оқушыларының зерттеу жұмыстары мен шығармашылық жобаларының республикалық «Зерде»

**Әлсіз жақтары:**

- жаңа форматтағы педагогтардың санының өсуіне қарамастан, әдістемелік өнім шығару, авторлық бағдарлама жазу тиісті деңгейде емес;
- Кейбір ваританв курстарының оқу-әдістемелік және жұмыс дәптерінің үлгіге сай жазылмауы;
- жалпы білім беретін пәндер олимпиадасынан облыстық, Республикалық жүлделер әлі де болса үлестік пайызы төмен.



<p>конкурстарында аудандық, облыстық және республикалық нәтижелер санының артуы;</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- 2022-2023 оқу жылында аудандық, облыстық көлемде қатысқан пәндік олимпиада жетістіктерінің артуы;</li> <li>- Мұғалімдердің жетістіктері аудандық, облыстық деңгейлердің біршама көтерілуі;</li> <li>- түлектеріміздің техникалық мамандықтарға түсуі бірнеше жыл қатарынан расталуы;</li> <li>- кәсіби бағдар бағытында мектепте оңтайлы кешенді жұмыс жүргізілуде;</li> <li>- оқу жоспарының вариативті бөлігі оқушы-ата-ана-мұғалімнің ортақ шешімімен қалыптастырылуы;</li> </ul>	
<p><b>Мүмкіндіктер:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- ғылыми жоба, олимпиадалар, облыстық жобаларға қатысу үлесін көбейту;</li> <li>- ЖОО, колледждермен келісім-шарт негізінде оқу жоспарының вариативті бөлігінің тиімділігін жоғарлату үшін, лицей компонентінен бөлінген сағаттарды толық пайдалану;</li> <li>- оқушылар контингентінің әлеуетін ашу мақсатында ғылыми, өнер, спорт саласындағы сайыстар, конкурстарына қатыстыру;</li> <li>- «Зерде» оқушылардың ғылыми қоғамының жұмысын жандандыру.</li> </ul>	<p><b>Қауіпті жақтары:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- жаратылыстану-математикалық пәндердің меңгерілуі оқушыларға қиындық туғызуы, білім сапасына кері әсер беруі;</li> <li>- үздік оқушылардың қалада орналасқан мамандандырылған мектепке кетуі;</li> <li>- негізгі мектепті бітіретін үздік оқитын оқушылар колледждің мемлекеттік грантына түсіп, керісінше сабаққа қызығушылығы төмен оқушылардың бейіндік сыныптарда қалуы.</li> </ul>

## **VII тарау. Кәсіби бағдар берушінің атқарған жұмыстары**

**Кәсіби бағдар жұмысының мақсаты:** оқушыларға өзінің қабілетін, белгілі бір кәсіптік салаға бейімділігін анықтауына, соның негізінде жоғары буында оқу бағдарын дұрыс таңдауына көмек беру.

### **Міндеттері:**

- оқушылардың өз бетінше мамандық таңдауға көмектесу мақсатында олардың мүмкіндіктері, бейімділігі, мүдделері туралы ақпарат алу, зерттеу және пайдалану.
- оқушыларға мамандықтар туралы мағлұмат беру, оқушылардың қызығушылығын, бейінін анықтау.
- кәсіби бағдар беру мақсатында оқушыларға арналған іс шаралар;

Жоспар бойынша 2022-2023 оқу жылының қыркүйек айында «Мен мамандықты таңдаймын» стендтік ақпараттармен толықтырылды. Мақсаты: оқушыларға қоғам үшін маңызды мамандықтардың құндылықтарын ұғындыру.

«Менің болашақ мамандығым» атты сурет сайысы. Сурет сайысы 5-7 сынып оқушыларының мамандық бейнесін бейнелеп, әрлеп, түрлі бояулармен ерекшелік бейнелеуі бойынша салынды. Мақсаты: сурет салуды ұнататын оқушылардың қатарын анықтау. Мамандықтарға сипаттама бере отырып, қыр-сырын ашу.

«ТОО Қамқор Локомотив» цехына 11 сынып оқушыларына экскурсия ұйымдастырылды.

Экскурсия барысында мектеп оқушылары сұрақтар қойып, әртүрлі мамандық иелерімен кездесіп, 25 жыл тарихы бар цехтың жұмыс барысымен таныстырылды. Мақсаты: оқушыларға мамандықтың түрлері, олардың адам өміріндегі маңызы туралы түсінік бере отырып, өз бейіміне сәйкес мамандық таңдай білуіне ықпал жасау; кәсіби бағдар беру.

Кәсіби бағдар бойынша 2022-2023 оқу жылының қазан айында 9-11 сынып оқушыларының бейінін анықтау бойынша сауалнамалар алынды. Мақсаты: кәсіби бағдарлы 9-11 сыныптардың жыл басындағы бейінін анықтау және бағдары бойынша ақпарат алу.

Ю.А. Гагарин атындағы мектеп-лицейінің 9 сынып оқушылары кәсіби бағдар беру мақсатында кентіміздің полиция бөліміне экскурсия барды. Полиция майоры А. Кенжебаев оқушыларға полиция бөлімінің жұмысымен, міндетімен, қызметтерімен таныстырып, әр лауазымдағы полиция қызметкерлерінің отан алдындағы борышын атап өтті. Мақсаты: оқушыларды белгілі мамандықтың түрін меңгеруге бейімдеу, мектеп бітірушілерге мамандық таңдауға көмектесу.

2022-2023 оқу жылының қараша айында «Кім? Не? Қайда? Қашан?» зияткерлік ойыны өтті. Ойын 8 сыныптар арасында өткізілді. Сайыс 5 кезеңнен тұрды. Сайыс қорытындысы бойынша 8а сынып оқушылары жеңіске жетті. Сайыстың мақсаты: оқушылардың ынтасын, қызығушылығын арттырып, өзінің жауапкершілігін сезіне білуіне және өз бетінше жұмыс істеуге жұмылдыру. Ю.А. Гагарин атындағы мектеп-лицейінің 9 сынып оқушылары кәсіби бағдар мақсатында ауданымыздың «Шет агротехникалық колледжіне» экскурсияға барды. Кәсіптік бағдар беру бойынша үйлестіруші Д. Қайратұлы экскурсия барысында қандай мамандықтар оқылатынын, шәкіртақы өзгерістері шеберхана жұмыстарымен толықтай таныстырып, түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Мақсаты: оқушыларды белгілі мамандықтың түрін меңгеруге бейімдеу, мектеп бітірушілерге мамандық таңдауға көмектесу.

«Мен кім боламын?» 9-11 сынып оқушылары арасында пікірлесу сабағы өтті. «Мен кім боламын?» атты бейнебаян тамашалап, танысқан мамандықтарын ортаға салды. Қазіргі заман ағымына қарай мамандықтар әлемі де өзгеріп отыратыны жайлы түсінік беріліп өтті. Сабақтың мақсаты: оқушыларға мамандық таңдаудағы жауапкершілікті қалыптастыру, мамандық таңдауда оқушыларға бағыт-бағдар беру.

Желтоқсан айында журналистика мамандығына қызығушылығы жоғары әрі болашақта осы мамандықты таңдаймын деп мақсат қойып отырған 8-9 сынып оқушылары үшін арнайы маманмен онлайн кездесу ұйымдастырылды. Кездесу онлайн форматта, ZOOM платформасы арқылы өтті. Кездесу қонағы «Хабар 24» телеарнасының тілшісі, Қазақстан Республикасы журналистер одағының мүшесі Дәуренбек Бақдәулетұлы. Мақсаты: журналистика мамандығына қызығушылығы жоғары, әрі болашақта осы мамандықты таңдаймын деп мақсат қойып отырған оқушыларымызға бағыт-бағдар беру.

Кәсіптік бағыт бағдар беру мақсатында «Мамандықтар әлемі» атты сабақ ұйымдастырылды. Сабақ барысында мамандықтар туралы түсінік беріліп, мамандықтарға байланысты презентациялар көрсетілді. Мамандықтар туралы пікір алмасып, ең жақсы мамандықтың суретін салды. Сабақтың мақсаты: оқушыларға күнделікті кездесетін мамандық иелері туралы мағлұмат беру, мамандықтарға деген қызығушылығын арттыру.

Қаңтар айында кәсіптік бағыт бағдар беру жұмыс жоспраны бойынша «Мың мамандық бәрі бар, таңдап, талғап бірін ал» тақырыбында мамандармен дөңгелек үстел өткізілді. Мақсаты: оқушыларға алдағы уақытта заман талабына сай дұрыс мамандық алу үшін бағыт-бағдар беру, әр мамандықтың қиындығы мен қызығы болатынын ұғындыру. Дөңгелек үстел барысында мамандарға мектеп оқушылары өз сауалдарын қойып, сұрақтарына жауап алды.

Ю.А. Гагарин атындағы мектеп-лицейінің оқушылары Ақадыр селолық ауруханасына экскурсияға барды. Экскурсияға 9-11 сынып оқушылары қатысты. Ақадыр селолық ауруханасының жұмыс барысымен, жұмыс барысында кездесетін қызықтары мен қиындықтарын Маркс Т.Е таныстырып өтті.

Кездесу барысында мектеп оқушылары сұрақтар қойып, маман иелерімен танысып, ауруханада жұмыс істеуге деген өздерінің қызығушылықтарын білдірді.

Кәсіптік бағдар беру бойынша ақпан айында 9 сыныптар арасында «Мамандықтың бәрі жақсы» тақырыбында тренинг өткізілді. Мақсаты: мамандық таңдау кезеңінде тұрған оқушыларға бағыт-бағдар беріп, таңдау мүмкіндіктерін шешу. Тренинг барысында бейінін анықтауға арналған ойын ойналды, ойын нәтижесімен бөлісу. Жасырылған мамандық иесін анықтау, болжамдап айту. Кәсіптік бағдар беру бойынша «Өнегелі өмір» жобасы аясында Пауэрлифтингтен Азия чемпионы Бекен Марғұланмен кездесу өтті. Мақсаты: кентіміздің спортшыларының жолын жастарға үлгі ету, олардың әңгімесінің мәнін ұғына білуді, үлкендерді сыйлауды, құрметтеуді түсіндіру.

ИББ айлық іс-шаралар жоспары бойынша 9 «В» сынып оқушылары арасында «Мамандықтың бәрі жақсы» тақырыбында тренинг өткізілді.

ҚР ПМ Б.Бейсенов атындағы Қарағанды Академиясы өкілдері кәсіптік бағдар беру бойынша 11 сынып оқушыларымен кездесу өткізді.

Мектебіміздің түлегі, Сулейман Демирел атындағы университет студенті Аманжолқызы Назерке 11 сынып оқушыларына кәсіптік бағдар беру бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Орталық Қазақстан Академиясының өкілі Токтабеков Е.Ж келіп мектебімізге 11 сынып оқушыларына түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Ю.А. Гагарин атындағы мектеп-лицейіне Е.А. Бөкетов Қарағанды университетінің өкілдері Омаров О.С, Жумабай Б.Б келіп 11 сынып оқушыларына түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Мақсаты: оқушының мамандық таңдауына ықпал ету. ҚР ҰКҚ ШҚ Абай облысы бойынша департаментінің Үржар ауданы бойынша шекара басқармасының офицері Сәлімұлы Бақыт кәсіптік бағдар беру бойынша 11 сынып оқушыларына түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университетінің экономика, бизнес және құқық колледжінің арнайы маманы келіп кәсіптік бағдар беру бойынша 9 сынып оқушыларымен кездесу өткізді. «Құқықтық навигатор» құқықтық сауаттылық апталығы аясында «Тапқыр болсаң, озып көр» тақырыбында интеллектуалдық ойын өтті. Мақсаты: оқушылардың алған білімдерін тереңдету, тапқырлыққа, ізденімпаздыққа жетелеу, ой-өрісін дамыту.

Кәсіптік бағыт-бағдар беру жұмыс жоспраны бойынша 7-сынып оқушыларымен «Болашақ саған байланысты» тақырыбында пікірталас өткізілді.

Пікірталас барысында болашақтағы жаңа мамандықтар олардың қоғамға тигізер пайдасы туралы оқушылар өз мәліметтерімен бөлісті. Болашақтағы жаңа мамандықтардың суретін плакаттарға салып, ақпараттармен бөлісті.

9-сынып ата-аналары қатысуымен «Мамандық таңдаудың маңызы» атты кездесу өтті. Кездесу барысында Зуум платформасы арқылы Қарағанды қаласындағы колледждермен кездесу ұйымдастырылды. 1.Қарағанды техникалық-құрылыс колледжі 2.Қарағанды «Болашақ» жоғары колледжі 3. Қазтұтынуодағы Қарағанды университеті Экономика, бизнес және құқық колледжі. Колледж өкілдері бағдарламаларымен таныстырып, колледж туралы ақпарат берді. Колледждерге оқуға түсуге шақырды.

«Шет агротехникалық колледжі» Коммуналдық мемлекеттік мекемесінің аға оқытушылары келіп, 9-10 сынып оқушыларымен кездесу ұйымдастырды. Кездесу барысында колледж мамандықтары мен біліктіліктері туралы туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

Қарағанды қаласындағы «Қарағанды Теміржол колледж» маманы Серіков Тоқтарқожа Айбатұлы келіп, 9-сынып оқушыларымен кездесу ұйымдастырды. Кездесу барысында колледж мамандықтары мен біліктіліктері туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізді.Колледжге оқуға түсуге шақырды.

### SWOT талдау

Әлді жақтары	Әлсіз жақтары
1. Оқушыларға жергілікті мекемелер арасында экскурсия ұйымдастырылуы; 2. ПММАЖ жүйесінде оқушылардың уақытылы тіркелуі; 3. Ата - аналармен байланыс;	1.Педагогикалық сынып кабинетінің болмауы; 2. Кейбір сынып жетекшілермен тығыз байланыстың орын алмауы; 3. Оқушылардың ҰБТ-дегі бейіндік пәндерін жиі ауыстыруы;
Қауіп – қатер	Мүмкіндіктер
1. Оқушылардың мамандық таңдау барысында тұрақсыздығы; 2. Оқушыларға оқу орындарын таныстыру, ұсыну барысында ата – аналардың түсініспеушілік танытуы;	1. Өзіндік білім жетілдіру; 2. Уақытты тиімді ұйымдастыру; 3. Циклограмма жасау; 4. Кәсіби бағдар беру жұмысын дамыту (кездесу кештері, конференция);

#### Анықталған мәселелер:

1. Оқушыларға оқу орындарын таныстыру, ұсыну барысында ата – аналардың түсініспеушілік танытуы, сынып жетекшілердің қолдау көрсетпеуі;
2. ҰБТ-ге тіркелу барысында сынып жетекшілер тарапынан қадағалауы, ескертпеуі;
3. Оқушылардың мамандық таңдау барысында тұрақсыздықтары ҰБТ-дегі бейіндік пәндердің жиі ауыстырылуы.

**Шешу жолдары:** сынып жетекшілермен тығыз байланыс орнату, кәсіби бағдар бойынша жыл басынан бастап жұмысты жүйелендіру, ҰБТ-дегі өзгерістері мен шектік балдары туралы сынып жетекшілер арқылы ата-аналарға уақытылы түрде құлақтандыру.

**VIII тарау. Ю.А.Гагарин атындағы меткеп-лицейінің тәрбие жұмысы** Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы «22» сәуірдегі № 227 бұйрықпен бекітілген білім беру жүйесінде тәрбие берудің кешенді бағдарламасына негізделген

**Мақсаты:** білім алушылардың рухани-адамгершілік дамуын қамтамасыз етуге бағытталған жалпыадамзаттық, ұлттық және отбасылық құндылықтарды дамыту; білім алушылардың өзін-өзі тануын, өздігінен дамуын, әлеуметтік жауапкершілігін және әлеуметтенуін қалыптастыру; экологиялық мәдениетін, салауатты және қауіпсіз өмір салтын тәрбиелеу.

Бұл бағдарламаны білім беру ұйымы білім алушылардың ата-аналарымен, әлеуметтенудің басқа нысандарымен – білім беру ұйымының әлеуметтік серіктестерімен тығыз байланыста және ынтымақтастыққа тәрби жұмысының негізгі **бағыттары** аясында жүзеге асырады:

1. Қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие.
2. Рухани-адамгершілік тәрбие
3. Ұлттық тәрбие
4. Отбасылық тәрбие.
5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие
6. Интеллектуалды тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу
7. Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие
8. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты

Мектепте сынып сағаты оқу кестесіне I сабақ болып енгізілген, барлық іс-шаралар жоспар бойынша өткізіліп мектептің сайтына, Инстаграм/ Фейсбук парақшаларына жүктеледі.

**1. Қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбие.**

1-қыркүйек Білім күніне арналған мерекелік салтанатты іс-шара өткізілді. Мақсаты: Оқушылардың білімге деген құштарлығын арттыру, мектеп өміріне баулу.

Қазақстан Республикасының рәміздері туралы түсініктерін қалыптастыру. Оқушыларды Отансүйгіштікке, адамгершілікке, Отанына, халқына адал қызмет етуге, елінің Туын, Елтаңбасын, Әнұранын қастерлеуге, халқының тегін, тарихын білуге тәрбиелеу мақсатында бастауыш сыныптарда «Қазақстан рәміздері- ұлтымыздың мақтанышы» атты сынып сағаттары өткізілді.

18 қазан күні Мемлекеттік рәміздерге 30 жыл және 25 қазан - Республика күні аясында рәміздерді қастерлеу, құрметтеу мақсатында I-II ауысымдарда жаппай Гимн орындалды.

Оқушыларды өз Отанын сүйюге, Қазақстанда тұратынын мақтаныш етуге, туған халқының тілін, мәдениетін, салт-дәстүрін қастерлейтін саналы да парасаты азаматтар тәрбиелеу, Елінің Туын, Елтаңбасын, Әнұранын қастерлеуге өз елін, тегін, тарихын білуге баулу мақсатында 5-7 сыныптарда тәрбие сағаттары өтті.

25 қазан -Республика күніне орай оқушының ой-өрісін дамыту, іздендіру, мәдениеттілікке тәрбиелеу мақсатында 9-11 сынып оқушыларымен пікірсайыс турнирі ұйымдастырылды. Тақырыбы:«Жаңа Қазақстан – Екінші Республика»: Жастар жарқын өмірді қалайды Мақсаты: Жастар арасында патриоттық сезімді арттыруға бағытталған турнир елімізде болып жатқан саяси әрі Конституцияға енгізілетін өзгерістер тұрғысында ашық пікірлесу форматында өтті. Қарсы тараптың уәждеріне дәлелді ұсыныстарын білдірген келесі тарап дебаттық ойындар аясында ел келешегі жолында атқарылатын игі істердің барысына шолу жасады. Пікірлерін ашық айтып, Жаңа Қазақстанды құруға жастардың да әзір екенін білдірді.

Республика күніне орай Шабал Бейсекқызы атындағы мәдени-сауық орталығының ұйымдастыруымен "Менің туған жерім" атты балалар хор ұжымы арасында өткен байқау қорытындысы бойынша мектебіміздің "Бақытты балалық шақ" хор ұжымы I - орынға ие болды.

"Ғимарат-М" ЖШС-нің басшысы Сыздықов Данияр Берикович саптық алаңының салуына демеушілік көрсетті. Осы игі істің арқасында Республика күні қарсаңында және "Балалар жылы" аясында саптық алаңның салтанатты ашылуына орай, мектепшілік "Саптық ән, саптық жүріс" байқауы өтті. Мақсаты: Отан сүйгіштікке тәрбиелеу, Қазақстан патриотизмін ояту және барлық ер азаматтарды Отан алдындағы парызын өтеуге дәріптеу. Нәтижесінде 9 "А" сыныбының оқушысы Ауесбаев Нұрсұлтан "Үздік командир" номинациясына, 9 "А" сыныбының командасы I орынға, 9 "Б" сыныбы II орынға ие болды.

Республика күніне орай оқушыларға ұлттық ойынның тарихын таныстыра отырып, негізгі ережелерін үйрету және қызығушылықтарын арттыру мақсатында тоғызқұмалақтан жарыс өтті. Жарыс нәтижесінде оқушылар марапатталды.

18 қазан күні кітапханашылар "Оқуға күштар жобасы аясында "Қазақстан - менің туған елкем", "Мой родной Край -Казахстан " атты кітап көрмесімен оқырмандарды таныстырды. Мақсаты: Оқушыларды Қазақстан Республикасы бай-қуатты ел екенің мақтанетуге, туған еліне, жерінде деген сүйіспеншілігін арттыру.

15 желтоқсан күні Өз Отанына, туған жеріне деген сүйіспеншілігін арттыра отырып, елжандылыққа, ұлтын сүйуге, еліміздің рәміздерін қастерлеуге тәрбиелеу мақсатында Тәуелсіздік күніне орай салтанатты тізілім өтті. Тізілімде 4-ші сынып оқушылары такпак, хормен "Мен қазақтың" әнін орындады. Тізілім соңында әртүрлі сайыс-байқауларда қатысып нәтижеге жеткен оқушыларды, Дубай қаласында өткен Азия чемпионатында III орынға ие болған Зейнедилов Азатты марапаттау рәсімі өтті.

Оқушыларды отан сүйгіштікке баулу, өз еліне, жеріне деген патриоттық сезімдерін ояту. Тәуелсіздікке арналған өлеңдерді жатқата айтуға үйрету мақсатында 5-8 сыныптар арасында Тәуелсіздік күніне орай "Тәуелсіздікке тарту" тақырыбында мәнерлеп оқу сайысы, "Тәуелсіздік - елімің ерлік жолы!" көрмесі ұйымдастырылды.

14 желтоқсан күні Өз Отанына, туған жеріне деген сүйіспеншілігін арттыра отырып, елжандылыққа, ұлтын сүйуге, еліміздің рәміздерін қастерлеуге тәрбиелеу мақсатында 2-11 сыныптарда "Тәуелсіздік", "Менің Қазақстаным", "Тәуелсіз елім-тұғырың сенің биікте!", "Тәуелсіздік – халықтың басты құндылығы", "Тәуелсіздік-тұғырым" атты диктанттар өткізілді. Қатысқан оқушылар саны 793.

ҚР тәуелсіздік күніне орай Ю.А.Гагарин атындағы мектеп-лицейі "Ақиқат" дебат клубы ұйымдастыруымен "Тәуелсіздіктің тамыры тереңде" атты пікірсайыс турнирі өтті. Дебат үш кезең бойынша Американдық парламенттік форматта өткізілді. Пікірсайысқа 3 команда қатысып, финалға 2 команда жолдама алды.

Турнирдің қорытындысы бойынша:

1 орын- "Желтоқсан" фракциясы \_\_\_\_\_

2 орын - "Алаш" фракциясы

3 орын - "Тәуелсіздік" фракциясы

Мақсаты: Белгілі бір фактілерді зерттеуге, болжауға, жүйелеп сөйлеуге, өз көзқарасын ашық та жүйелі етіп дәлелдеуге және өз бағытын дұрыс ұсынуға жетелеу; - Қарсы пікірдегі адамдардың қойылған мәселелерін жан-жақты қарап, ойланым-толғануға көмектесу;

-Тіл үйренушінің сөйлеу дағдысын қалыптастыру;

-Өз көзқарасын айтуға машықтандыру;

-Оқушының қоғамға деген көзқарасы мен қызығушылығын қалыптастыру;

-«Жастары белсенді елдің ертеңі жарқын» тақырыбында ой қозғату;

- Еліміздегі жастар мәселесіне назар аударту.

14 қыркүйек Ю.А.Гагарин атындағы мектеп-лицейінде қызметкерлеріне, оқушыларына техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар (соның ішінде өрт), бөгде заттың болуы және терроризм актісі қаупі туындаған кездегі іс-қимыл алгоритмі және олардың алдын алуға

және жоюға бағытталған эвакуациялық оқу жаттығулары «Дабыл» бойынша ұйымдастырылып өткізілді.

Қыркүйек айында жалпы ата-аналар жиналысы өтті. Күн тәртібінде оқу - тәрбие жұмысын ұйымдастыру, ҚР оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 25 тамызындағы №377 бұйрығы психологиялық қызметтің жұмысы таныстырылды. Мектеп психологтары ата-аналармен тренинг жүргізді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағыттағы тақырыпта «Адалдық сағаттарын» өткізіліп, білім алушыларға Қарағанды облыстық "Әнет баба" мешітінің нәзіб имамы Нұржігіт Оразалыұлымен түсірілген бейнероликті көрсетілді.

18 қараша "Қатыгездік пен зорлық-зомбылықсыз балалық шақ" ақпараттық науқаны аясында рейдтік іс-шара өткізілді. Рейд барысында кешкілік уақытта көшеде жүрген кәмелетке толмағандар анықталмады.

"Қатыгездік пен зорлық-зомбылықсыз балалық шақ" акциясы аясында бастауыш сыныптар арасында әңгіме жүргізілді. Мақсаты: Оқушыларға зорлық-зомбылық туралы мағлұмат беру, адамның жаны мен тәніне үлкен зардап әкелетін соққы екенін түсіндіру және зорлыққа қарсы біздің елімізде заң бар екенін айту. Оқушыларға өз жүрген орталарында мейірімді болуға, бұзақылық істерге бармауға, адами бойларындағы қасиеттерін сақтауға, әдепті де, тәртіпті тұлға болып өсуіне тәрбиелеу.

20 қараша Дүниежүзілік балалар күні" аясында 4-7 сыныптар арасында балалардың құқықтық түсініктерін қалыптастыру, танымдық қабілеттерін дамыту, тәртіп ережелерін сақтауға үйрету мақсатында сурет байқауы өтті.

Ю.А.Гагарин атындағы мектеп-лицейінде 8 сынып оқушыларына "Ақсауыт" клубының жоғарғы сынып оқушылары "Алау", "Айбын" әскери-патриоттық ойындарына қызығушылығын ояту мақсатында үгіт-насихат жұмыстарын жүргізді. Кездесу барысында уақытқа автоматты шашып-жинауды және өткен сайыстардың бейнероликтерін көрсетті.

<https://www.instagram.com/p/Cn4hnySsYso/?igshid=MTc4MmMlYmI2Ng==>

## **2. Рухани-адамгершілік тәрбие**

5 қыркүйек 5-7, 8-11 сыныптар аралығында «Тіл – кемел болашақ тұғыры» атты саптық жиыны өтті. Жиында ҚР-ның Гимны орындалғаннан кейін 5 қыркүйек - Қазақстан халқы тілдері күніне және А.Байтұрсынұлының 150 жылдығына арналған декадасының жоспары, ақынның қысқаша өмірбаянымен таныстырылып, оқушылар өлеңдерін жатқа оқыды.

6 қыркүйек 9 «а» сыныбында «Ахмет Байтұрсынұлы және тіл мәдениеті» атты дөңгелек үстел өткізілді. Оқушылар ғалымның тіл туралы тағылымды еңбектерін талдап, ой бөлісті.

7 қыркүйек 8-9 сыныптар аралығында қазақтың ақыны, әдебиет зерттеуші ғалым, түркітанушы, публицист, педагог, аудармашы, қоғам қайраткері А.Байтұрсынұлының 150 жылдығына орай жәрмеңке ұйымдастырылды. Мақсаты: А.Байтұрсынұлының шығармашылығын дәріптеу; ақын өмірін оқушыларға үлгі ете отырып, өз елін сүйе, оның көркеюіне үлес қосуға тәрбиелеу. Жалпықазақстандық "Ахмет Байтұрсынұлы - дәуірдің дара тұлғасы" атты ашық диктант жазылды. Мақсаты: этносаралық қатынас тілі ретінде мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту арқылы қазақстандық бірегейлікті қалыптастыру, қоғамдық келісім мен ел бірлігін нығайту.

8 қыркүйек мектепте 5-8 сыныптар аралығында ұлттық спорт түрлерінен жарыстар өтті.

9 қыркүйек Ахмет Байтұрсынұлы өмірінен мағлұмат беру және мысалдарын сахналау арқылы жаман қасиеттерден аулақ болуға шақыру мақсатында «Ахмет Байтұрсынұлы мұрасы» тақырыбында әдеби сағаты өтті.

12 қыркүйек Ахмет Байтұрсынұлының мысалдарына сурет салу арқылы мән мағынасын түсіну мақсатында суреттер байқауы өтті.

13 қыркүйек өзге ұлт өкілдерінің мемлекеттік тілге деген құрметін арттыру мақсатында өзге ұлт өкілдері арасында «Тілге құрмет – елге құрмет!» атты челлендж ұйымдастырылды.

30 қыркүйек Ұстаздар күніне орай "Ұстазым, мың алғыс!" плакаттар шеруі (6-7 сыныптар). "Ұстазыңды құттықта" байқауына Шәмел Диана 8"Г", Ақпарқызы Кәусар 3 "Ө" сынып оқушылары, Мұғалімдерді кәсіби мерекесімен құттықтады.

Оқушылардың бойына халқымыздың қадір-қасиетін сіңіру, үлкенді сыйлай білуге, өз ата-бабасын ұмытпай есте сақтауға және аталы сөзден ғибрат алуға тәрбиелеу мақсатында «Қарты бар ел – қазыналы ел» тәрбие сағаттары өтіп, бейнероликтер жасалды.

Қаңтар айында оқушыларымыз Ақадыр кентінің тұрғыны Немағатуллина Лариса Закиевна апамыздың ауласындағы қарғын тазалап берді. Өзгеге қол ұшын созу – адам бойындағы парасаттылық пен патриоттылық сияқты адамдық қасиеттерді арттыра түседі. Сондықтан әрдайым қол ұшын соза алатын, жақсылыққа жаны құмар оқушыларымыз көп болсын. 8 "Б" сынып оқушылары апамызға ерікті түрде көмек-қолдау көрсетіп, Лариса апамыздың алғысын алды.

[https://www.instagram.com/p/CnPOp4YsNvx/?utm\\_source=ig\\_web\\_copy\\_link&igshid=MzRiODBiNWFlZA==](https://www.instagram.com/p/CnPOp4YsNvx/?utm_source=ig_web_copy_link&igshid=MzRiODBiNWFlZA==)

Алғыс айту күніне орай ұйымдастырылып отырған Республикалық "Алтын жүрек" челленджіне мектеп парламенті арнайы видеоролик ұсынады. Мақсаты: Оқушылардың бойына "сыйластық" құндылығын арттыру. Әдептілікке, кішіпейілділікке, ізеттілікке тәрбиелеу. [https://www.instagram.com/reel/CosKVE\\_rSLT/?igshid=MTc4MmM1Yml2Ng==](https://www.instagram.com/reel/CosKVE_rSLT/?igshid=MTc4MmM1Yml2Ng==)

1 маусым Балаларды қорғау күніне орай "Балалар игілігі үшін" атты волонтерлік акциясында ППҚ мамандары мен пән мұғалімдері ЕББҚ бар оқушыларға арнайы жасалған сыйлықтарын

табыстады. <https://www.instagram.com/p/Cs2rT7mNqBS/?igshid=MTc4MmM1Yml2Ng==>

### **3. Ұлттық тәрбие**

Республика күніне арналған «Менің Республикам» атты суреттер (5-6 сыныптар) мен қабырға газеттер (9-11 сыныптар) көрмесі өтті. Көрменің негізгі мақсаты-өз елі үшін мақтаныш сезімін қалыптастыру, ұлттық бірлікке тәрбиелеу, өнерге баулу, балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал ету.

Республика күніне орай шәкірттерді елін, жерін, сүйеге, өз елінің патриоты болуға, салт-дәстүрін сүйеге тәрбиелеу мақсатында 1-11 сыныптарда «Әкелер жері - сенің жерің» тақырыбында тәрбие сағаттары өткізілді.

10 "А" сыныбында "Ауғанстан - жазылмас жара" тақырыбында тәрбие сағаты өтті. Мақсаты: Ауған соғысының себебі мен салдарын баяндай отырып, жерлес ардагерлер өмір баянымен таныстыру. Елін сүйер ұлтжанды азамат болуға, еркіндікті бағалай білуге, құрметтеуге тәрбиелеу.

7 "Б" сыныбында Ауған соғысының ардагерлері Қордабаев Сатай Тезекбаевич пен Акимов Нұрлан Каженовичпен "Ауғанстан - жазылмас жара" тақырыбында дөңгелек стол өтті.

Мақсаты: Ауған соғысының себебі мен салдарын баяндай отырып, жерлес ардагерлер өмір баянымен таныстыру. Ауған соғысында опат болған жауынгерлердің рухына тағзым етуге, есімдерін қастерлеуге тәрбиелеу, оқушыларға патриоттық тәрбие беру.

<https://www.instagram.com/reel/Com4EFitLrH/?igshid=MTc4MmM1Yml2Ng==>

<https://www.instagram.com/p/ComeD1LrxpE/?igshid=MTc4MmM1Yml2Ng==>

<https://www.instagram.com/p/ComDfiNsR0/?igshid=MTc4MmM1Yml2Ng==>

Мектепте Наурыз мейрамына арналған Абай, Ыбырай, Жамбыл, Сәкен, Ахмет ауылдары болып мерекелік іс-шара ұйымдастырылды. Іс-шара барысында әр ауыл салт-дәстүрден көрініс, ұлттық ойындар, ән-би ұйымдастырды.



Ю. А. Гагарин атындағы мектеп-лицейінде саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу мақсатында 5-11 сыныптарында тәрбие сағаттары өтті.

Мақсаты: қазақ халқының тарихындағы қасіретті кезеңде солақай саясаттың құрбаны болған қазақ халқының зиялылары туралы мағлұмат беру, олардың есімдерін құрметтеуге, ұмытпауға тәрбиелеу, сондай-ақ сол уақытқа тәуелсіз ел ұрпағының көзімен баға беру

<https://www.instagram.com/p/Cs54qACL0A/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==>

31 мамыр Ашаршылық және саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күніне орай ұйымдастырылған кітап көрмесі өтті.

Мақсаты: қазақ халқының тарихындағы қасіретті кезеңде солақай саясаттың құрбаны болған қазақ халқының зиялылары туралы мағлұмат беру, олардың есімдерін құрметтеуге, ұмытпауға тәрбиелеу.

<https://www.instagram.com/p/Cs3dBIZMqK/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==>

31 мамыр - Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күніне орай Ю.А.Гагарин атындағы мектеп-лицейінің 8 "А", 10"А" сыныбының оқушылары тарих пәнінің мұғалімдері Кельдиярова Р.А, Тасырбаева Д.Д. бірге Долинка жеріндегі ҚАРЛАГ мұражайына экскурсияға барып қайтты. Мақсаты: ұлт жанашырларының қиын тағдырларымен танысу арқылы келешек жас ұрпақты отан сүйгіштікке, ауызбіршілікке, адамгершілікке баулу. Оқушылар "Карлаг" лагерінің құрылуы, ондағы тұтқындардың өмірі мен лагерде қандай жағдайда өмір сүргендігі жайында ақпараттармен танысып, жертөледегі азаптау камералары мен экспонаттарымен көзбен көріп ерекше әсерлерімен бөлісті.

<https://www.instagram.com/p/Cs3dASMH5w/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==>

#### **4.Отбасылық тәрбие.**

Отбасы мүшелерінің арасындағы бауырмалдық, қайырымдылық қатынастарын нығайту, ата – анасын сыйлай білетін азамат тәрбиелеу, отбасы құндылықтарын арттыру мақсатында 7-8 кыркүйек аралығында мектепте әртүрлі іс-шаралар өтті.

1-3 сыныптар аралығында «Салауатты отбасы» көңілді старттар өткізілді. Жалпы 294 оқушы мен ата-аналар қатысты. Жеңіске жеткен отбасылар марапатталды.

6 сыныптар аралығында оқушыларға отбасының адам өміріндегі маңыздылығын түсіндіру, ата-аналарға, үлкендерге құрмет көрсету мақсатында «Отбасы құндылықтары» атты сынып сағаттары өтті. Қамтылған оқушылар саны: 91

7 сыныптар аралығында «Отбасы – бақыт мекені» атты фотоколлаж ұйымдастырылды. Қамтылған оқушылар саны: 75.

Ата-анаға бала тәрбиесіндегі қарым-қатынастың психологиялық ерекшеліктері (сенімділік білдіруі, қолдауы, үміт артуы) туралы түсініктер беру арқылы ата-аналардың педагогикалық сауаттылығын арттыру мақсатында «Отбасы құндылығы – сарқылмас қазына» атты 8 сыныптың ата-аналарымен кездесу ұйымдастырылды. Қамтылған ата-аналар саны: 34.

17 қараша күні отбасылық кітап оқу дәстүрін қайта жаңғырту, оқырмандардың жан дүниесіне рухани ізгілікті қалыптастырып, кітап оқыту арқылы оқырман отбасын анықтау мақсатында Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығына орай «Бір отбасы – бір кітап» акциясы аясында «Оқырман отбасы» облыстық байқауының, аудандық кезеңі өтті. Ю.А.Гагарин атындағы мектеп-лицейінен 8 «Г» сынып оқушысы Жанат Айнұр «Букеновтар отбасы» және 9 «Д» сынып оқушысы Хасанова Элина «Хасановтар отбасы» қатысты.

- Буктрейлер - бұл оқылған көркем шығарма жайында айтылатын шағын бейнетүсірілім.

Мақсаты: көзбен көру арқылы кітаптарды таныстыру, насихаттау;

- «Кейіпкерлерді тап» әдеби сайысы – әр оқырман отбасы берілген шығарма үзіндісінен кейіпкерді табады. Мақсаты: қатысушылардың шығарманы мұқият оқығанын анықтау;

- «Әдеби жекпе – жек» блиц- сұрақтар (1 минут ішінде шығарма мазмұнына байланысты сұрақтарға жауап беру). Мақсаты: көркем шығарма мазмұны бойынша қатысушылардан жедел жауап алу;

- Букросинг. «Өзің оқысаң, өзгеге табыс ет!», «Кітап алмастыру» акциясы.

- Ахмет Байтұрсынұлының өмірі мен шығармаларынан сахыналанған қойылым ( 5 минут). (финалға шыққан отбасылыр арасында)

Мақсаты: Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының шығармаларын насихаттау; Алдын ала оқуға ұсынылған кітаптарды отбасылар толық оқып шықты. Аудандық кезеңде Букеновтар отбасы «Үздік буктрейлер» номинациясымен марапатталды (жетекшісі Ж.О.Шопанова). Хасановтар отбасы аудандық кезеңнен, облыстық кезеңге жолдама алды (жетекшісі И.В.Солдатенкова).

25 қараша облыстық іріктеу кезеңінен финалға «Хасановтар отбасы» ең үздік және барлық номинациядан жоғары ұпаймен финалға өтті. Облыстық байқауда «Еңбекқор отбасы» номинациясында дипломмен марапатталып, «Көкжиек» баспасы әдеби кітаптар сыйлады. Ю.А.Гагарин мектеп-лицейінде 1-4 сынып оқушылары ата - аналарымен оқу сауаттылығы апталығы аясында "Менің отбасым және кітап" тақырыбында фотогалерея ұйымдастырылды. Мақсаты: отбасының бос уақытты бірге және пайдалы өткізудің артықшылығын көрсету және насихаттау; Фотогалереядан оқушылар да, олардың ата-аналары да жақсы әсер алды. <https://www.instagram.com/p/CnooaOGsNh2/?igshid=MTc4MmM1Yml2Ng==>

## 5.Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие

1-11 сыныптарда «Білімге ұмтылу еңбексүйгіштік және отаншылдық» тақырыбында 1-ші қыркүйек күні сынып сағаттары өткізілді. Мақсаты: оқушыларға еңбектің адам үшін маңыздылығын жан-жақты аша отырып, шығармашылық тұрғыдан еңбек ету қабілетірін дамыту.

26 қыркүйек еңбек күніне орай ардагерлер жолын оқушыларға үлгі ету. Үлкендердің әңгімесінің мәнін ұғына білуді, үлкендерді сыйлауды, құрметтеуді, атаның батасын алу. Ерен еңбегін келешек ұрпаққа таныстыру мақсатында балалар жылы аясында 4"а", 4"ә" сынып оқушылары мен мектеп кітапханашылары", біздің мектебіміздің ардагер ұстазы Мақаев Глеукен Қажкеновичпен "Ер дәулеті-еңбек " атты сыр сұхбат өткізілді.

Еңбек күніне орай 3 сыныптар арасында «Толағай» спорттық жарысы Мақсаты: оқушыларды Еңбекке, Шапшандыққа, ұқыптылыққа, спортқа деген сүйіспеншілік қасиеттерін арттыру

1 - ші орын 3"В"сынып

2 - ші орын 3"Ә"сынып

3 - ші орын 3"Б" сынып

Оқушыларды табиғатты қорғауға, еңбекке баулуға тәрбиелеу мақсатында "Жас ұлан" балалар мен жасөспірімдер ұйымының ұйымдастыруымен "Еңбек күніне" орай "Менің таза аулам" тақырыбында 6"А" сынып оқушыларының түсірген бейнероликтарынан көріністер әлеуметтік желіге жүктелді.

Тұлғаның көшбасшылық қасиеттерін ашу, кәсіптік бағдар беру мақсатында мұғалімдер күні аясында "Дублер күні" ұйымдастырылып, 9-11 сынып оқушылары сабақтар өткізді.

«Жерді қорғау» күніне орай сынып сағаттары, суреттер көрмесі өтті.

Наурыз мерекесіне орай көрме ұйымдастырылды. Мақсаты: оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту және өз колдарынан жасаған бұйымдармен таныстыру.

<https://www.instagram.com/p/CqAAPKLMtnY/?igshid=MTc4MmM1Yml2Ng==>

Ұлттық тағамдар фестивалі өтті. Мақсаты: Наурыз мерекесін дәріптеу; еңбекке баулу, қаржылық сауаттылыққа бейімдеу.

<https://www.instagram.com/p/CqKQ6ogor6o/?igshid=MTc4MmM1Yml2Ng==>

8 Наурыз – Халықаралық әйелдер күні қарсаңында "Анама сыйлық" мерекелік көрме ұйымдастырды. Мақсаты: оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға және өз қолдарынан жасаған бұйымдарды көпшілікке көрсете отырып, аналарға ілтипатын білдіру. <https://www.instagram.com/p/CpjJpEiIKdq/?igshid=MTC4MmM1YmI2Ng==>  
Мамыр айында мектебіміз "Жасыл мекен" республикалық көшет отырғызу челленджіне қатысты. <https://www.instagram.com/p/CsLlewBM08j/?igshid=MTC4MmM1YmI2Ng==>

#### **6.Интеллектуалды тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу**

Ю.А.Гагарин атындағы мектеп -лицейінің 4 сынып оқушыларымен "Менің сүйікті кітабым" атты сынып сағаттары өтті. Мақсаты: Оқушыларды кітап оқуға деген құштарлықтарын арттыру, кітаптың құндылығын бағалау, кітап оқуға тарту.  
Қаңтар айында 6-7 сыныптар арасында "ЖАЙДАРМАН" сайыс өткізілді. Сайыс мақсаты: Оқушыларды өз беттерімен жұмыс жасауға, ізденуге, топпен жұмыс жасауға, бос уақытын тиімді пайдалануға үйрету. Оқушылардың бастамаларына қолдау көрсетіп, бос уақытын тиімді пайдалануды ұйымдастыру арқылы «Жайдарман» ойындарын балалар мен жасөспірімдер шығармашылығының бірсаласы ретінде насихаттау және әр сынып командалары арасында шығармашылық, достық қарым-қатынасты күшейту.

[https://www.instagram.com/p/CnBno\\_zsvWf/?utm\\_source=ig\\_web\\_copy\\_link&igshid=MzRlODBiNWFlZA==](https://www.instagram.com/p/CnBno_zsvWf/?utm_source=ig_web_copy_link&igshid=MzRlODBiNWFlZA==)

Цель игры : развитие интеллектуальных способностей, творческой инициативности, активности; воспитание дружеских отношений в игре. Провела мероприятие учитель русского языка и литературы Керимбаева Гульнур Курамысовна. Учащимися 11 классов была проведена литературная дуэль по произведению Т.Крюковой "Ведьма". Цель мероприятия: пробудить интерес к литературе, способствовать развитию ценностных ориентаций школьников.

В "День Интеллектуалов" проведен диктант в рамках недели читательской грамотности во 2 "А" классе. Цель: побуждение самостоятельной работы ученика, развитие внимания и памяти ученика, воспитание ценностей подрастающего поколения. Ответственный: Копбаева Г.С.

Также учениками 5-7 классов были написаны эссе на тему "Книга - наш друг и помощник", в 8-9 классах на тему "Ценность моей семьи" и в 10-11 классах "Связь времен и поколений". Цели: побуждение самостоятельной мыслительной работы ученика, развитие умения анализировать и классифицировать, делать самостоятельные выводы. Ответственные: Абдикаримова Б.К., Толеуова М.Т.

"День юбиларов" начался с флешбука «Вся жизнь творчество». Цель мероприятия- развитие познавательного интереса , индивидуальных, творческих способностей учащихся.

Задачи:

- формирование интереса к урокам литературы и языка;
- повышение уровня орфографической грамотности учащихся;
- активизация познавательной деятельности учащихся;
- развитие коммуникативных навыков учащихся;
- развитие у учащихся потребности в чтении как в источнике дальнейшего личностного совершенствования;
- консолидация усилий учителей, родителей, библиотекаря в деле развития читательской грамотности и развития семейного чтения.

5 апреля 2023 года, были созданы лэпбуки творчества детских писателей-юбиларов: 1 «Г»- классный руководитель О.О. Мельник, 2 «Г»- классный руководитель Т.И. Хасанова, 4 «Д»- классный руководитель А. А. Муханова, 4 «Е»- классный руководитель В. И. Сайко.

Был проведен литературный календарь среди 5-7 классов на тему «Вдыхая жизнь в слова и строчки...». Цель мероприятия: развитие познавательного интереса , индивидуальных, творческих способностей учащихся.

Задачи:

- формирование интереса к урокам литературы и языка;
- активизация познавательной деятельности учащихся;
- развитие коммуникативных навыков учащихся;
- развитие у учащихся потребности в чтении как в источнике дальнейшего личностного

совершенствования;

- консолидация усилий учителей, родителей, библиотекарей в деле развития читательской грамотности и развития семейного чтения.

Данный обзор знакомит учащихся с современными детскими писателями Казахстана, внёсших свой вклад в развитие детской и подростковой литературы.  
Учитель начальных классов: Махабаева А. Б.

#### 4. Анализ работы кафедры иностранного языка

На начало учебного года количественный состав – это 15 преподавателей английского языка. С начала учебного года все преподаватели кафедры активно включились в учебно-воспитательный процесс, применяя элементы новых современных технологий – модульного, проектного и развивающего обучения.

Категории учителей	Показатель %
Учитель-исследователь	6%
Учитель-эксперт	20%
Учитель- модератор	27%
Без категории	47%

В 2022-2023 учебном году преподавание в начальном звене ведется по учебникам издательства «Express Publishing», в среднем звене 5-8 классы издательство «Macmillan», в 9-11<sup>х</sup> классах издательства «Cambridge». В 10-11-х классах обучение проводится по 2-м направлениям: в общественно-гуманитарном большая роль отводится языковым знаниям, в естественно-математическом ориентир на содержание программ предметов естественно-математического цикла, определение точек соприкосновения этих предметов с иностранным языком. Согласно составленному кафедральному плану на 2022-2023 учебный год, **тема кафедры** - это совершенствование коммуникативных навыков учащихся. **Цель** – это создание условий для формирования межкультурной коммуникативной компетенции учащихся.

Задачи:

развитие межкультурной коммуникативной компетенции учащихся;

развитие творческих и интеллектуальных способностей учащихся;

совершенствование речевой практики учащихся;

повысить профессиональный уровень учителей через организацию тренингов и семинаров совершенствовать план самообразования учителя для улучшения учебно – воспитательного процесса

Работа учителей кафедры иностранных языков была направлена на развитие у учащихся культуры общения в процессе формирования всех компонентов иноязычной коммуникативной компетенции, активизацию широкого диапазона заданий , развивающих критическое мышление, использование аутентичных материалов для обучения основным видам речевого общения, наличие которых учитывает потребность в обучении английскому языку как средства общения, образования и самообразования. Работа с учащимися по подготовке к промежуточному контролю и ЕНТ, где задействованы были все преподаватели кафедры, которые проводили активную работу:

✓ по подготовке тестового материала;

✓ по организации дополнительных занятий с учащимися;

✓ консультации;

✓ мониторинг обученности.

✓ Проблема над которой работала кафедра – это повышение качества знаний учащихся.

Согласно утвержденному плану работы все запланированные мероприятия кафедры были проведеныЖ в следующем порядке:

Современные технологии позволяют улучшить качество знаний учащихся, а также вызывают интерес к творческой деятельности по предмету. Стоит отметить, качество знаний в классах с естественно-математическим направлением выше качества знаний классов с общественно-гуманитарным направлением. Это связано, прежде всего, с тем, что в классах ЕМН английский язык преподается с первого класса, во вторых, контингент учащихся намного сильнее, чем в классах с ОГН. Что касается классов ОГН, то здесь показатель выше среднего, это связано с тем, что недельная нагрузка учащихся составляет 4 часа в неделю.

В I-полугодии 2022-2023 учебного года учителя кафедры приняли активное участие во всех запланированных мероприятиях: «Friendly shanyrak of Kazakhstan» день языков, учащиеся проявляли свои творческие способности. Показали свои знания по предмету, заняв призовые места в областной олимпиаде «Clever» 3-место 5г класс Сергеева С. – учитель Г.А.Бектурова. Лингвистическая олимпиада районного уровня 6 призовых мест: 3 место - 11а класс Нурлан С., учитель М.М.Исмакова, 3 место ученики 9а класса: Мусахметова А., Куан Ә., Мынбаева Н. и 9д класс Перевалова Я., 1 место Ким В., в областном этапе 3 место Ким В. – учитель Л.В.Шевчук, все эти достижения способствуют повышению мотивации к изучаемому языку. Учителя кафедры продолжили подготовку призеров школьной олимпиады для участия в районном этапе для получения призовых мест во II-м полугодии и в результате в районном масштабе III-место Онгарбаева Жаненрке 10а класс – учитель Г.А.Бектурова. На НПК в школьном этапе приняло участие 5 учеников из которых 2 ученицы заняли III-место в районе это – Кенес Айғаным 8а класс учитель А.Б.Осербаева и Айдос Аяжан 10а класс – учитель Л.В.Шевчук. Участники районной НПК по общеобразовательным предметам – 28 апреля 2023 года Кенес Айғаным 8а класс учитель А.Б.Осербаева и Айдос Аяжан 10а класс – учитель Л.В.Шевчук, занявшие призовое III-место в районном масштабе секция «Лингвистики», представили свои научные проекты по направлениям психологии и химии. Учителя – предметники и в дальнейшем планируют продолжить совместную плодотворную исследовательскую работу с учащимися в выбранном направлении.

Во 2-м полугодии учитель А.Р.Жалғабекова приняла участие в районном конкурсе «Радуга идей», с презентацией видео-урока, за участие учитель получила Сертификат, в региональной конкурсе научно-исследовательских работ ЦК МАН РК ученица 9а класса Калижан А. получила Диплом III- степени «Сары Арқа Дарыны» - учитель Л.В.Шевчук. В районном конкурсе «Учитель Года 2023» учитель кафедры А.Б. Осербаева получила Гран При. Это значительное достижение как самого учителя так и нашей кафедры.

- В планах кафедры продолжить совершенствовать свое профессиональное мастерство, повышая качество знаний учащихся по предмету, применяя разнообразные инновационные формы и методы обучения.
- Продолжить эффективную работу с учащимися с высокой мотивацией к предмету, для участия в разномасштабных конкурсах, конференциях и олимпиадах.
- Продолжить начатую исследовательскую работу с учащимися, имеющими высокий творческий потенциал.
- Повышать свое педагогическое мастерство, участвуя в профессиональных конкурсах и олимпиадах, вебинарах.
- Разработка авторских программ и курсов по предмету и развитие программы полиязычия.

**SWOT анализ**

<b>Сильные стороны</b>	<b>Слабые стороны</b>
1 Большое количество учителей с высшим образованием и полной педагогической нагрузкой дефицита кадров нет.	1 Учащиеся не в полной мере владеют устной разговорной речью.
2 Учебные программы и учебники соответствуют ГОСО 2012.	2 Значительная часть учителей молодые специалисты без категории, которых нужно обучать и совершенствовать методику преподавания.
3 Высокая мотивация учащихся изучению предмета в 5-8 классах	3 Достижение учащихся и учителей в районном, областном и республиканском масштабах не достаточно
<b>Возможности</b>	<b>Риски</b>
1. Два учителя прошли курсы 3-х уровневые курсы по Кембриджской системе, 8 учителей курсы по обновленному стандарту обучения, что позволит улучшить и обновить методику и содержание преподавание.	1. Отсутствие здоровой конкуренции между учителями, стремление участвовать в конкурсах
2. Учителя участвовать в дистанционных предметных олимпиадах, конкурсах эссе, сочинении.	2. Недостаточное информирование учащихся о возможностях, которые дает знание английского языка при выборе будущей профессии.
3. Каждый год выпускники выбирают 5-й предмет английский язык, что свидетельствует о востребованности специальности	

**5. Қоғамдық-гуманитарлық пәндер кафедрасының атқарған жұмыстары**

Қоғамдық-гуманитарлық пәндер кафедрасында 7 тарих пәні мұғалімі 2 әлеуметтік педагог, 2 психолог, 1 проф ориентатор, 7 инклюзивті білім беру мамандары жұмыс атқарады. Барлығы – 19 мұғалім. Барлық мұғалім жоғары білімді – 100%.

Педагог зерттеуші -2

Педагог сарапшы -2

Педагог модератор – 8

Бірінші санатты – 2

Жоғары санатты-2 мұғалім.

Кафедра құрамы және жұмыс жоспары оқу жылының басында бекітілген.

«Қоғамдық пәндер сабақтарында жана педагогикалық технологияларды пайдаланып, оқушылардың ойлау қабілеттерін дамыту арқылы шығармашылыққа баулу» тақырыбында жұмыс атқарады. 100% кафедра мүшелері біліктілік арттыру курстарынан өткен.

**Мақсаты:**Қоғамдық пәндер сабақтарында педагогикалық технологияларды пайдаланып, ойлау қабілетін дамыту арқылы шығармашылыққа баулудың тиімді жолдарын анықтау.

**Міндеттері:**

1. Педагогикалық технологияларды қоғамдық пәндер сабақтарына енгізу.

2.Мониторингтік жұмыстар жүргізу.

**Атқарылған іс шараларға тоқталсам:**

**5.12-9.12.2022 жыл** аралығында тарихи сауаттылық апталығы **«Жаңа Қазақстан: Жаңару мен жаңғыру жолы»** тақырыбында өткізілді. Бір апталық мерекеледе көптеген іс шаралар өз деңгейінде, уақытылы өткізілді. Балалардың қызығушылығы жоғары болды. Апталық соңында белсенді қатысқан сыныптарды, жекелеген оқушыларды марапатталды.

5-11 сыныптар арасында **алғашқы күні** «Алаштың арыстары» атты сынып сағаты, 3-4 сыныптар арасында «Тәуелсіздік жетістіктері» тақырыбында сынып сағаттары жүргізілді. Педагог зерттеуші маман Игембаев РК 10-11 сыныптармен «Алаш үкіметіне - 105жыл» тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырды.

Апталықтың **екінші күнінде** «Тарихи тұлғалардың тәуелсіздікті қалыптастырудағы ролі» тақырыбында педагог модератор маман Төлеген Г 8-11 сыныптар арасында дебат ұйымдастырды. 1-4 сыныптарға онлайн түрде «вирталды мұражайға саяхат» педагог сарапшы маман Тасырбаева Д.Д ұйымдастырды. 5-6 сыныптар арасында бейнероликтер сайысы ұйымдастырылды. Тақырыбы: «Ахмет Байтұрсынұлы ұлт ұстазы».

Апталықтың **үшінші күнінде** I санатты мұғалім Кельдиярова Р.А. 11 А,Б,В сыныптары арасында ҰБТ дайындықтарын ширату мақсатында «Тарихыңды білесің бе?» атты интеллектуалды сайысты ұйымдастырды. 9-11 сыныптар арасында Төлеген Г. мұғалім «Тәуелсіздік бізге оңайлықпен келген жоқ» тақырыбында пікір талас алаңын ұйымдастырды. 7-8 сыныптар арасында «қаздауысты Қазыбек бидің 355 жылдығына орай» бейнероликтер сайысы ұйымдастырылды.

8.12 яғни апталықтың **төртінші күні** педагог зерттеуші Хасенова Т.М. 11 А,Б,В сыныптары арасында дүние тарихынан «Әлемдік көзқарасты өзгерткен тұлғалар, елдер» тақырыбында сайыс ұйымдастырды. I санатты мұғалім Мукеева Ж.А. «Туған өлке топонимикасы» тақырыбында 5-7 орыс тілді сыныптар арасында викторина ұйымдастырды. Пән мұғалімдерімен қатар мектеп кітапханашылары да апталыққа араласып «тарихи кітаптар еліне саяхат» тақырыбында 5-7 сыныптар арасында көрме ұйымдастырды.

Апталықтың **соңғы күні** яғни 9.12. 9-10 сыныптар арасында бейнероликтер сайысы ұйымдастырылды. Тақырыбы: «Дінмұхаммед Қонаевтің 110 жылдығы». Апталық соңында жабылуы өтіп, белсене қатысқандар марапатталды.

**13.02.2023-17.02.2023ж «Құқықтық навигатор» құқықтық сауаттылық** апталығы өтті. **Мақсаты:** оқушылардың құқықтары мен міндеттері туралы, демократия қағидалары, адам құқықтары мен жеке бостандықтарын құрметтеу туралы түсініктерін қалыптастыру. **I күні** 5-11 сыныптар арасында саптық жиын өтіп, 1-4 сыныптар арасында «Көмек сұрап қайда бару керек?» тақырыбында сынып сағаты өткізілді. 9-11 сыныптарда сынып сағаты " Жасөспірім және заң" тақырыбында өтті.

**II күні** 5-7 сыныптар «Қазақстан Республикасының мемлекеттік Рәміздері» тақырыбында тесттапсырды. 8-11 сыныптар «Отбасы – қауіпсіздік аумағы» тақырыбында мектеп психологтары әңгіме жүргізді. 14.02-17.02 күндері аралығында 1-4 сынып оқушылары «Құқықтық әлем» балалар көзімен» тақырыбында сурет көрмесін ұйымдастырды.

**III күні** мектеп парламенті Жәкен Н. 1-4 сыныптар арасында «ҚР мемлекеттік рәміздері» тақырыбында викторина ұйымдастырды. 5-7 сыныптар «Бала құқығы» плакаттар конкурсына қатысты. «Өнегелі өмір» жоба шеңберінде 10-11 сыныптар табысты заңгерлермен кездесті.

**IV күні** мектеп кітапханашылары 1-11 сыныптар арасында «Мен және заң» тақырыбында кітаптар көрмесін ұйымдастырды. Мектеп психологтары «отбасындағы бала құқығы» тақырыбында 5-7 сыныптар арасында дәріс жүргізді. 11 А сыныбына Құрметбек Б кәмілетке толмағандардың қылмыстық құқық бұзушылығы бойынша іс жүргізу тақырыбында ашық сабақ өткізді.

**V күні** 9-сыныптарды заңды ұйымдарға құқықтық экскурсияға Құрметбек Б апарды. Әлеуметтік педагог «Тапқыр болсаң тауып көр» тақырыбында 11-сыныптар арасында интеллектуалды ойын өткізді.



Апта бойғы іс –шара: мектеп психологтары мен ілеуметтік педагогтар ұйымдастырған «Сенім поштасы» балаларға құқықтық көмек беру мақсатында ұйымдастырылды.

**27.02.2023-3.03.2023 ж «Қаржылық сауаттылық»** апталығы өткізілді. **Іс-шараның мақсаты:** Құндылыққа негізделген білім беру арқылы оқушылардың қаржылық сауаттылығы және кәсіпкерлік ойлауын дамыту.

**I күні** 5-11 сыныптарда «Құқықтық навигатор» жиынын өткізу рәсімімен басталды. 2-4 сыныптар арасында «100 теңге болғанша, 100 досың болсын» сынып сағаты өткізілді.

**II күні** «Энергияны үнемдеу» бояу қағазы 1-сыныптар арасында суреттер байқауы өтті. Құрметбек Б 5-7 сыныптармен Табысты бизнесмендермен кездесу "Өнегелі өмір" жобасы аясында» кездесу өткізді.

**III күні** 8-9-сыныптар арасында Құрметбек Б. "Қаржылық жоспарлау: ақшаны қалай есептеуді үйрену керек" / қаржы саласының өкілдерімен кездесулер (банкерлер, салық қызметі, Атамекен өкілдері, кәсіпкерлер, бизнесмендер және т.б.) өткізумен бастады. 4-сыныптармен бастауыш сынып мұғалімдері Тұтынушы мен сатушының қарым-қатынасы, бизнесті, банктерді, қаржыны дамыту мәселелері бойынша оқушылармен әңгімелер өткізді. 5-7 сынып сынып жетекшілері оқушыларға «Бизнес және табысқа жету» туралы фильмдер көрсетті.

**IV күні** мектебіміздің психолог мамандары "Қаладағы экономикалық өмір сүру негіздері» тақырыбында 8-9 сыныптар арасында «Экономикалық квест» ойынын өткізді. Әлеуметтік педагогтар 10-11 сыныптар арасында «Экономикалық КТК» танымдық ойынын жүргізді.

**V күні** 5-7 сыныптар арасында "Қаржы әлемі балалар көзімен" суреттер көрмесінің нәтижесі анықталып жеңімпаздар марапатталды. Апта бойғы жүргізілген жұмыстардың қорытындысы анықталып жеңімпаздар Алғыс хаттармен, дипломдармен марапатталды.

**Жалпы білім беретін пәндер бойынша Республикалық ғылыми жобалар конкурсының аудандық кезеңіне** көптеген оқушылар қатысып жүлделі орындарға ие болды. Атап айтсақ,

Р/С	Аты -жөні	Сыныбы	Жетекшісі	Орны	Пәні
1	Бекен Нұрайым	9Б	Кельдиярова Р.А.	I	Қ тарих
2	Смагулова Айгерім, Кенесбек Алтынай	10А	Тасырбаева Д.Д	II (жұптық жұмыс)	Өлкетану
3	Болашақ Аида	9А	Тасырбаева Д.Д.	III	Өлкетану
4	Нүрдәулет Бекнұр	7 В	Тасырбаева Д.Д	II	Қ тарих
5	Абдықали Даяна	9А	Тасырбаева Д.Д.	II	Қ тарих
6	Қапен Баян	10Б	Құрметбек Б	I	Құқық

Айта кетерлігі I,II,III орын иегерлерінің барлығы да облыстық кезеңге жолдама алғандар.

2-7 сынып оқушыларының зерттеу жұмыстары мен шығармашылық жобаларының республикалық «Зерде» конкурсының аудандық кезеңіне қатысып оқушыларымыз жүлделі орындарға ие болды.

Р/С	Аты -жөні	Сыныбы	Жетекшісі	Орны
-----	-----------	--------	-----------	------

1	Талғатбек Нұрмұхамед	6А	Хасенова Т.М	I(жұптық жұмыс)
2	Сабыржан Елнара	6А	Хасенова Т.М.	I
3	Жеңіс Сезім	6 А	Хасенова Т.М.	II
4	Тілектес Нұрайым	5	Тасырбаева Д.Д	III
5	Арқалық Ерқанат	5Б	Кельдиярова Р.А.	сертификат

Ерекше білімді қажет ететін баларды оқыту мамандары (инклюзивті білім беру мамандары) 21. 10.2022 жылы «Үйде жеке оқытуды ұйымдастырудың аспектілері» тақырыбында аудандық семинар өткізіп, әдіс тәсілдерімен бөлісті. Нәтижесінде мамандарымыз аудандық алғыс хатпен марапатталды.

Психолог мамандарымызда әр сыныптан жас мөлшеріне қарай өздеріне тиесілі сауалнама жұмыстарын жүргізіп, бүгінгі таңдағы басты мәселе болып отырған «кибербуллинг» «буллинг»тің алдын алуға көптеген жұмыстар жүргізуде.

Проф ориентатор маманы Серікпаева А.А. мектеп бітіруші түлектермен 9 және 11 сыныптармен «Мамандықтар әлеміне саяхат» тақырыбында маман иелерімен кездесулер өткізіп, балалардың мамандықты дұрыс таңдауына өз септігін тигізуде.

#### **Кафедраның жылдық жетістіктері:**

**Игембаев Р.К** –1. «Білім беруді дамытудың жаңа векторлары: стратегиялық перспективалары» Республикалық ГПК сертификат.

2. «Үздік тарихшы-2022» аудандық кезеңі диплом I орын

3. «Үздік тарихшы-2022» облыстық кезеңі диплом III орын

«Менің кіші отаным» аудандық кезеңінде 9 «В» сынып оқушысы Сайлаубек Ақжігіт III орынмен марапатталды. Жетекшісі: Игембаев Р.К.

4. 24.05.2023 ж өткен Аудандық «Музей түні» Алғыс хат 2023ж

#### **Кельдиярова Р.А.**

1. «Білім беруге қосқан үлесі үшін» аудандық білім бөлімінен Алғыс хат

2. «Үздік бейне сабақ» аудандық кезеңінен Диплом II орын

Облыстық «Өлкетану» зияткерлік ойынында 6 «Б» сынып оқушысы Айтуған Еркеназ III орын жетекшісі Кельдиярова Р.А.

3. Зерде удаңдық

#### **Мукеева Ж.А.**

Облыстық «Өлкетану» зияткерлік ойынында 6 «Д» сынып оқушылары Әлім Айнуір және Мурат Нурмұхаммед II орын жетекшісі Мукеева Ж.А.

#### **Тасырбаева Д.Д.**

7 «В» сынып оқушысы Нұрдәулет Бекнұр «Юниор» олимпиадасынан аудандық кезеңінен I орын алып, облыстық кезеңге жолдама алып. Облыстан III орын иеленді. Жетекшісі Тасырбаева Д.Д.

#### **Төлеген Г.Т.**

«Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ филиалы Қарағанды облысы бойынша кәсіби даму институты

#### **ОҚЫТУ МЕН ОҚУ: ПРОБЛЕМАЛАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ШЕШУ ЖОЛДАРЫ**

Облыстық әдістемелік семинар материалдарының жинағы

Төлеген Г.Т., Қазіргі білім беру жүйесіндегі тарих пәнін оқытуда функционалдық сауаттылығын арттыру жолдары. Мақаласы жарыққа шықты.

#### **ИББ мамандарының жетістіктері:**

**Бекишева Б.Б.** педагог модератор.

1.Білімгер баспасөз басылымы Алматы 2022 Сертификат.

2.Психологтар мен педагогтар академиясы Диплом 2022.

- 3.Баспасөз халықаралық өрлеу өркендеу Алматы 2022 Алғыс хат. I орын Диплом.
  4. Шекеіз шығармашылық республикалық байқаудан сертификат Мұрат Нұрбағым, Шопан Бақдаулет, Бектаев Жанболат,Медербек Әбдірахим.
  5. "Жұлдызай" Республикалық шығармашылық фестивалінің аудандық кезеңінен екі оқушы Махишова А. Орынбасар Ұ. II орын
- Бейсенова К.И.** педагог сарапшы. Аудандық Алғыс хат 2022  
**Кокжалова Г.** педагог модератор. Аудандық Алғыс хат 2022  
**Батыкова Қ.Е.** педагог модератор. Аудандық Алғыс хат 2022  
**Мукужанова С.** педагог модератор. Аудандық Алғыс хат 2022  
**Омарова С. А.** педагог модератор. Аудандық Алғыс хат 2022  
**Сағынаева Д.** педагог модератор. Аудандық Алғыс хат 2022

**Мектеп-психологтары мен әлеуметтік педагогтардың жетістіктері:**

**Есембекова А.С.:**

- 1."Қарағанды облысының тілдерді оқыту орталығы" ағылшын тілі А1 деңгейі
2. "Болашаққа жолдама" облыстық форумы "Үздік авторлық бағдарлама" байқауының аудандық кезеңінің қатысушысы
- 3."Патриотизм және жаһандық құзіреттер" тақырыбында біліктілікті арттыру курсы
4. "Буллинг-себептері, формалары, алдын-алу" біліктілікті арттыру курсы
5. "Шет өңірі" газеті " газеті "Әлеуметтік желілердегі адам өміріне қауіпті ойындардан жасөспірімдерді сақтандыру" мақала

**Бимакашева К.С.:**

- 1.Облыстық форум аудандық кезеңі «Мамандықтар әлемін ашамыз» II Дәрежелі диплом Болашақ Аида
2. Облыстық форум аудандық кезеңі «Мамандықтар әлемін ашамыз» II Дәрежелі диплом Абдықали Даяна
3. «Ұстаз тағылымы: Ізденіс.Тәжірибе» облыстық ғылыми практикалық конференция. Сертификат.

«Туған өлке сырлары» жобасы аясында «Ұлы даланың есімдері» атты **облыстық нетворкингке** кафедрадан Хасенова Т.М. және Кельдиярова Р.А. сонымен қоса қазақ тілі және әдебиет пәнінің мұғалімі Азбаева Л.Х., география пәнінің мұғалімі Тасболат С.М. қатысып өлке тарихының сырлары, ұлы тұлғалары, шығармалары жайлы ақпараттар айтылды. Сабакты қызықты өткізу мақсатында әр түрлі тапсырмалады, әр түрлі платформаларда қолдана отырып орындау керектігімен де бөлісті.

**Оқу жылын аяқтай отырып 8 «Г» сыныбын тарих пәнінің мұғалімі Хасенова Т.М** «Сарыарқа археологиялық» мұражайына, КарЛаг мұражайына және С.Сейфуллин атындағы драма-театрға экскурсияға апарып келді. Оқушылардың алған әсері сөзсіз.

21.05.2023 жылы тарих пәнінің мұғалімдері Тасырбаева Д.Д. және Кельдиярова Р.А. 8 «А» сыныбы 10 «А» сыныбы оқушыларын барлығы 40 бала Қарағанды қаласына экскурсияға апарды. Олар Қарағанды облыстық тарихи-өлкетану мұражайына, Долинка селосындағы КарЛаг мұражайына саяхаттады. Балалардың алған әсері өте зор. Тарих пәнінен алған білімдерін саяхаттау барысында одан әрі толықтырып, білімдерін шыңдай түсті.

В рамках недели читательской грамотности "XXI век-век грамотного поколения" прошел поэтический вечер «В каждой строчке вдохновение...».

Цели:

- обогащать знания учащихся о жизни и творчестве русских поэтов разных эпох;
- развивать навыки выразительного чтения лирических произведений, воображение;
- воспитывать у школьников интерес к творчеству, поэзии,
- воспитывать эстетический вкус, любовь к художественному слову. Мероприятие провели: Керимбаева Г.К., Абдикаримова Б.К., Сулейменова А.С.

В рамках недели читательской грамотности "XXI век-век грамотного поколения" ученики школы сделали "Селфи с любимой книгой".

Цели: способствовать воспитанию любви к книге, интереса к чтению с помощью современных компьютерных технологий, расширить знания обучающихся об истории книги, прививать бережное отношение к книге.

В целях стимулирования общественного интереса к книге и чтению, распространение чтения среди молодежи было организовано мероприятие "Читающий бульвар".

06.04.2023г. был проведен опрос в 10 «В» классе на тему: «Какая книга повлияла на мою жизнь».

Ответственная: Солдатенкова И.В.

07.04.2023 г. учащимися начальной школы была проведена литературная выставка-ярмарка творческих работ, посвященная неделе читательской грамотности. Цель мероприятия- развитие познавательного интереса , индивидуальных, творческих способностей учащихся.

Завершилась неделя читательской грамотности "XXI век-век грамотного поколения". Учащиеся активно принимавшие участие на неделе были награждены грамотами.

## 6.Эстетикалық пәндер кафедрасының атқарған жұмыстары

Көркем еңбек , графика проектилеу және музыка пәндерінен келесі мұғалімдер сабақ береді. Олар: Орымбекова. Г. Б., Максұра. А., Сазонова Л.А., Игембаева.Г.К., Қашанов Н.Т. Билалова Ж.Б.,Шағыр Ә.Әдістемелік нұсқау хатына сәйкес оқу жылының басында әр мұғалім мемлекеттік бағдарлама арқылы күнтізбелік жоспарлар құрды. Күнтізбелік жоспарды құру барысында қаржылық сауаттылық экономика, көркем еңбек пәнімен бірге кіріктірілген күнтізбелік жоспарды құрылды және көркем еңбек 5-9сыныптарда жүргізіледі. «Графика проектилеу» пәніне 11 «А»-сыныпта сағат саны аптасына 2 сағат, оқу жылына 72 сағат қарастырылған. Оқу бағдарламаларын басшылыққа алып жасаған оқу күнтізбесінде жоспарланған сағаттар және берілген сарамадық жұмыстар толық өтіледі.«Көркем еңбек» пәнін оқытуға келесідей оқу жүктемесінің көлемі бөлінген: 5-6 сыныпта – аптасына 2 сағат оқу жылына 72 сағат қарастырылған.7-9 сыныпта – аптасына 1 сағат, жалпы саны – 36 сағат. «Музыка» пәні бойынша барлық сағат саны: 1-сыныпта аптасына 1 сағат, жылына барлығы 36 сағат; 2-4-сыныптарда аптасына 1 сағат, жылына барлығы әрбір сыныпта 36 сағат. «Музыка» пәні бойынша 5-6-сыныптарда сағат саны аптасына 1 сағаттан, жылына барлығы 36 сағаттан құрайды. Мектеп басшысы бекіткеннен кейін осы күнтізбелік жоспар бойынша жұмыс істеп келе жатыр. Барлық пәндер бойынша сабақтар өткізілді, бағдарламадан тыс сабақ қалған жоқ. Саналған сағат сандарының барлығы күнтізбелік жоспар бойынша өткізілді. Өткізілмеген сағат сандары мереке күндерімен сәйкес келгендіктен алынды және сол күнгі сабақтар біріктіріліп өткізілді. Біріктірілген сағаттар күнтізбелік жоспарларда да көрсетілді.

Аттестациядан өткені мұғалімдердің тізімі.

№	Мұғалімнің аты-жөні	Біліктілік санаты	Өткен уақыты	Келесі уақыты
1	Максұра А.	Педагог	2021ж.	2026ж
2	Орымбекова Г.Б.	Жоғары санатты	2018ж.	2023ж

3	Сазонова Л.А.	Бірінші эксперт	2021ж	2026ж
4	Игембаева Г.К.	Бірінші эксперт	2020ж	2025ж
5	Қашанов Н.Т	Екінші модератор	2019ж	2024ж
6	Билалова Ж.Б.	Бірінші санатты	2018ж	2023ж

Кафедра сапалық құрамы бойынша жоғарғы санатты-1, 1 санатты – 2 мұғалім, 2 санатты-2 мұғалім ,санатты жоқ-1 мұғалім. Аттестациядан өтуге өтініш берген 2 мұғалім: Орымбекова Г.Б.,Билалова Ж.Б.

**«Әсемдік әлемі» эстетикалық сауаттылық апталығы**

14.11 -18.11.2022ж.

Мақсаты: білім алушылардың көркем еңбекке, музыка әлеміне деген қызығушылығын арттыра отырып, қолөнер арқылы функционалдық сауаттылықты қалыптастыру және құндылықтарға тәрбиелеу.

Барлық жоспарлаған іс шаралар,анық сабақтар,сайыстар өз деңгейінде орындалды,бірақ уақыт тығыз болғандықтан,қысқа түрінде өтті.

«Қазақ даласының ұлы композиторы Дина Нұрпейісқызы», 6 «А»сынып Игембаева Г.К.

«Музыкальный ринг», 7 «Е» сынып Сазонова Л.А.

«Графика и проектирование» 11 «А»сынып , Билалова Ж.Б.

«Торғай ұяшығы» «Кәде сый», 8 «В»сынып Максұра А.

«Шеберлер күнбағысы», демо-урок «Мамандықтар әлемі» 9 «А» сынып ,Орымбекова Г.Б.

Жылдық оқу сапасының нәтижесі бойынша,біздің кафедра пән мұғалімдері уақытылы барлық 5-9 сынып оқушыларына **СЫНАҚ** қойды,біздердің пәндер нәтижесінде баға қойылмайды, білім стандарты бойынша және оқу әдістемелік хатына сәйкес тек сынақ қойылады.

Мұғалімдер мен оқушылардың әр түрлі байқау, жарыстарға катысу мониторингі

Биылғы оқу жылында келесі мұғалімдер марапатқа ие болды, Республикалық байқау «Ұлттың ұлы ұстындары» Билалова Ж.Б.,Орымбекова Г.Б.,Максұра А.

№	2022- 2023 оқу жылы				Жетекшісі
	Оқушының аты-жөні	Аудандық	Облыстық	Республикалық	

1	Қалижан Айғаным		Сертификат «Ұлттың ұлы ұстындары»	Орымбекова Г.Б.
2	Капен Бану		Сертификат «Ұлттың ұлы ұстанымдары»	
3	Болтай Исламбек		Сертификат «Ұлттың ұлы ұстындары»	Билалова Ж.Б.
4	Игілік Ерасыл		Сертификат «Ұлттың ұлы ұстындары»	Максура А.
5	Хор ұжымы		«Бақытты балалық шақ» хор ұжымы Диплом	Игембаева Г.К.
7	Оразбаев Бекарыс		Диплом «Егемен елімнің ертенімін»	Игембаева Г.К.
9	Шопан Бақдаулет		Диплом «Егемен елімнің ертенімін»	Игембаева Г.К.

#### SWOT талдау

<p><b>Әлді жақтары / Сильные стороны</b></p> <p>1. Жеке тұлғаның қажеттіліктерін қанағаттандыру</p> <p>2. Ойын арқылы оқыту технологиясы қолдану.</p>	<p><b>Әлсіз жақтары / Слабые стороны</b></p> <p>1. Онлайн форматта сабақ өткізілуі. Материалдық техникалық базаның жетіспеушілігі.</p>
<p><b>Мүмкіндіктері / Возможности</b></p> <p>1. Ғылыми-шығармашылық жұмыс жасау мүмкіндігін туғызу;</p> <p>2. Мұғалімдердің кәсіби деңгейін көтеру мақсатында әр түрлі іс-шаралар ұйымдастыру</p>	<p><b>Қауіп / Риски опасности</b></p> <p>1. Мұғалімдердің білімін жетілдіру мақсатында курстарға қатыстыру</p> <p>2. ҚМЖ құрлымын дұрыс жасап үйрету</p>

#### 7. Инженерлік-техникалық пәндер кафедрасының атқарған жұмыстары

**Мақсаты:** Ағымдағы оқу жылында ұйымдастырылатын оқыту-тәрбиелеу үдерісінде оқушылардың функционалдық сауаттылығын көтеру арқылы математика, физика, информатика пәндерінен білім сапа көрсеткішін арттыру.

**Міндеттері :**

1) Оқыту тәрбиелеу үдерісін тиісті нормативтік құқықтық және тұжырымдамалық құжаттарға сәйкес ұйымдастыру.

2) Оқыту-тәрбиелеу, мұғалімдердің кәсіби шеберлігін үздіксіз арттыру бағытындағы іс-шараларының нәтижесінде ағымдағы бақылау, қадағалау, білім сапа көрсеткішінің

нәтижесіне талдау, сараптама жасау, анықталған кемшіліктерді толықтыру, келешекте болдырмаудың жолдарын қарастыру, инженерлік-техникалық пәндер бойынша ҰБТ, ОЖСБ, PISA, TIMSS халықаралық салыстырмалы зерттеуіне, мемлекеттік емтиханға дайындау іс-шараларын жүйелі ұйымдастыру, нәтижесін қорытындылау.

3) Педагогикалық, методикалық заманауи озық ой, тәжірибиелерден үйрену, нәтижелісін оқыту үрдісіне енгізу.

4) Үнтасы төмен оқушылармен жүйелі түрде, олардың таным ерекшеліктері мен ой мүмкіншіліктерін ескере отырып қосымша оқыту іс-шараларын ұйымдастыру.

5) Қабілетті оқушыларды дамыту бағытында оларды әртүрлі деңгейдегі олимпиада, білім сайыстарына баулу, қатыстыру.

2022-2023 оқу жылында 19 мұғалім, математика пәні мұғалімдері Токмади Б.Е., информатика пәні мұғалімі Тулеуова И.Б. баламен үйде отыр, қазіргі уақытта 17 мұғалім жұмыс істеп жүр. Кафедрада барлығы жоғары білімді ұстаздар. Жоғарғы санаттағы 1 мұғалім, екінші санаттағы – 1, педагог-зерттеуші – 2 мұғалім, сарапшы 6 мұғалім, модератор – 5 мұғалім, санаты жоқ 4 мұғалім. 1 мұғалім Ахметова Г.А 2 пәннен (математика, физика) сабақ береді. Биылғы оқу жылында математика пәнінің мұғалімі Бимакаева Г.Ж. педагог-сарапшы санатын алса, физика пәнінің мұғалімі Жекебай А. педагог – зерттеуші санатын растады.

Кафедра құрамында математика, физика, информатика пәндері салаларынан тұрады. Оқулықтар барлық пәндер бойынша «Алматы», «Мектеп», «Атамұра» және «Арман ПВ» баспасынан шыққан кітаптармен жүргізіледі. Пәндер мемлекеттік стандартқа сай күнтізбелік жоспарлармен жүргізіледі.

Информатика жаратылыстану – математика бағытында аптасына - 2 сағат, яғни толық жылдық жүктемесі 72 сағат оқытылады. Қоғамдық-гуманитарлық бағытта аптасына – 1 сағат толық жылдық жүктеме көлемі 36 сағат оқытылады. Физика пәні бойынша 10 сыныптарда жаратылыстану-математика бағытында оқу жүктемесі – 4 сағат, яғни жылдық жүктеме көлемі 144 сағат оқытылады. Қоғамдық – гуманитарлық бағытта - 1 сағат жылдық жүктеме көлемі 36 сағат оқытылады.

24-28 қаңтар аралығында "Математика айналамызда " атты математикалық сауаттылық апталығы өтті. Апталықтың мақсаты: Математикалық мәдениетті қалыптастыру, математикалық сауаттылықты дамыту, ашық іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу арқылы педагогтар мен оқушылардың кәсіби шеберлігін жетілдіру.

Математика пәнінің мұғалімдері - Жаппарова Ф.Т., Сулейменова Б.К., Бимакаева Г.Ж., Труфанова Л.Н. ұйымдастыруымен "Менің өмірімдегі Математика" атты шығармашылық жұмыстар байқауы, Мукужанова А.Б., Мүкүш А.Е., Төлеукадыр Ә.Ж мұғалімдері - "Мен және менің отбасым" тақырыбында 5-7 сыныптар арасында жобалар байқауы, "Өнегелі өмір жобасы" аясында математика саласында табысқа жеткен мектебіміздің түлегі, "Алтын белгі" иегері Қасым Олжаспен сұхбат онлайн форматта ұйымдастырылды. 8-9 сынып оқушыларымен "Өнегелі өмір" жобасы аясында ардагер ұстаз Алиманова Ақмарал Ргебаевнамен Ахметова Г. А. сұхбат жүргізді.

2023 жылдың 6 - 10 ақпан аралығында «Цифрлық әлем» атты ақпараттық сауаттылық апталығы өтті. Апталықтың мақсаты: «Информатика» пәніне, ақпараттық мәдениетке танымдық қызығушылықты қалыптастыру, білімді жинақтау және жүйелеу.

Ақпараттық сауаттылық апталығының аясында 2-4 сыныптар арасында «Интернеттің шығу тарихы» тақырыбында, 5-6 сыныптар арасында «Мен және әлеуметтік желі» тақырыбында, 7-8 сыныптар арасында ««Фейк» деген не және ақпаратты қалай тексеруге болады» тақырыбында, 9-11 сыныптар арасында «Компьютерге тәуелділік, виртуалды

әлемге қызығу қаупі» тақырыбында сынып сағаттары өтті. Райымбекова Д.М. ұйымдастыруымен «Оқушыларды информатика пәнінен ҰБТ-ға дайындау» тақырыбында информатика пәнінің мұғалімдеріне арналған мастер-класс, 11 сыныптар арасында «Информатика пәнінің қажеттілігі» тақырыбында пікірталас өткізілді. Ахниетова Ж. Н. 6 «В» сыныбында «Арифметикалық амалдардың жазылу ережелері» тақырыбында ашық сабақ өткізді. Мужтабина Ж.А. 3 «А» сыныбында «Ақпарат, адам және компьютер» тақырыбында интеллектуалды ойын өткізді.

Жақаева Айдана Куантаевна 2023 жылдың сәуір айында №4 (111) «ТАҒЫЛЫМ» республикалық ғылыми-әдістемелік журналында «Білім сапасын арттырудағы ақпараттық – коммуникациялық технологиялардың мүмкіндіктері» атты жазбасы жарыққа шықты. Материалдың шыққанын растайтын Сертификатпен және «ТАҒЫЛЫМ» республикалық ғылыми-әдістемелік журналы ұйымдастырған «Қазақстан педагог – зерттеушілері: үздік мақалалар, әдістеме және иновация» республикалық конкурсының «Үздік мақала» номинациясы бойынша I дәрежелі ДИПЛОММЕН марапатталды.

2023 жылдың I жартыжылдық бойынша өткен ғылыми-әдістемелік кеңес отырысында информатика пәнінің мұғалімі Жақаева Айдана Куантаевна «Жаңа педагогикалық технологияларды тиімді пайдалану» тақырыбында баяндады.

#### ***Әлді жақтары:***

Оқу бағдарламасына сай материалдар толық қамтылды. Оқу үлгерімі өте төмен оқушы жоқ. Әр пән мұғалімі өз пәндеріне сәйкес мұғалімдер мен оқушыларға арналған сайыстар мен конкурстарға белсене қатысты. Ұстаздардың біліктілік санаттарын жоғарылатуы.

#### ***Әлсіз жақтары:***

Мұғалімдердің оқушыларды пәндік олимпиада, ғылыми практикалық байқауларға қатыстыруы біршама төмен. БАҚ жарияланған мақалалар, әдістемелік журналдарға жарияланған мақалалардың аздығы.

### **8.Ғылыми-жаратылыстану пәндер кафедрасының атқарған жұмыстары**

Ғылыми-жаратылыстану пәндер кафедрасы жаратылысты танып білу мақсатындағы кафедралардың бірі болып табылады. Кафедра құрамында география,жаратылыстану,биология және химия пәндері салаларынан тұрады. Оқулықтар барлық пәндер бойынша «Алматы», «Арман ПВ», «Мектеп» және «Атамұра» баспасынан шыққан кітаптармен жүргізіледі.Ғылыми-жаратылыстану пәндер кафедрасында оқу жылының басында 8 мұғалім жұмыс жасаса,2мұғалім декреттік демалысқа кетті. Барлық мұғалім жоғары білімді – 100%-ды құрап отыр. Педагог - сарапшы –3, педагог-модератор – 3, Бірінші санат -1 санаты жоқ – 0мұғалімді құрап отыр.Кафедра құрамы және жұмыс жоспары оқу жылының басында бекітілген.Келесі оқу жылында аттестаттауға өтініш беріп отырған ұстаздар: Схах Камшат педагог- зерттеуші және Абдрахманова Гульбаршын педагог - модератор санаты.

Кафедра құрамы



№	Мұғалімнің аты - жөні	Пед өтілі	Санаты	Ескерту
1	Тасболат Сәулет Мұратұлы	8	Педагог -модератор	
2	Схах Камшат	13	Педагог -сарапшы	
3	Тамабаева Нургуль Ахметовна	11	Педагог -сарапшы	
4	Абдрахманова Гүльбаршын Мухаммедиевна	18	Бірінші санат	
5	Кишкентаева Риза Мухаммедиевна	10	Екінші санат	
6	Исина Сандугаш Турсуновна	15	Педагог -сарапшы	
7	Шадет Бишат	8	Педагог -модератор	Декреттік демалыста
8	Амир Роза Айдаровна	5	Педагог -модератор	Декреттік демалыста

2022 - 2023 оқу жылында « Оқушыларды жаратылыстану сауаттылығын арттыра отырып, заман талабына сай алған білімін болашақта қолдана алуына ықпал ету» тақырыбында жұмыс атқарады.

**Мақсаты:** Жаратылыстану пәндері бойынша оқу –тәрбие жұмысын қазіргі заман талабына және мемлекеттік білім беру стандартына сай жүргізу.

**Міндеттері:**

- Жеке тұлғалық құзіреттілікті қалыптастыру,
- Салауатты өмір салтын қалыптастыру,
- Адам ағзасының мүмкіндіктерін, оның қызметінің ерекшеліктерін болжау,
- Сапалы білім, саналы тәрбие беру мақсатында мұғалімдердің кәсіби біліктіліктерін, педагогикалық іскерліктерін шыңдау

Кафедра мұғалімдері оқушыларға жас ерекшелігіне, бағдарламаға сай қоғамның даму тарихы туралы жүйелі білім бере отырып, ғылыми көзқарасты қалыптастырып, өз бетінше жұмыс жасай білуге, сарай тұжырымдай білуге үйретіп, шығармашылыққа баулуда. Оларды жүзеге асыру үшін оқытудың қазіргі технологияларын тиімді пайдалану басшылыққа алынған. Білім, тәрбие берудің жолдарын шығармашылық жұмыс тақырыптары арқылы іздестіру. Пәндер мемлекеттік стандартқа сай күнтізбелік жоспарлармен жүргізіледі. Биылғы оқу жылындағы өзгеріс жаратылыстану пәндері бойынша 5-6 сыныптарда апталық жүктемесі 2 сағаттан жалпы 72 сағатқа ұзарып беріліп өткізілсе, география 7-9 сыныптарында 2 сағаттан , 10-11 жаратылыстану-математикалық бағытта оқытылатын сыныптарда аптасына 2 сағат, яғни жылдық жүктеме көлемі 72 сағат болса, қоғамдық-гуманитарлық бағытта оқытылатын сыныптарда аптасына 1сағат толық жылдық жүктеме көлемі 36сағат оқытылады. Ал биология пәндері 7-9сыныптар аралығында аптасына 2сағат,ал 10-11сыныптарында жаратылыстану-математикалық бағытта 2сағаттан және

қоғамдық-гуманитарлық сыныптарында аптасына 1сағаттан жүргізіледі. Химия пәні 7-сыныптарда 1сағаттан, 8-9 сыныптарда аптасына 2сағаттық көлемінде жүргізілсе, 10-11сыныптарында жаратылыстану-математикалық бағытта 2сағаттан және қоғамдық-гуманитарлық сыныптарында аптасына 1сағаттан жүргізіледі.

Биылғы оқу жылы бойынша 11сыныптардың таңдау пәндері география және биология пәндері бойынша жоғары оқу орнына түсуге дайындық ретінде алдын-ала тестілеулерін тапсырды. 6-11 сыныптар пәндер бойынша түрлі олимпиадаларға және зияткерлік сайыстарға қатысады.

Сонымен қатар, география және биология пәндері бойынша оқушылар пән олимпиадалары мен ғылыми жобаларға қатысып отырады. Мұғалімдердің ағымдағы оқу жылындағы жетістіктері төмендегі кестеде көрсетілген.

№	Мұғалімнің аты-жөні	Оқушы жетістігі	Мұғалім жетістігі
1	Схах К	<p>Рақымжан Ділназ : Республикалық жобалар байқауы облыстық кезеңі бойынша сертификат пен ІІІд диплом</p> <p>Кенесбек Алтынай: «Ш.Уалиханов атындағы» ІІІ аудандық олимпиада ІІд диплом.</p> <p>Жаната Айвүр: "Жас зерттеуші" ғылыми-конференция аудандық кезеңі ІІд диплом, ҚР ОҚ ШҒА 53-ші ғылыми практикалық конференция Мадақтама, ІQanat Республикалық олимпиадасы Сертификат.</p> <p>Айтуған Балауса: ҚР ОҚ ШҒА 53-ші ғылыми практикалық конференция Алғыс хат</p> <p>Аманжан Даяна ҚР ОҚ ШҒА 53-ші ғылыми практикалық конференция Алғыс хат</p>	<p>Алғыс хат</p> <p>облыстық жобалар байқауыны оқушы дайындағаны үшін</p> <p>Құрмет грамотасы аудандық</p>
2	Тамабаева Н.А.	<p>Кайшенова Томирис: пәндер олимпиадасы аудандық Ід диплом</p> <p>Татиев Мерей: «Ш.Уалиханов атындағы» ІІІ аудандық олимпиада ІІд диплом.</p>	
3	Тасболат С.М.	<p>Орынов Бейбарыс «Ш.Уалиханов атындағы» ІІІ аудандық олимпиада ІІд диплом.</p> <p>Серік Тоғжан: жалпы пәндер олимпиадасы аудандық кезең Шорын</p>	<p>«Туған өлке сырлары» атты облыстық нетворкинг, География видеосабак аудан Іорын облыстан Шорын</p> <p>Туристік өлкетану жұмысын ұйымдастыру</p>

			жөнінде облыстық Алғыс хат, «Жыл мұғалімі-2023ж» Алғыс хат аудандық
4	Абдрахманова Г.М.	Орынов Бейбарыс : <i>"Жас зерттеуші"</i> ғылыми-конференция аудандық кезеңі ІІд диплом  Жұматай Дамира: <i>"Жас зерттеуші"</i> ғылыми- конференция аудандық кезеңі ІІд диплом  Бейбітова Сабина: пәндер олимпиадасы аудандық ІІд диплом  Түсіп Аңсар: Республикалық жасөспірімдер олимпиадасы аудандық І орын	
5	Кишкентаева Р.М.	Құрманбай Қымбат пәндік олимпиада Шорын	
6	Исина С.Т.	Жәнібекқызы Айдана: Республикалық жобалар байқауы облыстық кезеңі бойынша сертификат пен Ід диплом, Республикалық жобалар байқауы Республикалық кезеңі бойынша ІІд диплом  Белгітай Айгерім:	Алғыс хат  облыстық жобалар байқауыны оқушы дайындағаны үшін  Аудандық деңгейде өткен «Жыл мұғалімі» байқауы

**Ғылыми-жаратылыстану пәндер кафедрасындағы « Ғылым мен технология » атты жаратылыстану-ғылыми сауаттылық апталығының қорытындысы.(10.04 - 14.04.2023ж)**

**Мақсаты:** мәселелерді шешуде тың идеялары бар, жаңаша стильде ойлайтын, өз-өзіне сенімді, бәсекеге қабілетті жеке тұлғаны тәрбиелеу.

Жалпы жекелей тоқталатын болсам, апталық жоспарына сәйкес жоспарланған барлық іс-шаралар мен ашық сабақтар өз уақытында өтті. 7-ші сәуірде жоспарға сәйкес апталықтың ақпараттық бұрышын әзірлеу жұмысы жүргізілді. Кафедра мұғалімдері толық ат салысып, ұжым болып көмектесті. Апталықтың құрылған жоспарына сәйкес 10-шы сәуірде 6-8 сыныптар арасында «12сәуір -Ғарышкерлер күні» атты сынып сағаттары өткізілді.

Сынып сағаттарында топтық пен жұптықта жекелеген жұмыс түрлері жасалды. Сабақта оқушылар жан-жақтылықпен және мұғалімге деген жауапкершілікті көрсете отырып ат салысты. Жалпы барлық жауапты сыныптар толық белсенділік танытпады.

Келесі кезекте «Ғылым мен үшін нені білдіреді?» 10-11 сыныптар арасында эссе жазу

байқауы өткізілді. Жауапты мұғалімдер: Сыныпжетекшілер.Эссе байқауында барлық жауапты сыныптар белсенділік танытып, үздік жұмыстар марапатталды.11сәуір күні 9-11 сыныптар арасында «Физикалық модель» жобалар байқауы өтті. Жауапты мұғалімдер: Жекебай А мен Тусупов А.З. Келесі кезекте 1-4 сыныптар арасында «Ғылымға қадамдар» атты алғашқышағынтәжірибелертуралыбейнероликтеркөрсетілді. 11 «Б» сыныбында биология пәнінен «Флорамен тәжірибелер» атты микроскоппен жұмыс жасау тәжірибелік сабағы өтті. Жауапты мұғалім: Абдрахманова Г.М.Оқушылар сабақ барысында флораның негізгі құрылымымен танысып, микроскоппен бақылау, зерттеу ережелерін есіне түсірді.

Келесі кезекте, апталықтың жоспарына сәйкес: 9 «А» «Б» «Д» 10 «В» 11 «Г» сыныптарына «Болашаққа бір минут» атты бейнероликтер байқауын ұйымдастырған едік, бірақ жауапты сыныптар арасынан тек 9 «Б» сыныбы ғана ат салысты.Сәуірдің 12сі күні 7-ші сыныптар арасында «Физика ғылымы жайында фильм» көрсетілді. Мақсаты: өскелең ұрпақтың физика ғылымы жайында және физика ғылымының пайда болу тарихы туралы мәдениетін кеңейту және нығайту . Жауапты мұғалімдер:Ахметова Г.А.

Жекебай А. Шинибекова Г.Ж.

Келесі кезекте 8-ші сыныптар арасында «Физикалық калейдоскоп» квест ойыны өткізілді. Жауапты мұғалімдер: Жекебай А. Шинибекова Г.Ж.Квест ойынында жоғары белсенділік көрсеткен сыныптар жоғары ұпаймен бағаланып отырды. Жалпы оқушылардың шығармашылық ойлау қабілеттерінің жоғары және тың идеяларымен бөлісе алатынын көрсете білді. Келесі кезекте биология пәнінен 8«Б» сыныбында «Тұқым қуалаушылық пен өзгергіштіктің эволюциядағы маңызы. Өзгергіштік пен қоршаған орта жағдайларына бейімделгіштік арасындағы байланыс» атты ашық сабағы өткізілді. Жауапты мұғалім: Абдрахманова Г.М.

Сәуірдің 13-і күні 5-7сыныптар арасында «Жасыл планета» атты суреттер байқауы өтті. Жауапты мұғалім: Схах Камшат.Аталған жауапты сыныптар толық ат салыспады.Ең үздік жұмыстар марапатталатын болады. Келесі жоспарға сәйкес 8 «Д» және 9«Д» сыныптары арасында «Эрудит» зияткерлік ойыны өткізілді. Жауапты мұғалімдер: Шинибекова Г.Ж. және Ахметова Г.А.Сонымен қатар 8-10 сыныптар арасында «Planetofthe future» атты презентация байқауы өткізілді. Байқауға жауапты сыныптардың барлығы қатыспады. Жауапты мұғалім: Тамабаева Н.М. Келесі кезекте химия пәнінен 7«Г» сыныбында «Адам ағзасындағы химиялық элементтер» атты ашық сабағы өткізілді. Мақсаты: оқушылардың химиялық элементтердегі адам ағзасында кездесетін элементтер жайында және олардың маңызы туралы ақпаратпен таныстыру. Жауапты мұғалім: Кишкентаева Р.М.Сонымен қатар, 5 «Ә» сыныбында «Білімгерлер» атты зияткерлік ойыны өткізілді. Мақсаты: оқушылардың жаратылыс туралы білімдерін кеңейту және оның қазіргі кездегі маңызын түсіндіру.Жауапты мұғалім: Схах Камшат Келесі кезекте 5 «Б» сыныбында «Ғарышқа саяхат» атты зияткерлік ойыны өткізілді. Мақсаты: ғарыш әлеміне саяхат арқылы оқушыларға ғарыштың адам өміріндегі маңға ғарыштың адам өміріндегі маңызы туралы білімін тереңдету. Жауапты мұғалім: Тамабаева Н.А. 14ші сәуір күні 8 «А» сыныбында «Ғажайыптар әлемі» атты сайыс сабағы өтті. Жауапты мұғалім: Тасболат С .М Химия пәні бойынша 7 «В» сыныбында «Тағам құрамындағы қоректік заттар» атты ашық сабағы өтті. Жауапты мұғалім: Исина С.Т.Апталықтың жоспарындағы соңғы іс шарасы «Ғылымға қадам» атты шағын жобаларды қорғау ғылыми-тәжірибелік конференциясы өткізілді. Жауапты мұғалімдер: Кафедра ұстаздары.

Swot- талдау

<p><b><u>Әлді жақтары</u></b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Кафедра мұғалімдерінің байқауларға қатысуының белсенділігі жоғары</li> <li>2. Мұғалімдер мен оқушылардың пән бойынша олимпиадаларға және конференцияларға қатысуы</li> <li>3. Жаңартылған білім мазмұны бойынша кафедра мұғалімдерінің 100% курстан өтуі</li> </ol>	<p><b><u>Әлсіз жақтары</u></b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Кафедра мұғалімдерінің баспасөз бетіне мақала жариялауы</li> <li>2. Сабақты дәстүрлі формада өткізуі</li> <li>3. Халықаралық байқауларға қатысу деңгейінің төмен болуы</li> <li>4. Бейне сабақтар түсіруге белсенділігінің төмен болуы</li> </ol>
<p><b><u>Мүмкіндіктер</u></b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Кафедра мұғалімдерінің барлық кабинетінде АКТ қол жетімділігі жоғары</li> <li>2. Басқа инновациялық білім беру орындарымен танысу</li> <li>3. Оқушыларды экскурсияға апару</li> <li>4. Әдістемелік көмек «Өрлеу», «НЗМ», «ЛШО»</li> </ol>	<p><b><u>Мәселелер</u></b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Сабақ барысында оқушыларды бағалау қиындықтары</li> <li>2. Әрдайым мақсатқа жету үшін стратегиялардың дұрыс таңдалмауы</li> <li>3. Сабаққа талдау жасау кезінде мұғалімдердің киналуы</li> </ol>

#### **9.«Салауатты өмір салты» кафедрасының атқарған жұмыстары**

**Мақсаты:** денені салауатты шынықтыруға, спорттық-спецификалық қозғалу дағдылары мен дене бітімі қабілеттерін меңгеруге бағытталған дене шынықтырудың негіздерін қалыптастыру болыптабылады.

#### **Міндеттері:**

- дене шынықтыру және спорт саласындағы теориялық білімдері мен тәжірибелік дағдыларын дамыту;
- өзінің дене және психикалық денсаулығын нығайту үшін ұмтылуға ынталандыру;
- білім алушылардың төзімділікке, ширақтыққа, күштілікке, ептілікке және икемділікке ықпал ететін қозғалыс дағдыларын дамыту;
- Отанға деген патриоттық сезімін, құрметтеуге, жауапкершілік пен өзара түсіністікке тәрбиелеу;
- білім алушылардың өз өмірлерінде салауатты өмір салтын ұстануға және үйренген дене-кимыл дағдыларын алдағы уақытта қолдануға ынталандыру;
- жалпы адамзат мәдениетінің бөлігі ретінде дене шынықтыру туралы түсініктерін қалыптастыру.

#### **Кафедраның сапалық құрамы:**

Санаты	Мұғалімдердің саны
Барлық мұғалімдер	9
Педагог-зерттеуші	2
Педагог-сарапшы	2
Педагог-модератор	3

Денсаулық күніне орай ұлттық ойын түрлерінің мазмұнын түсіндіре отырып, ойнату арқылы қызығушылығын арттыру мақсатында спорттық іс-шаралар ұйымдастырылды. Олардың ішінде «Арқан тартыс» ұлттық ойыны 5-ші сыныптар арасында өткізілді. Нәтижесінде 5 «А» сыныбы – I-орын, 5 «В» сыныбы – II-орын, 5 «Б» сыныбы – III-орынға ие болды.

Сонымен қатар, 10-11 сыныптар арасында жүгіру (кросс) ұйымдастырылды.

**Нәтижесі:**

**Ұлдар арасында:**

- 1 орын – Минибаев Руслан 11 «В» сынып оқушысы;
- 2 орын – Каругулов Манас 11 «В» сынып оқушысы;
- 3 орын – Елемес Санжар 10 «Б» сынып оқушысы.

**Қыздар арасында:**

- 1 орын – Әлкеева Ақниет 11 «В» сынып оқушысы;
- 2 орын – Мұсайыпова Гүлден 11 «В» сынып оқушысы;
- 3 орын – Рахимова Нұрай 10 «Б» сынып оқушысы.

Оқушылардың ұлттық ойындарға деген қызығушылықтарын арттыру мақсатында «Салауатты өмір-көтеріңкі көңіл» тақырыбында тоғызқұмалақ, арқан тартыс, аударыспақ секілді спорт түрлерінен оқушылар бақ сынасты. 25-қазан – Республика күні аясында бастауыш сыныптар арасында «Қыран елім – Қазақстаным» атты отбасылық «Толағай» сайысы өткізілді. Мақсаты: салауатты өмір салтын қалыптастыру, ата-анамен бала арасында спорт мәдениетін кеңіртату, оқушыларды және ата-аналарды сұлу да сымбатты, денсаулығы зор, күшті болу үшін денені шынықтыру, оларға спортпен айналысудың қажет екендігін ұғындыру. Тәуелсіздік күніне орай оқушыларға шахматты насихаттау, зияткерлік және шығармашылық қабілеттерін дамыту мен жандандыру мақсатында 2-11 сыныптар аралығында мектепшілік шахмат турнирі өткізілді. Турнирға 60 оқушы қатысты.

**Бастауыш сыныптардан** I-орынды 3 «А» сынып оқушысы Алпысбай Талғат, II орынды 3 «А» сынып оқушысы Шайхы Айғаным, III орынды 3 «А» сынып оқушысы Манат Айару; **орта буыннан** I-орынды 6 «Б» сынып оқушысы Асылхан Айқанат, II-орынды 5 «А» сынып оқушысы Мадиев Нұрхан, III орынды 6 «А» сынып оқушысы Сейтжанова Арайлым; **жоғарғы буыннан** I-орынды 8 «А» сынып оқушысы Мадиев Нұржайық, II-орынды 11 «В» сынып оқушысы Қапаев Серікболсын, III-орынды 11 «В» сынып оқушысы Рахим Бекжол иеленді. Оқушыларды ойын кезінде өзін-өзі бақылау арқылы белсенділікке, сенімділікке, қайсарлыққа, батылдыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу мақсатында салауатты өмір салты кафедрасы мен мектеп Парламенті бірлесіп «Табысты толағай» сайысын ұйымдастырды. Дене шынықтыруды қалыптастыру, бұқаралық спортты дамыту, ашық іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу арқылы оқушылардың кәсіби шеберлігін жетілдіру мақсатында «Дені сау ұрпақ – ұлт болашағы» атты салауатты өмір салты кафедрасының апталығы өтті. Апталық аясында 5 сынып оқушылар арасында футболдан жарыс өткізілді. Нәтижесінде I-орынды 5 «А» сынып, 2-орынды 5 «Б» сынып, 3-орынды 5 «В» сынып иеленді. Фитнес жаттығулары арқылы оқушылардың дене тұлғасын жетілдіру, көңіл күйін көтеру, қимыл үйлесімділігін дамыту, салауатты өмір салтын насихаттау, ептілікке, жылдамдыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу мақсатында «Күш, сұлулық және денсаулық» тақырыбында 8-сынып арасында (қыздар арасында) фитнес ұйымдастырылды. «Дені сау

ұрпақ-ұлт болашағы» апталығы аясында ерекше білім беруді қажет ететін оқушылар және олардың ата – аналарының қатысуымен «Дені саудың - жаны сау» тақырыбында спорттық сауықтыру іс-шарасы өткізілді. Іс шараға «Қыран», «Сұңқар», «Тұлпар», «Белес» командалары қатысты. Жарыс тартысты, қызықты болды. Командаларға алғыстар айтылып, сыйлықтар табысталды. Оқушыларды гимнастикалық жаттығу жұмыстарына тарту және спорт саласына қызығушылығын арттыру мақсатында «Гимнастикалық көпсайыс» ұйымдастырылды. Нәтижесінде 1-орынға Мәліс Даяна, 2-орынға Рақымжан Мәдина, 3-орынға Жанат Айсана ие болды. Шахмат және тоғызқұмалақ ойындары оқушылардың ойлау қабілетінің аналитикалық-синтетикалық ой тұжырымдарын жасау, есте сақтау, қорытынды жасай алу қабілетін, іс-әрекетін болжауды дамытуға көмектеседі. Оқушылардың жоғарыда аталған қабілеттерін дамыту үшін мектебіміздің фойесінде шахмат, тоғызқұмалақ ойындарын ойнауға мүмкіндік беретін үстелдер орналастырылды. Оқушылар үлкен қоңырау кезінде ойынға өздерінің қызығушылықтарын танытып, бір-бірімен сайысты.

«Ұлттық мектеп лигасы» және «Гимназияда» ойындары бойынша аудандық жарыстарға 5-11 сынып оқушылары қатысты. Нәтижесінде:

- Баскетбол 7-8 сыныптар (ұлдар) - I орын;
- Волейбол 5-6 сыныптар (ұлдар) - III орын;
- Волейбол 5-6 сыныптар (қыздар) - I орын;
- Волейбол 9-11 сыныптар (ұлдар, қыздар) - II орын.

«Ұлттық мектеп лигасы» аясында 5-8 сынып оқушылары арасында үстел теннисі, тоғызқұмалақ және шахмат ойындарынан облыстық жарыстар өтті. Аталған ойындарға мектебіміздің оқушылары қатысты.

Нәтижесінде:

- Үстел теннисі – 5-6 сынып оқушылары I-орын;
- Шахмат – 7-8 сынып оқушылары 3-орын;
- Тоғызқұмалақ – 7-8 сынып оқушылары 2-орын.

2022-2023 оқу жылында спорттық жарыстардан салауатты өмір салты кафедрасы үздік нәтиже көрсетті. Оқушыларымыз бен мұғалімдеріміз кенттік, аудандық, облыстық жарыстарға қатысып, жүлделі орындарға ие болды. Республикалық кезеңге де жолдама алды. Мектебіміздің денешынықтыру мұғалімдері спорттық іс - шараларда төрешілік етті.

Мұғалімдеріміз өздерінің кәсіби шеберлігін арттыру мақсатында аудан, облыс тарапынан өткізілетін шеберлік сыныптар, курстар, семинарларға, қатысты. Аудандық «Workshop» өткізіп, тамыз конференциясына қатысып, Алғыс хаттармен марапатталды. Нәтижесінде спорттық сайыстар бойынша мектебіміздің қоржыны жүлделі орындармен майланды.

#### Swot- талдау

Әлді жақтары:	Әлсіз жақтары:
<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Спорттық инфрақұрылымды дамыту және спорттық құрылыстар салу;</li> <li>2. Денешынықтырумен айналысатын тұрғындар санының артуы;</li> </ol>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Ауылда спорттық құрылыстардың аздығы;</li> <li>2. Ауылдағы спорттық құрылыстарда мүліктердің аздығы;</li> </ol>

<p>Спорттық жетістіктері жоғары білікті спортшылардың санының артуы</p>	<p>3. Біліктілігі жоғары мамандар дефициті (құрылысты пайдалану мен техникалық пайдалану бойынша әдіскер);</p> <p>4. Тұрғындардың дене шынықтыру мен спортпен жүйелі түрде айналыспауы;</p>
<p><b>Мүмкіндіктер:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Облыстық инфрақұрылымда дене шынықтырумен және спортпен айналысу үшін мүмкіндіктер құру (жалпы пайдаланымдағы спорт құрылыстарын – спорт залдарын, спорт кешендерін және халықтың тұрғылықты жерінде, халық жаппай демалатын жерлерде спорт алаңдарын салу);</li> <li>2. Бұқаралық спортты дамыту, спорттық-бұқаралық, дене шынықтыру- сауықтыру, спорттық іс-шаралар нысандарын жетілдіру және дамыту бойынша жұмысты жандандыру</li> <li>3. Балалар мен жасөспірімдер спортын дамыту, балалар мен жасөспірімдердің спорт мектептерін кеңейту;</li> </ol>	<p><b>Қауіп-қатер:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Әлемдік қаржылық дағдарыстың әсері спорт секторын қаржыландыруды азайтуы және халықтың спорт мекемелерінің қызметтеріне қолжетімділігін төмендетуі мүмкін;</li> <li>2. Мекеменің материалдық техникалық базасын қолдау бойынша қаржыландыру деңгейінің төмендігі.</li> </ol> <p>спорт секторындағы бюджет ұйымдары қызметкерлері епбекақысының төмендігінен кадрлардың кетуі орын алады</p>

**Әдістемелік жұмыстың SWOT талдауы**

<b>Күшті жақтары:</b>	<b>Әлсіз жақтары:</b>
<ul style="list-style-type: none"> <li>- Қарағанды облысы білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығының тапсырысымен оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға арналған апталықтардың тиімділіктері өте жоғары: оқушылардың белсенділігі өте жоғары, мұғалімдердің шығармашылық әлеуеті артты, ата-аналар қолдау көрсетіп, белсене ат салысты.</li> <li>- жетекші мектептердің тәжірибесімен алмасуда «Lesson study» зерделеу жұмыстарын қорытындылап және Назарбаев зияткерлік мектептерінің тәжірибесін тарату барысында аймақтық форумға қатысу;</li> <li>- «Зейін» жобасының аясында мұғалімдердің функционалдық</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- мектепте түрлі салада жүргізілген кең көлемді жұмыстарды өткізуде тиісті мерзімінде рәсімдемеу;</li> <li>- мектеп-лицейде өткізілетін іс-шаралар БАҚ-да толық көлемде және уақытылы жарияланбауы;</li> <li>- кафедралардың әдістемелік бағытындағы өнімдерінің талапқа сай жарық көрмеуі;</li> <li>- педагогикалық озық тәжірибені таратуды облыстық, республикалық деңгейге ұсынбау;</li> <li>- «зерттеуші», «сарапшы» біліктілік санаты бар мұғалімдердің мөлшері тиісті деңгейде болғанымен, авторлық бағдарламалар жазылып бекітілмеуі;</li> <li>- мұғалімдердің жеке жұмыс жоспары жүзеге асырылуда оқушылардың ғылыми</li> </ul>



<p>сауаттылыққа тапсырмалар жинақтап, мұғалімдерге арналған көмекші құралдардың жарық көруі;</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- әдістемелік кеңесте талданатын тақырыптар мұғалімдердің қажеттілігінен туады, сол себептен, педагогтер әдістемелік кеңес жұмысына белсене қатысады;</li> <li>- әдістемелік кеңес: оқыту семинар, коучинг-сессия, практикум түрлерінде өткізіледі;</li> <li>- мұғалімдер жаңа білім платформаларының тиімді жақтарын көрсетіп аудандық, облыстық көлемде воркшоп сабағын өткізді;</li> <li>- оқушылардың біліміндегі олқылықтарды толтыру мақсатында қосымша сабақтар жүргізіліп, оқу үлгерімінде өте төмен оқушылардың білімі біршама көтерілді;</li> <li>- мұғалімдер қашықтықтан (онлайн) өткізілген курстарға қатысып, білімдерін жетілдіріп, мұғалімдермен бөліседі.</li> <li>- вариативті курстардың оқылуы және нәтижелілігі;</li> <li>- мұғалімдердің өз пәндері бойынша олимпиадаларға қатысуы;</li> <li>- мұғалімдердің магистратураға түсуі;</li> <li>- ұстаздардың біліктілік санаттарын жоғарылатуы.</li> <li>- мұғалімдердің видеосабақтар түсіруі;</li> <li>- БАҚ-на мақалаларының басылып шығуы;</li> <li>- Мұғалімдердің оқушыларды пән олимпиадаларына қатыстыруы.</li> </ul>	<p>жоба жазып қорғауда, ғылыми-практикалық конференцияларға қатысуда жетекшілік ететін ұстаздардың үлесінің аздығы;</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- мұғалімдердің оқушыларды ғылыми практикалық конференцияларға, байқауларға қатыстыруы әлі де болса төмен.</li> <li>- оқушылардың «Зейін» жобасы аясында математикалық сауаттылық, ақпараттық сауаттылық, функционалдық сауаттылықтан білімдерінің төмендігі.</li> <li>- білім кесіндісі, ББЖМ нәтижесінің сын көтермеуі;</li> <li>- авторлық бағдарламаның жоқтығы;</li> <li>- жеке мұғалім жетістігінің аздығы;</li> <li>- БАҚ жарияланған мақалалар, әдістемелік журналдарға жарияланған мақалалардың аздығы;</li> <li>- Магистрант мұғалімдердің аздығы</li> </ul>
--	---

#### Мүмкіндіктер:

- жүргізген апталықтар барысында мұғалім өз сабақ беру практикасына өзгерістер енгізіп, басқа мұғалімдердің тәжірибелерінен қажетін алу;
- мектеп көсбасшыларына тапсырмалар беріп, әдістемелік жұмысты жандандыру;
- БАҚ-да жарияланған мақала үшін педагогқа қолдау, марапаттауға ұсыну;
- әр мұғалімге өзінің жеке жоспарына мақала жариялауды міндеттеу;
- мұғалімдермен үнемі сауалнама жүргізіп, өзгеріп тұрған қажеттіліктерін анықтау;
- әдістемелік мәселелер бойынша шығармашылық зертханалар құрып, оқу-тәрбие үрдісінің тиімділігін арттыру;

#### Қауіп-қатер:

- қашықтықтан оқыту форматы мұғалімнің АКТ құзыреттілігі дамығанымен, жалпы оқыту үрдісіне қауіп туғызды, білім сапасының көрсеткіштері күрт өзгеруіне әсер берді;
- мектепте базалық пен қатар лицейлік, инклюзивті сыныптар қалыптасуы мұғалімнен оқытуда түрлі-әдістемелерді пайдалануды қажет еткендіктен өзге үлгілік әдістерді тікелей қолдануға мүмкіндік болған жоқ, әр сыныптың ерекшелігін ескерілуі тиіс;
- оқушылардың ішкі уәжінің төмендігі;
- функционалдық сауаттылықтың даму деңгейінің төмендігі;

- негізгі пәндерді меңгеруде жаңа талап қою арқылы, бақылау тәсілдерін, әдістемесін өзгерту арқылы оқушылар нәтижелерін жоғарылату, функционалдық сауаттылықтарын арттыру;
- ғылыми жоба жазу;
- авторлық бағдарламалар;
- олимпиада резервтерін дайындау;
- ынтасы төмен оқушылардың жұмысын жандандыру;
- «Зейін» жобасы тапсырмалары; ББЖМ тапсырмалары жинақтарын құрастырып шығару;
- пән мұғалімдері мен оқушыларды конкурстарға қатысуға ынталандыру;
- магистратураға тапсырып, түсуге тырысу.

- 10-11 сыныптардағы математиканың күрделі бағдарламасы.

### **Мәселе:**

- Мектеп-лицейде өткізілетін іс-шаралар БАҚ-да толық көлемде және уақытылы жарияланбауы;
- кафедралардың әдістемелік бағытындағы өнімдерінің талапқа сай жарық көрмеуі;
- педагогикалық озық тәжірибені таратуды облыстық, республикалық деңгейге ұсынбау;
- «зерттеуші», «сарапшы» біліктілік санаты бар мұғалімдердің мөлшері тиісті деңгейде болғанымен, авторлық бағдарламалар жазылып бекітілмеуі.

### **Шешу жолдары:**

- Әдістемелік отырыстарда мектеп-лицейде өткізілетін іс-шаралар БАҚ-да толық көлемде және уақытылы жариялау туралы ұсыныс беріп, қадағалау;
- кафедралардың әдістемелік бағытындағы өнімдерінің талапқа сай жарық көруіне бағыт-бағдар беру;
- педагогикалық озық тәжірибені таратуды облыстық, республикалық деңгейге ұсынуына қолдау көрсету;
- «зерттеуші», «сарапшы» біліктілік санаты бар мұғалімдердің авторлық бағдарламалар жазылып бекітілуіне ұсыныс беру, қадағалау.
- Пәндік байқаулар мен ғылыми жобаларға қатысу белсенділігін арттыру;
- Функционалдық сауаттылықтың даму деңгейін арттыру;
- «Зейін» жобасы тапсырмаларының базасын дайындап, әзірлеу;
- ББЖМ тапсырмаларының базасын дайындап, әзірлеу;
- Білім кесіндісі тапсырмаларының базасын дайындап, әзірлеу;
- Үлгерімі төмен оқушылардың жұмысын жандандыру;

## Х тарау. Жетекші мектеп пен Серіктес мектептерінің жұмыстары

**ЖМ мақсаты:** Серіктес мектеп педагогтерінің жаңартылған білім мазмұнын енгізуде оқу-әдістемелік сүйемелдеу және ұйымдастыруда кәсіби қолдауды қамтамасыз ету.

### Міндеттері / Задачі:

- кәсіби қауымдастық шеңберінде Жетекші және Серіктес мектептерінің өзара қарым-қатынасын дамыту, педагогтердің іс-әрекетінің бағалау тиімділігі.
- педагогтердің мектепшілік және мектепаралық жүйесі арқылы өз біліктілігін арттыру, үздіксіз кәсіби дамыту.
- әдістемелік тақырыптар бойынша зерттеу жүргізу, оқушыларды жаңартылған білім мазмұны аясында тиімді дайындауды қамтамасыз ететін жаңа тәсілдерді іздеу.


**Жетекші құзыреті:** мұғалімнің тәжірибесіндегі зерттеу.

Ю. А. Гагарин мектеп - лицейінде сабақты зерттеу (LS) және іс – әрекетті зерттеуге байланысты бірнеше топ құрылып, жұмыстар жүргізілді. Мысалға алсақ, бастауыш сыныптар бойынша 4 Г сыныбында осы жұмыста жүргіздік. Сынып жетекшісі Шиганбаева Г. Анықталған проблема оқу сапасының төмендігі. Топта мына мұғалімдер жұмыс атқарды: Торғаева А. К. Хабидолда А. Анварова Б. Жумабекова Ж. О. Математика, қазақ тілі, әдебиеттік оқу, дүниетану, жаратылыстану, ағылшын тілі, орыс тілі пәндері бойынша зерттеу сабақтары жүрді. Әр сабақ сайын оқушылардан сұрақ – жауап алынып, әр сабақ баланың деңгейіне қарай жоспарланып отырылды. Оқушылардың көз қарасы өзгеріп, білім сапасына әсерін тигізді. Оқушылар сабаққа белсенділік танытып, қызығушылықпен қатысты. Көмек қажет ететін оқушыларға ұстардар тарапынан көмек көрсетілді. «Сабақтағы кері байланыстың тиімді тұстары» тақырыбында бастауыш сынып мұғалімі Игембаева Г. К. қазақ тілі мен әдебиетінің пән мұғалімі Максұтова А. А. орыс тілі мен орыс әдебиетінің пән мұғалімі Абдикаримова Б. К. Аудан аймағында іс – тәжірибемен бөлісу. Онлайн. ZOOM платформасы. Ұстаздар сабақ барысында өткізілген кері байланыстың тиімді тұстарын айтты, оған бірнеше дәлелдер келтірді. Іс – тәжірибе бөлісу барысында ұстармен кері байланыс жасалып, өз пікірлерін білдірді. Өкінішке орай, аудан бойынша санаулы ғана ұстаздар қатысты. «Білім сапасына **“Lesson Study”** әдісінің тиімділігі» тақырыбында бастауыш сынып мұғалімі Жумабекова Ж. О. облыс аумағында воркшоп өткізді.

### Мақсаты:

- ▶ Lesson Study-дің мәні оқушылардың назарын оқуға шоғырландыру арқылы оқытуды дамыту және жетілдіруге арналған құрал екендігін түсіне алу;
- ▶ Оқушылардың білімін дамытуға ықпал ететін, оларды оқытуға көңіл аударатырып, оқытуды жетілдіру және оның сапасын арттыру құралы ретінде **Lesson Study** –ді ұсыну.

Воркшопқа облыс мектептерінің ұстаздары қатысты. Сапаның көтерілу себебі талқыланып, LS әдісінің тиімді тұстары айтылды.



Swot талдау

Әлді жақтары	Әлсіз жақтары
<p>Ю. А. Гагарин атындағы мектеп – лицейінің жоспарланған жұмыстарының уақытылы жүргізілуі.</p> <p>Ю. А. Гагарин атындағы мектеп – лицейінің ұстаздарының аудан, облыс көлемінде өз іс – тәжірибелерімен бөлісулері.</p>	<p>Жетекші мектептер мен серіктес мектептердің еш байланысқа шықпай, жыл бойы ешқандай жұмыс жүргізбеулері.</p>
Мүмкіндіктер	Мәселелер
<p>Жетекші мектептерге, серіктес мектептерге жылдық жоспардың жіберілуі, жұмыс барысымен таныстыру.</p> <p>Онлайн платформалары, байланыс телефондарының қолжетімдігі.</p>	<p>Жетекші мектептердің және серіктес мектептердің ұстаздарының жұмысқа немқұрайлы қараулары, жауапкершіліктің жоқтығы.</p> <p>Байланысқа шықпаулары, кері байланыс бермеулері.</p>

## Хітарау. Психологиялық қызметтің жылдық жұмысы

Жылдық жоспарға сәйкес қыркүйек айының бастап Оқу-ағарту министрлігінің бұйрығы бойынша ата-аналар жиналыстарында психологиялық қызметтің № 377 бұйрығы таныстырылып, ата-аналардан келісімдер жиналды. 6 ата-ана бас тарту қағазын толтырды. Жоспар бойынша қыркүйек айынан бастап 1-ші және 5-ші сынып оқушылары қадағалауда болды. Сабақтарында бақылау жүргізіліп, сынып жетекшілермен әңгіме жүрізілді. Психологиялық – педагогикалық мониторингінің автоматтандырылған жүйесінде 1-ші сынып оқушыларының бейімделуін анықтау барысында сынып жетекшілер сауалнамаға жауап берді. Сауалнама нәтижесінде 2 оқушыда дезадаптация және 1 оқушыда невролог консультация керектігі анықталды. Сонымен қатар: 6-7 жас тағы балалардың ой қабілетінің деңгейін анықтау әдістемесі жүргізілді. Әдістемеге 95 оқушы қатысты. Әдістеме бойынша алынған нәтиже: **I субтест** - оқушылардың жалпы мәліметтерді (сөздік қорын) меңгеруін анықтау – жоғары деңгей көрсеткен - 13 оқушы (14%), орташа деңгей –78 оқушы (82%), төмен көрсеткіш көрсеткен - 4 оқушы (4%). **II субтест** – сандық және сапалық түсінік қатынасын анықтау. Жоғары деңгей көрсеткен – оқушы анықталған жоқ, орташа деңгей -5 оқушы (5%), төмен деңгей – 87 оқушыда (91%). **III субтест** – қисынды ойлау деңгейін (артықшылықты ажырату). Жоғары деңгей – 4 оқушы (15%), орташа деңгей – 23 оқушы (24%), төмен деңгей – 59 оқушы (62%). **IV субтест** – қисынды ойлау деңгейін (артықшылықты ажырату). Жоғары деңгей – 12 оқушы (%), орташа деңгей – 52 оқушы (%), төмен деңгей – 30 оқушы (%). **Жалпы 4 субтест бойынша** ойлау қабілетінің жоғары деңгейі – 7 оқушы (7%) көрсетті, орташа деңгейді 24 оқушы (25%) және төмен деңгейді – 61 оқушы (64%) көрсетті. Әдістемеге қатыспаған балалардан тестілеу алынуда. Осы әдістеменің нәтижесінде сынып жетекшілерге ұсыныстар берілді.

Педагогикалық-психологиялық мониторингінің автоматтандырылған жүйесінде 1-ші сынып оқушыларына арналған Н.Г.Лусканованың "Оқу мотивациясының деңгейін бағалау" сауалнамаға 102 оқушы қатысты. Сауалнаманың нәтижесі бойынша оқу мотивацияның жоғары деңгейін 21 оқушы (21) оқушы көрсетті, жақсы деңгейін- 44 оқушы (43), 36 оқушыда (35) сабаққа оң көзқарас, бірақ мектеп тек ғана тыс жақтары қызықтырады, 1 оқушыда мектепке деген теріс көзқарас, мектепке бейімсіздену.

**1-ші сынып ата-аналары арасында балаларының бейімделуіне байланысты сауалнама жүргізілді.** Сауалнамаға 108 ата-ана қатысты. Сауалнаманың нәтижесі бойынша:

-10 ата-ана балалары мектепте құлықсыз барады деп жауап берді, 98 ата-ана – қуанышпен барады деді.

-102 ата-ана балалары мектеп тәртібіне толық бейімделді деп жауап берді, 6 ата-ана -әлі толықтай бейімделген жоқ деп жауап қайтарды.

-59 ата-ана – бала мектептегі тәжірибесімен жиі бөліседі деп жауап берсе, 2 ата-ана – баласы сабақтан кейін шаршаңқы және ашулы болады деп жауап берді, 1 ата-ана- мектептен келіп сабағын оқиды деп жауап берді, 46 ата-ана -кейде деп жауап берді.

- 70 ата-ана балаларының мектептен кейін эмоционалдық сипаты жағымды болады деген жауапты таңдады, 38 ата-ана оң және теріс шамамен бірдей болады деп жауап қайтарды.

108 ата-ананың барлығы балалары сыныптастарына шағымдаданбайды және мұғалімдеріне шағымданып, ренжімейді деп жауап қайтарды.

Балаларыңыз академиялық жүктемені стрессіз жеңе ма деген сұрақ бойынша 102 ата-ана «иә» деп жауап берсе, 6 ата-ана «жоқ» деп жауап қайтарды.

Психолог тарапынан көмек керек пе деген сұраққа 7 ата-ана логопедтың көмегін сұрады, сабаққа дайындау және әңгімелесу деп жауап берді.

**Жоспарға сай 5 – сынып оқушыларымен қыркүйек, қазан айларында үш әдістеме өткізілді. Әдістемелер HR + жүйесі бойынша алынды. Олар:**1. Оқушылардың оқу

мотивациясын анықтауға арналған сауалнама. 2. Оқушылардың қобалжу деңгейін анықтау Филипс әдістемесі. 3. Социометрия әдісі бойынша сынып оқушыларының қарым-қатынасын зерттеу.

**Оқушылардың оқу мотивациясын анықтауға арналған сауалнама нәтижесі.** 115 оқушы қатысты. 1 оқушы қатысқан жоқ және 1 оқушы диагностикадан бас тартты. Жоғары көрсеткіш - 5-4,3%, орташа көрсеткіш - 79-68,6%, төмен көрсеткіш - 22-19%.

**Оқушылардың қобалжу деңгейін анықтауға арналған Филипс әдістемесінің мақсаты:** 5-сынып оқушыларының мазасыздық деңгейі мен сипатын анықтау. 115 оқушы қатысты. Жоғары алаңдаушылық – 2, орташадан жоғары – 22, төмен алаңдаушылық – 91.

**Социометрия әдісі бойынша сынып оқушыларының қарым-қатынас зерттеу нәтижесі.**

**5 «А» сыныбында толық 22 оқушы қатысты.** Лидер - 1 оқушы. Беделді - 2 оқушы. Қабылданған - 15 оқушы. Шектелген - 4 оқушы.

**5 «Ә» сыныбында толық 21 оқушы қатысты.** Лидер - 1 оқушы. Беделді - 1 оқушы. Қабылданған - 16 оқушы. Шектелген - 3 оқушы.

**5 «Б» сыныбында толық 21 оқушы қатысты.** Лидер - 1 оқушы. Беделді - 2 оқушы. Қабылданған - 18 оқушы. Шектелген оқушы жоқ.

**5 «В» сыныбында толық 23 оқушы қатысты.** Лидер - 1 оқушы. Беделді - 3 оқушы. Қабылданған - 18 оқушы. Шектелген - 1 оқушы.

**5 «Г» сыныбында толық 16 оқушы қатысты.** Лидер - 1 оқушы. Беделді - 1 оқушы. Қабылданған - 12 оқушы. Шектелген - 2 оқушы.

**5 «Д» сыныбында 14 оқушы қатысты.** Лидер - 2 оқушы. Беделді - 2 оқушы. Қабылданған - 9 оқушы. Шектелген - 1 оқушы.

**Жоспар бойынша 8-10 сынып оқушылар арасында мектепте Буллингтің алдын алу бойынша сауалнама алынды. 8-шы сынып оқушылар арасында сауалнамаға 62 оқушы қатысты. Сауалнаманың нәтижесі бойынша:**

- 42 оқушы – буллинг не екенін біледі, 29 оқушы – білмейді;
- 31 оқушы – бір адамның басқаға мазақ болғанын кездестірген, 31 оқушы – жоқ деп жауап берді;
- 13 оқушы – кемсіту түрде, 12 оқушы – қорлау түрінде, 4 оқушы физикалық зорлық-зомбылық түрінде, 1 оқушы – қорлауды телефонға түсіру түрінде кездестірді.
- 7 оқушы – бақылаушы ретінде, 2 оқушы – құрбаны ретінде, 53 оқушы айдап салудың қатысушысы болған емеспіз деп жауап қайтарды.
- 12 оқушы – айдап салу мектепте, 13 оқушы – әлеуметтік желіде, 14 оқушы – аулада, көшеде болады деп белгіледі.
- 37 оқушының ойы бойынша әлсіз және жауап қайтара алмайтын адам жиі буллингке ұшырайды деп жауап берді, 9 оқушы – басқалардан айырмашылығы бар адам деп белгіледі, 8 оқушы – өз пікірі бар адам деп белгіледі;
- 5 оқушы – педагогтар тарапынан оқушыларға қысым көрсеткен жағдай жиі болады деп жауап берді; 10 оқушы – болады бірақ сирек деп жауап қайтарды;
- 17 оқушы – егер уақытында ересектер байқаса білім беру ұйымында қысымды болдырмау мүмкін деп ойларын белгіледі, 16 оқушы – егер жәбірленуші өзінің мінез-құлқын өзгертсе және 22 оқушы – ол белгісіз деп жауап берді.
- 9 оқушының ойы бойынша білім беру ұйымында буллингтің жолын кесуге мектеп әкімшілігі қабілетті, 16 оқушы – педагогикалық ұжым деп есептей, 5 оқушы – ата-ана деп белгіледі, 23 оқушы – мектепте буллингтің жолын кесуге оқушылардың өздері қабілетті деп есептейді.

**9-шы сынып оқушылар арасында сауалнамаға 83 оқушы қатысты. Сауалнаманың нәтижесі бойынша:**

- 69 оқушы – буллинг не екенін біледі, 19 оқушы – білмейді;

- 40 оқушы – бір адамның басқаға мазақ болғанын кездестірген, 43 оқу – жоқ деп жауап берді;
- 13 оқушы – кемсіту түрде, 9 оқушы – қорлау түрінде, 5 оқушы- физикалық зорлық-зомбылық түрінде, кибербуллинг - 3.
- 13 оқушы – бақылаушы ретінде, 1 оқушы – құрбаны ретінде, 69 оқушы айдап салудың қатысушысы болған емеспіз деп жауап қайтарды.
- 14 оқушы – айдап салу мектепте, 18 оқушы –әлеуметтік желіде, 18 оқушы – аулада, көшеде болады деп белгіледі.
- 51 оқушының ойы бойынша әлсіз және жауап қайтара алмайтын адам жиі буллингке ұшырайды деп жауап берді, 14 оқушы – басқалардан айырмашылығы бар адам деп белгіледі, 6 оқушы – өз пікірі бар адам деп белгіледі;
- 3 оқушы – педагогтер тарапынан оқушыларға қысым көрсеткен жағдай жиі болады деп жауап берді; 22 оқушы- болады бірақ сирек деп жауап қайтарды;
- 25 оқушы – егер уақытында ересектер байқаса білім беру ұйымында қысымды болдырмау мүмкін деп ойларын белгіледі, 18 оқушы – егер жәбірленуші өзінің мінез-құлқын өзгертсе және 32 оқушы – ол белгісіз деп жауап берді.
- 25 оқушының ойы бойынша білім беру ұйымында буллингтің жолын кесуге мектеп әкімшілігі қабілетті, 19 оқушы – педагогикалық ұжым деп есептей, 5 оқушы- ата-ана деп белгіледі, 22 оқушы – мектепте буллингтің жолын кесуге оқушылардың өздері қабілетті деп есептейді.

**10-шы сынып оқушылар арасында 43 оқушы сауалнамаға қатысты. Сауалнаманың нәтижесі бойынша:**

- 33 оқушы – буллинг не екенін біледі, 9 оқушы – білмейді;
  - 40 оқушы – иә, тап болдым , 26 оқу – жоқ деп жауап берді; 2 оқушы – кейбір кезде.
  - 6 оқушы – кемсіту түрде, 3 оқушы – қорлау түрінде, 1 оқушы- физикалық зорлық-зомбылық түрінде, кибербуллинг – 1, 1 оқушы – қорлауды телефонға түсіру.
  - 3 оқушы – бақылаушы ретінде, 1 оқушы – құрбаны ретінде, 38 оқушы айдап салудың қатысушысы болған емеспіз деп жауап қайтарды.
  - 11 оқушы – айдап салу мектепте, 13 оқушы –әлеуметтік желіде, 7 оқушы – аулада, көшеде болады деп белгіледі.
  - 29 оқушының ойы бойынша әлсіз және жауап қайтара алмайтын адам жиі буллингке ұшырайды деп жауап берді, 6 оқушы – басқалардан айырмашылығы бар адам деп белгіледі, 4 оқушы – өз пікірі бар адам деп белгіледі;
  - 1 оқушы – педагогтер тарапынан оқушыларға қысым көрсеткен жағдай жиі болады деп жауап берді; 10 оқушы- болады бірақ сирек деп жауап қайтарды; 32 оқушы – кездертірмедім деп жауап қайтарды;
  - 23 оқушы – егер уақытында ересектер байқаса білім беру ұйымында қысымды болдырмау мүмкін деп ойларын белгіледі, 6 оқушы – егер жәбірленуші өзінің мінез-құлқын өзгертсе және 11 оқушы – ол белгісіз деп жауап берді.
  - 13 оқушының ойы бойынша білім беру ұйымында буллингтің жолын кесуге мектеп әкімшілігі қабілетті, 13 оқушы – педагогикалық ұжым деп есептей, 4 оқушы- ата-ана деп белгіледі, 6 оқушы – мектепте буллингтің жолын кесуге оқушылардың өздері қабілетті деп есептейді.
- Оқушылар арасында жүргізілген сауалнамамен қатар ата-аналар арасында А.А.Андреевтың «Ата-аналардың білім беру ұйымының жұмысына қанағаттануыш зерттеу әдістемесі» алынды. 8-ші сынып ата-аналар арасында жүргізілген сауалнаманың қорытындысы. 75 ата-ана сауалнамаға қатысты.**

**1.Ата-аналардың жауаптары бойынша 38 ата- (51) -балалары оқитын сыныпты тату деп айтуға- толығымен келіседі, 28 ата-ана (37) – келіседі, 6 ата-ана (8) айту қиын деп жауап берді.**

**2. Сыныптастарының ортасында біздің бала өзін жайлы сезінеді деген сұраққа- 46 ата-ана (61) – толығымен келіседі, 24 (32) ата-ана – келіседі, 4 ата-ана (5) – айту қиын деп белгіледі.**

**3. Педагог біздің баламызға мейірімділікпен қарайды** деген сұрақ бойынша 35 (47) ата-ана толығымен келісемін деп жауап берді, 34 ата-ана (45) – келісемін десе, 4 ата-ана (5)- айту қиын деп жауап берді.

**4. Біз мектеп әкімшілігімен және мұғалімдермен қарым-қатынаста өзара түсіністік сезімін сезінеміз** деген сұрақ бойынша 27 ата-ана (36) – толығымен келісеміз деп жауап берді, 31 ата-ана (41) - келісемін, 16 ата-ана (21)- айту қиын деп белгіледі, және 1 ата-ана (1) келіспеймін деп жауап қайтарды.

**5. Біздің бала оқитын сыныпта сынып жетекшісі жақсы** деген сұрақ бойынша 63 ата-ана (84) – толығымен келісемін деген жауапты таңдады, 12 ата-ана (16) – келісемін деген жауапты белгіледі.

**6. Педагогтер біздің баланың оқудағы жетістіктерін әділ бағалайды** деген сұрақта толығымен келісемін деген жауапты 32 ата-ана (43) таңдады, 27 ата-ана (36) – келісемін, 14 ата-ана (19)- айту қиын деп жауап берді.

**7. Біздің бала шамадан тыс оқу сабақтарымен және үй тапсырмаларымен жүктелмеген** сұрақта 22 ата-ана (29) – толығымен келісемін деп жауап берді, 27 ата-ана (36) – келісемін, 22 ата-ана (29) – айту қиын деді, 5 ата-ана (6) – келіспеймін деп жауап берді.

**8. Мұғалімдер біздің баланың жеке ерекшеліктерін ескереді** деген сұрақ бойынша 29 ата-ана (39) толығымен келісемін деген жауапты белгіледі, 28 ата-ана (37) – келісемін, 14 ата-ана (19)- айту қиын және 3 ата-ана (4) келіспеймін деп жауап қайтарды.

**9. Мектепте балаларға пайдалы және қызықты іс-шаралар өткізіледі** деген сұрақта 30 ата-ана (40) толығымен келісемін деп жауап берді, 28 ата-ана (37) – келісемін, 14 ата-ана (19) айту қиын деп жауап қайтарды.

**10. Мектепте үйірмелер, секциялар жұмыс істейді** деген сұрақ бойынша 27 ата-ана (36) – толығымен келісемін деген жауапты белгіледі, 32 ата-ана (43) – келісемін, 13 ата-ана (17)- айту қиын деген жауапты таңдады.

**11. Педагогтер біздің баламызға терең және берік білім береді** деген сұрақта 35 ата-ана (47) - толығымен келісемін деп жауап берді, 29 ата-ана (39) – келісемін және 7 ата-ана (9) – айту қиын деп жауап берді.

**12. Мектепте біздің баланың физикалық дамуы мен денсаулығына қамқорлық жасалады** деген сұрақта 31 ата-ана (41) – толығымен келісемін деген жауапты таңдады, 31 ата-ана (41) – келісемін және 10 ата-ана (13) – айту қиын деп жауап берді.

**13. Мектеп баламыздың мінез-құлқын қалыптастыруға лайықты ықпал етеді** деген сұрақта 29 ата-ана (39) – толығымен келісемін деп жауап берді, 28 ата-ана (37) – келісемін және 14 ата-ана (19) – айту қиын деп жауапты белгіледі.

**14. Әкімшілік пен мұғалімдер баламыздың қабілеттерінің дамуына жағдай жасайды** деген сұрақта 29 ата-ана (39) – толығымен келісемін, 28 ата-ана (37) – келісемін және 15 ата-ана (20) айту қиын деп жауап қайтарды.

**15. Мектепте баланы өз бетінше өмір сүруге дайындайды** деген сұрақ бойынша 31 ата-ана (41) – толығымен келісемін, 22 ата-ана (29)- келісемін, 14 ата-ана (19) – айту қиын, 3 ата-ана (4) – келіспеймін және 1 ата-ана (1,3) – мүлдем келіспеймін деген жауап қайтарды

**9-ші сынып ата-аналар арасында жүргізілген сауалнаманың қорытындысы.** 9-ші сынып ата-аналар арасында А.А.Андреевтың «Ата-аналардың білім беру ұйымының жұмысына қанағаттануын зерттеу әдістемесі» өткізілді. 66 ата-ана сауалнамаға қатысты. ата-аналар арасындағы сауалнама Google формада өткізілді. Сауалнаманың нәтижесі бойынша сауалнамаға қатысқан ата-аналардың көбісінде білім беру ұйымының жұмысына жағымды көзқарастарын білдірді. Жағымсыз көзқарастарын білдірген ата-аналар да анықталды. Мектеп әкімшілігінің және мұғалімдердің арасындағы өзара қарым-қатынасқа байланысты, мұғалімдер балаларының ерекшеліктерін ескеруіне назар аударса және кейбір ата-аналар мектеп баланы өз бетінше өмір сүруге дайындайтынына келіспейді.

**8-11 сынып оқушылар арасында жүргізілген агрессивтілікті диагностикалауға арналған Басса-Дарки әдістемесінің қорытындысы.** Жоспар бойынша қараша-



желтоқсан айларында 8-11 сынып аралығында оқушыларда агрессия мен дұшпандықтың негізгі белгілерінің көріну деңгейін анықтау мақсатында сауалнама жүргізілді. Сауалнамаға 296 оқушы қатысты, 15 оқушы қатысуда. Агрессия индексінің айқын көрінімін 112 оқушы көрсетті, бірқалыпты көрінім - 152 оқушыда, 19 оқушыда – әлсіз көрінім. Агрессия индексінің айқын көрінімін көрсеткен оқушылармен профилактикалық әңгімелер жүргізілді. Оқушыларда агрессияның жоғары деңгейін көрсету себептері айқындалды. Сауалнаманың нәтижесі бойынша агрессияның жоғары деңгейін көрсеткен оқушылар психологтың тіркеуіне алынды.

Оқу жылынан бастап 20-оқушымен олардың тәртіптеріне, эмоционалдық жағдайына байланысты, ата-аналар тарапынан, пән мұғалімдерін, сынып жетекшілерден және достарынан түскен сұраныстарына сәйкес жеке профилактикалық әңгімелер жүргізілді, сонымен қатар жеке топтармен ұлдар және қыздармен сыныптағы жағдайға байланысты әңгімелер өткізілді.

II жартыжылдықта диагностикалық бағыт бойынша 4-шы сынып оқушылар арасында сабақтастық жоспарына сәйкес Э. Замбацявичененің «ШТУР» оқушылардың интеллектуалдық даму деңгейін анықтау сауалнамасы, А. Федоренконың «Сыныптағы психологиялық ахуалды зерттеу» сауалнамасы, Филлипстың мектепке үрейлену деңгейін саралау әдістемесі және топты зерттеудің социометриялық әдістемесі өткізілді. Әдістемелер ППМА жүйесінде жүргізілді.

**Э. Замбацявичененің «ШТУР» оқушылардың интеллектуалдық даму деңгейін анықтау сауалнамасы** бойынша 89 оқушы қатысты. нәтижесі бойынша ақыл-ой дамуының жоғары деңгейін 6 оқушы көрсетті орташа деңгейді – 38 оқушы, орташадан төмен деңгейді – 33 оқушы және төмен деңгейді – 12 оқушы көрсетті.

**А. Федоренконың «Сыныптағы психологиялық ахуалды зерттеу» сауалнамасы** бойынша 89 оқушы арасында 6-12 ұпай – 80 оқушы сыныптағы психологиялық ахуалды жоғары бағалайды. Ол бірге оқитын адамдарды жақсы көреді. 13-18 ұпай – 9 оқушы сыныптың психологиялық климатына немқұрайлы қарайды, оның басқа топтағы қарым-қатынасы ол үшін маңызды.

**Филлипстың мектепке үрейлену деңгейін саралау әдістемесі** бойынша 1. Мектепке жалпы үйренуі 11 оқушыда – жоғары, әлеуметтік дағдарысқа алаңдауы 2 оқушыда – жоғары, жетістікке жету талпынысы 2 оқушыда – жоғары, өзін-өзі көрсету қорқынышы 26 оқушыда – жоғары, білімді тексеру кезінде қорқынышы 21 оқушыда – жоғары, айналадағылардың күткен нәтижеге қол жеткізе алмауы 17 оқушыда – жоғары, қорқынышқа қарсы физикалық әрекеттің төмендігі 19 оқушыда – жоғары.

Топтық зерттеудің социометриялық әдістемесінің нәтижесі сынып жетекшілерге берілді.

1-ші сынып оқушылар арасында МЭДИС әдістемесінің II срезі жүргізілді. Әдістемеге 95 оқушы қатысты. Әдістеме бойынша алынған нәтиже:

**I субтест** - оқушылардың жалпы мәліметтерді (сөздік қорын) меңгеруін анықтау – жоғары деңгей көрсеткен - 30 оқушы (31,5%), орташа деңгей – 46 оқушы (48%), төмен көрсеткіш көрсеткен - 17 оқушы (18%).

**II субтест** – сандық және сапалық түсінік қатынасын анықтау. Жоғары деңгей көрсеткен – 1 оқушы, орташа деңгей - 15 оқушы (16%), төмен деңгей – 79 оқушыда (83%).

**III субтест** – қисынды ойлау деңгейін (артықшылықты ажырату). Жоғары деңгей – 13 оқушы (13%), орташа деңгей – 24 оқушы (25%), төмен деңгей – 59 оқушы (62%).

**IV субтест** – математикалық қабілет. Жоғары деңгей – 6 оқушы (6%), орташа деңгей – 37 оқушы (39%), төмен деңгей – 52 оқушы (55%).

**Жалпы 4 субтест бойынша** ойлау қабілетінің жоғары деңгейі – 7 оқушы (7%) көрсетті, орташа деңгейді 25 оқушы (26%) және төмен деңгейді – 63 оқушы (66%) көрсетті.

5-11 оқушылар арасында **Депрессия шкаласын анықтау** барысында сауалнамаға 545 оқушы қатысты. сауалнаманың нәтижесі бойынша ауыр депрессияда болу мүмкін – 125 оқушы, бірқалыпты депрессия – 137 оқушы, жеңіл депрессивті күй – 145 оқушыда және депрессияны сезінбейді – 136 оқушы. Ауыр депрессияда болу мүмкін оқушылар психогтардың назарында және жеке әңгімелер жүргізілді.

**Мектепалды даярлық сынып оқушыларының мектепке дайындығын анықтау барысында 4 әдістеме жүргізілді:**

1. Оқушының психоәлеуметтік жетілгендігі
2. Ойлау және сөйлеу
3. Ақыл-ой қорытындысы

Психоәлеуметтік жетілгендігі бойынша орташа деңгейді – 38 оқушы және төмен деңгейді – 17 оқушы көрсетті

Ойлау және сөйлеу әдістемесі бойынша – жоғары деңгейді – 23 оқушы, орташа деңгейді – 5 оқушы және төмен деңгейді – 26 оқушы көрсетті.

Ақыл-ой қорытындысы бойынша жоғары деңгейді - 39 оқушы, орташа деңгейді – 12 оқушы және төмен деңгейді 4 оқушы көрсетті.

Жалпы көрсеткіш бойынша мектеп жоғары дайындық деңгейін – 10 оқушы көрсетті, орташа деңгейді – 31 оқушы және төмен деңгейді – 13 оқушы көрсетті.

**Профилактикалық кеңес** бағыты бойынша оқу жыл барысында оқушылар арасындағы туындайтын мәселелер бойынша, оқушының психологиялық тұрғыдан пайда болатын мәселелерге байланысты, сынып жетекшілердің сұраныстары бойынша сыныптың қыздары мен ұлдарымен 57 жеке профилактикалық әңгімелер мен кеңестер берілді.

**Психологиялық ағарту жұмысы** бойынша оқу жылдың басынан мектеп ұжымымен кәмілетке толмағандар арасында суицидалды мінез-құлықтың алдын алу тренингтары жүргізілді.

Мектептің жас мамандарымен ұйымдастырылған «Жас педагогты кәсіби бейімдеу» тақырыбында тренингтік жұмыс жүргізілді.

Үнемі мектептің жалпы ата-жиналыстарында оқушылардың жас ерекшеліктеріне байланысты тренингтік жұмыстар өткізіледі.

**Психологиялық түзету – дамыту бағыты** ата-аналардан және сынып жетекшілерден түскен сұраныстарына байланысты оқушылармен жеке жұмыстар жүргізілді. Оқушылардың психологиялық денсаулығына, оқу үлгеріміне, жеке өміріндегі мәселелеріне және сыныптағы қарым-қатынасқа байланысты жас ерекшеліктеріне сай әдістемелер жүргізіліп, нәтижелері ата-аналарына ескертілді. Қосымша жұмыс ретінде оқушылардың қызығушылығын арттыру және балалар арасындағы қарым-қатынасты орнату үшін Адамкожина Бегзат Қайратовнамен мектепшілік КҚІЛді тапқырлар ойыны өткізілді және аймақтық «Жайдарман» ойынында қыздар командасы Бас жүлдеге ие болды.

Әлді жақтары	Әлеіс жақтары
1. Ата-аналармен байланыстың қол жетімділігі. 2. Тренингтер ұйымдастыру барысында ұстаз, ата-ана, оқушылар тарапынан қиыншылық тудырмауы. 3. 1,4,5,9 сыныптарда диагностикаларды үйреншікті түрде кедергісіз жүргізілуі.	1. Жоспардан тыс жұмыстардың, жұмыс барысына кедергі болуы. 2. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары, әлеуметтік педагогтар және психологтардың бірлескен жоспарының жоқтығынан біраз іс-шаралардың жүзеге асырылмауы.
Қауіп-қатер	Мүмкіндіктер
1. Кейбір сынып жетекшілер сыныбына келген жаңа оқушылардың әлеуметтік жағдайын зерттемеуі. 2. Кейбір ата-аналардың балаларының көңіл күйіне назар аудармауы, алдын ала дабыл қағып, психологиялық көмекке жүгінбеуі.	1. Өзіндік білім жетілдіруге деген мүмкіндіктің еркін болуы. 2. Оқушыларға арналған психологиядан курс жазуға мүмкіндіктердің болуы.

3.Отбасында,мектеп ішінде туындайтын мәселелерді директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары, әлеуметтік педагогтар және психологтардың бірлесе отырып қарастырмауы.

3.Уақытты дұрыс ұйымдастырып,пайдалануға кедергілердің болмауы.

#### Мәселе:

1. кейбір сынып жетекшілер сыныбына келген жаңа оқушылардың әлеуметтік жағдайын зерттемеуі.
2. кейбір ата-аналардың балаларының көңіл күйіне назар аудармауы,алдын ала дабыл қағып,психологиялық көмекке жүгінбеуі.
3. отбасында,мектеп ішінде туындайтын мәселелерді директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары, әлеуметтік педагогтар және психологтардың бірлесе отырып қарастырмауы.

#### Шешу жолдары:

1. Сынып жетекшілермен тығыз байланыста жұмыс істеу.
2. Мектептің қауіпсіздік командасының жұмысын жандандыру.
3. Қиын өмірлік жағдайда жүрген оқушыларды назардан тыс қалдырмау.

### ХІІ тарау.Әлеуметтік педагогтардың атқарған жұмыстары

**Әлеуметтік педагог жұмысының мақсаты:** Оқушылардың жеке тұлғалық дамуы үшін қолайлы (физикалық, әлеуметтік, рухани-адамгершілік, зияткерлік) жағдай жасау. Әлеуметтену үдерісінде өздігінен даму және өзін-өзі танытуда оқушыларға кешенді әлеуметтену-психологиялық-педагогикалық көмек көрсету, сондай-ақ оқушылардың өмір сүру кеңістігінде оларды қорғау (әлеуметтік, психологиялық-педагогикалық, құлықтылық).

#### Жұмыс барысында келесі міндеттер орындалды:

-«аз қамтылған», «көп балалы», «толық емес» отбасылардан шыққан оқушыларға әлеуметтік көмек көрсету;

- қамқорлық пен қорғаншылыққа мұқтаж, мүмкіншіліктері шектеулі, девиантты мінез-құлықты, сондай-ақ, төтенше жағдайға ұшыраған білім алушыларға көмек көрсетуде педагогикалық ұжыммен, ата-аналармен әлеуметтік сала мамандарымен, қайырымдылық ұйымдармен бірлесе әрекет ету;

- оқушылардың сабаққа қатысуын қадағалау;

- кәсіби бағдар беру мақсатында оқушыларға арналған іс шаралар;

Жоспар бойынша 2022-2023 оқу жылының тамыз-қыркүйек айларында "Мектепке жол" атты республикалық акция туралы үгіт - насихат, көмек көрсету және ықпал ету жұмыстары жүргізілді. Ұстаздардың, ата-аналардың және кентіміздегі кәсіпкерлердің "Мектепке жол" қайырымдылық акциясына қатысуы қамтамасыз етілді.

Акцияның мақсаты – аз қамтылған және көп балалы отбасынан шыққан оқушыларға, жетім балаларға, сондай-ақ ата-анасының қамқорынсыз қалған балаларға қолдау көрсету. Жаңа оқу жылына дайындық кезеңінде әлеуметтік себептер бойынша оқушылардың мектепке келмеуінің алдын алу үшін көмек көрсету.

Осы акция барысында аз қамтылған, толық емес, берекесіз отбасынан шыққан жалпы саны 26 балаға мынадай көмек көрсетілді:

Көмек көрсеткен демеушілер: «Кенжебаев»жеке кәсіпкерлігі, «Сабина» коньярлық дүкені, «Альтаир» сауда орталығы, «Блял» эмбебап дүкені оқу құралдары түрінде және мектебіміздің ұстаздары қатарынан бірталай мұғалімдер ақшалай және оқу құралдары ретінде көмек көрсетті.

Ағымдағы оқу жылында білім бөлімінің тарапынан аз қамтылған, көп балалы отбасынан шыққан, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, даму мүмкіндігі шектеулі оқушыларға жалпы саны 160 оқушыға мектеп формасы мен оқу құралдарын сатып алу үшін қаржылай көмек көрсетілді.

Қыркүйек айында мектеп оқушыларының әлеуметтік жағдайына мониторинг жасалды. Мониторинг жасалу барысында: аз қамтылған отбасынан шыққан – 130 оқушы, көп балалы отбасынан шыққан – 330 оқушы, толық емес отбасынан – 153 оқушы, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған – 1 оқушы, оның ішінде тұл жетім – 1 оқушы, патронаттық тәрбиеде – 2 оқушы анықталды. Сонымен қатар, қыркүйек айында құқық бұзушылықтың алдын-алу топтарын құру, жағдайы төмен отбасыларды анықтау, оқушылардың бас құжаттарын тексеру, сыныптардың әлеуметтік паспорттарын құру, ППМАЗ жүйесі бойынша толықтырулар енгізілу, әлеуметтік жағдайы төмен балалардың сабаққа қатысуын бақылау іс-шаралары өткізілді.

Қыркүйек айының соңында оқу жылының басталуына байланысты өткізілген жалпы ата-аналар жиналысында «Мектепке жол» республикалық акциясының қорытындысы таныстырылды.

Қыркүйек айында Шет ауданының білім бөлімінен келіп түскен Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 қаулысы негізінде әлеуметтік санатқа жататын отбасылардан шыққан жалпы саны 625 оқушы, оның ішінде бастауыш сынып оқушылары әлеуметтік санатқа қарамастан жалпылама түрде түгелімен тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етілді, 5-11 сынып әлеуметтік осал топқа байланысты тегін ыстық тамақпен ұйымдастырылды, ыстық тамақпен қамтамасыз етілетін оқушыларды e.bilim11 платформасы арқылы енгізіп қабылданды. Жалпы 79 оқушы тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етілді.

Қазан айында қолайсыз отбасылардың үйлеріне отбасылық зерттеу актісі жасалып, ата-аналармен және оқушылармен әңгіме жүргізілді. Қолайсыз отбасы қатарында тұрған 6 Д сынып оқушысы Гафиуллина Розалинаның анасымен баланың жанында болмауына байланысты тұрғылықты мекен жайы бойынша тұрмыстық зерттеу актісі жасалып, ата-анасымен әңгіме жүргізілді. Әңгімелесу барысында анасы жұмысы жоқ екендігін, декреттік демалыста отырғанын айтты.

28 қазан күні «Қамқоршылар күні» мерекесі ресми түрде аталып өтті. Мектебімізде қамқорлықта 4 оқушы бар. Олар: Ғабиден Арайлым, Кешубаева Айгүл және Саягүл 11 «Б» сынып оқушылары, Мусатаева Сабина 9 «Б» сынып оқушысы. «Қамқоршылар күніне» байланысты кездесу ұйымдастырылды. Онда мектеп директоры Г.А.Тусупова қамқоршыларды мерекелермен құттықтап, тілек білдіріп, әр қайсысына мектеп әкімшілігі атынан алғысын жеткізді.

Әлеуметтік педагог Есембекова А.С. және Жүнісбек Т.У қамқоршыларды қамқорлығына алған балаларға жылу сыйлап, үлкенге құрмет, кішіге ізет танығуды үйретіп, тәрбиелеп жатқандықтары үшін алғыс білдіріп, мерекемен құттықтады. Мерекелік іс-шара соңында қамқоршылар өздерінің жылы лебіздерін білдіре отырып, мектеп әкімшілігіне алғыстарын айтып өтті.

Қараша айында «Бала құқығы – адам құқығы» он күндік аясында оқушылар арасында құқықбұзушылықтың алдын-алу бойынша 9-11 сыныптар арасында КЖТЖ инспекторымен, әлеуметтік педагогтермен бірлескен дәрістер өткізілді.

16 қараша күні «20 қараша – Дүниежүзілік балалар күніне орай «Бақытты ана-бақытты бала – бақытты отбасы- бақытты ел» тақырыбында көп балалы ата-аналармен зум платформасында дөңгелек үстел өтті. Дөңгелек үстелдің мақсаты: балалардың бойына отбасына деген сүйіспеншілікті орната білу, отбасы құндылықтарын дәріптеу.

Қараша айының соңында қолайсыз отбасыларға, әлеуметтік осал топ отбасыларына рейд жүргізілді. Рейдке мектеп инспекторы, сынып жетекшілері, мектеп психологының қатысуымен рейд жүргізілді. Мақсаты: көмелетке толмаған оқушылардың тұрғын үйін зерттеп, тексеру. Рейд кезінде барлық оқушы үйлерінде болды.

Желтоқсан айында есірткі, нашақорлық, уытқұмарлықтың құқықтық салдары туралы 9-11 сынып оқушылары арасында мектеп инспекторының қатысуымен жиналыс өтті.

Желтоқсан айының соңында Ақжал кентінде, яғни, Ш.Батталова атындағы жалпы білім беру мектебінде Қазақстан Республикасы Президентінің атынан өткізілген аудандық жаңа жылдық шырша өткізілді. Оған мектебімізден патронаттық тәрбиедегі 2 оқушы, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған 1 оқушы әлеуметтік педагог және тарих пәні мұғалімінің жетекшілігімен барып келді. Шырша оқушылар үшін өте қызықты өтті, көптеген ойындар ойнатылып, ол үшін сыйлықтар беріліп жатты. Кеш соңында оқушыларға түскі ас беріліп, сонымен қатар, әрқайсысына тәтті дәмділер мен жекелей сыйлықтар берілді. Оқушылар мерекеден өте көңілді әсермен қайтты.

Қаңтар айында 10-11 сынып оқушылары арасында «Не? Қайда? Қашан?» танымдық және іскерлік ойын өткізілді. Оқушылардың құқықтық мәдениеттілігін көтеру. Өз құқығын білуге деген қызығушылығын арттыру. Заңдарды сыйлап, өз құқығын қорғауға тәрбиелеу.

Ақпан айында «Құқықтық навигатор» құқықтық сауаттылық апталығы аясында "Отбасындағы бала құқығы" тақырыбында жиналыс өтті. Жиналыс барысында оқушыларға бала құқығы туралы бейнеролик көрсетілді. Оқушылар өздерін қызықтырған сұрақтарын қойып, әңгіме жүргізді.

Сонымен қатар, ақпан айында «Менің мектепке баратын жолым қауіпсіз бе?» тақырыбында зерттеу жұмысы жүргізіліп, жол қауіпсіздік ережесімен таныстырылды, «Кәмелетке толмағандардың мектептегі терроризм фактілерін біле тұра жалған хабарламалары үшін жауаптылығы» тақырыбында 5-7 сынып арасында жиналыс өтті.

Айдың соңында «Жасөспірім мен зиянды заттар зардабын насихаттау» тақырыбында 10-11 сынып оқушылары арасында жиналыс өтті. Жиналыс барысында мектеп инспекторы А.Бекишева оқушыларға зиянды заттардың зардабы жайлы, баптарымен таныстырып, айтты. Мектеп медбикесі Л.Сейпышова зиянды заттардың денсаулыққа кері әсер тигізетінін айтып, кітапша таратты.

Сонымен қатар, «Құқықтық кеңес беру» тақырыбында 8-9 сынып оқушылары арасында "Балаларға құқықтық көмек" сенім жәшігі арқылы өздерін алаңдатқан сұрақтарға жауап алды.

Наурыз айында құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, әлеуметтік педагог, педагог – психолог қатысуымен түнгі рейд жүргізілді. Түнгі рейдтік іс –шарада кент көшелері кент бойынша ойын сауық, кафе, дүкендерге және бос жүрген жасөспірімдерге бақылау жүргізілді. Кәмелетке толмағандарға түнде қала кезіп, ойын –сауық орталықтарына кіруге болмайтыны жайлы және әкімшілік құқық бұзушылық туралы ақыл –кеңестер айтылды. Рейд жүргізу барысында ешқандай кәмелетке толмаған мектеп оқушылары анықталаған жоқ және тәртіп бұзушылық болған жоқ.

Сәуір айында аз қамтылған отбасынан шыққан 4 оқушыға материалдық көмек түрінде киімдер ұсынылды. 1 Г сынып оқушысы Маурер Ясминаға күртеше, 9 Г сынып оқушысы және Клипперт Давид пен Альбертке аяқ киім берілді.

Сонымен қатар, сәуір айында сынып жетекшілер семинары кезінде қайталама ПММАЖ (АСППМ) жүйесі бойынша да түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, толықтырулар және жүйедегі өзгерістер туралы айтылды.

Сәуір айында 5-7 сынып оқушыларының арасында «Қауіпсіз терезелер» республикалық акциясы аясында түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, брашурка таратылды.

Мамыр айында 2-7 сынып оқушылар арасында мектеп инспекторы кәмелетке толмаған оқушылардың түнгі уақытта жүрмеуі туралы, көлік айдамауы, тәртіпсіздік, құқық бұзушылық туралы профилактикалық түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

Мамыр айының 11 күні 7 «Е» сынып оқушысы Кобелева Николдің сабақтан жиі себепсіз қалуына байланысты кәмелет жасқа толмағандар ісі жөніндегі комиссия отырысына қарауды ұсылды. Шешімі күтілуде.

Мамыр айының соңында "Мемлекеттік білім беру мекемелеріндегі білім алушылар мен тәрбиенушілердің жекелеген санаттарына қала сыртындағы және мектеп жанындағы

лагерьлерде демалуы үшін құжаттар қабылдау және жолдама беру" мемлекеттік қызметіне сәйкес биылғы оқу жылына әлеуметтік осал топтан шыққан 100 оқушының құжаты жиналып, тізім жасалды.

Аталғандардан басқа, әлеуметтік педагогтер таңертең оқушыларды түгендеп және кешіккен оқушыларды қадағалап, аталған ақпаратты қағаз бетіне түсіріп, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларына табыстайды. Одан соң тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етілетін оқушылардың уақытылы тамақтануын, тәртібін қадағалап, күнделікті санын есеп табеліне тіркейді. Сонымен қатар, қажет болғанда аз қамтылған, көп балалы, толық емес отбасынан шыққан және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған оқушылардың отбасына тұрмыстық-материалдық зерттеу жүргізеді. Оқушылар арасындағы кикілжің оқиғалар орын алған жағдайда оқушылармен және ата-аналармен әңгімелесу жүргізіп, жұмыс журналына тіркейді.

Сонымен қатар, ай сайын құқық бұзушылықты алдын алу Кеңесі отырысы өткізіледі. Ол жерге сабақты себепсіз босатқан, мектептің ішкі ережесін сақтамаған оқушылар ата-анасымен қоса шақыртылып тәртібі мен үлгерімі талқыланады. Кеңес мүшелеріне аталған сынып жетекшілері тарапынан мінездемелер, оқушылармен жүргізілген жұмыстар ұсынылады. Оқушылардың тәртіптері қарастырылып, талқыланып әр қайсысының өзіне тиесілі шешімі шығарылады. Аталған жұмыстың нәтижесінде оқушылар түзеліп, оңтайлы нәтиже беріп жатады.

#### **Әлеуметтік педагог жұмысына SWOT талдау 2022-2023 оқу жылы**

<b>Әлді жақтары</b>	<b>Әлсіз жақтары</b>
1. Оқушылардың сабаққа қатысуын қадағалау жұмысы бақылауға алынғандығы; 2. Құқық бұзушылықтың алдын-алу кеңесі отырыстарының уақытылы өтуі; 3. Ата - аналармен байланыс; 4. Қамқоршылармен жұмыстың нәтижесі; 5. Жеке кабинеттің болуы;	1. Тегін ыстық тамақпен, мектеп жанындағы және қала сыртындағы лагерьлерге жолдамамен қамтамасыз ету барысында құжат жинау қиындықтары; 2. Қайырымдылық акциялары кезеңінде демеушілердің аздығы; 3. Кейбір сынып жетекшілермен тығыз байланыстың орын алмауы;
<b>Қауіп – қатер</b>	<b>Мүмкіндіктер</b>
1. Әлеуметтік қызмет тарапынан оқушыларға ұсынылатын жұмыстар барысында ата – аналардың түсініспеушілік танытуы (қамқоршылармен жұмыс, мемлекеттік қызмет ұсыну барысында); 2. Отбасында, мектеп ішінде кенеттен туындайтын мәселелер;	1. Өзіндік білім жетілдіру; 2. Уақытты тиімді ұйымдастыру; 3. Қайырымдылық акциялары кезінде ірі меценаттарды тарту; 4. Құқықтық сауаттылықты арттыру;

**Анықталған мәселелер:**

1. «Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін тамақтандыруды ұсыну» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты бойынша құжаттар жинау барысында сынып жетекшілердің қолдау көрсетпеуі;
2. Оқушылардың күнделікті сабаққа қатысуының сынып жетекшілер тарапынан қадағаланбауы, ескертпеуі;
3. "Мемлекеттік білім беру мекемелеріндегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына қала сыртындағы және мектеп жанындағы лагерлерде демалуы үшін құжаттар қабылдау және жолдама беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты бойынша құжаттар жинау барысында сынып жетекшілердің қолдау көрсетпеуі;

**Шешу жолдары:** сынып жетекшілермен тығыз байланыс орнату, оқушылардың сабаққа қатысуын сынып жетекшілер тарапынан қатаң бақылауға алуы, кәсіби бағдар бойынша жыл басынан бастап жұмысты жүйелендіру, атаулы іс-шараларды сынып жетекшілер арқылы ата-аналарға уақытылы түрде құлақтандыру.

### **XIII тарау. Инклюзивті білім беру бойынша стажер алаңының атқарылған іс-шаралары**

Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігі түзету педагогиканың Ұлттық – практикалық орталығының «Ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға жалпы білім беру мектебінде психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету» әдістемелік нұсқаулығына сәйкес, психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңес қорытындыларының және Шет ауданы білім бөлімінен 06.09.2022 жылы келген № 151 негізінде мектебімізде 2022 жылдың 1 қыркүйегінен бастап білім алатын оқушыларға арналған 28 инклюзивті сынып ашылды. Бұл сыныптағы оқушылар саны 40. Оның ішінде – 6 оқушы жеке үйде оқиды.

Тамыз айында пленарлық отырыста «Инклюзивті білім берудің негізгі ұғымдары мен принциптері» тақырыбында Алиманова Акмарал Ргебасвна баяндама жасады. Сонымен қатар, «Білімнің басты құндылықтары: білімге құштарлық, еңбек пен шығармашылық, ынтымақтастық» тақырыбында өткен тамыз кеңесінде арнайы мамандар Батыкова Қырмызы Елхуттыевна мен Мукьжанова Сымбат саятқызы «Білім берудің инклюзивтік сипаты» тақырыбында баяндама жасады.

Қыркүйек айында инклюзивті білім беруді дамыту бойынша стажер алаңының жылдық жоспары, психологиялық-педагогикалық консилиум туралы ереже, психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қызметінің құрамына өзгеріс енгізу, мектепшілік психологиялық-педагогикалық қолдау кеңесінің жоспары құрылды.

Сондай-ақ, ата-аналармен ЕОҚ ететін оқушылардың ата-аналарымен жиналыс өткізіліп, сауалнама жүргізілді. Анықталған оқушылардың жыл басында күнделікті сабақтарына арнайы мамандар қатысып, оқушылар бойында мектеп үшін маңызды дағдылардың қалыптасу деңгейін, бейімін, оқу үлгерімін бақылады. Сынып жетекшілер және пән мұғалімдері оқушыларға негізгі пәндер бойынша бейімделген оқыту бағдарламаларын құрды.

Қазан айында сынып жетекшісінің ұсынысымен, ОПМПК шешімімен тағы 2 оқушы қосылды. Барлығы 42 ерекше оқуды қажет ететін оқушылар және 29 сынып болып қайта толықтырылды.

14.10.2022 жылы республикалық педагогикалық құрылтайға ИББ бойынша үйлестіруші Бекишева Балдырған Бексеитовна «Жалпы ұлттық құндылықтар негізінде білім беру және тәрбиелеу» тақырыбында баяндама жасады.

Арнайы мамандар біліктіліктерін арттырып, тәжірибе алмасу мақсатында аудандық, облыстық, республикалық семинарлар мен фестивальдарға қатысуда. Сонымен қатар, газет-журналдарға өз мақалаларын жариялауда.

21.10.2022 жылы «Үйде жеке оқытуды ұйымдастырудың аспектілері» тақырыбында мектебімізде аудандық семинар өтті. Семинар мақсаты: уй жағдайында білім алатын

оқушылардың сабақ барысын ұйымдастыру, әлеуметтендіру. Семинарға аудан бойынша 17 мектептен директор орынбасарлары мен арнайы мамандар қатысты.

Қараша айында 1 оқушы басқа қалаға көшіп кетті. Сонымен қатар, қараша айында сынып жетекшісінің ұсынысымен, ОПМПК шешімімен тағы 1 оқушы қосылды. Барлығы 42 ерекше оқуды қажет ететін оқушылар және 29 сынып болды.

Желтоқсан айында үйде оқуға денсаулығына байланысты тағы бір оқушы уақытша ауысып, барлығы 7 оқушы үйде оқиды. Ерекше оқушылардың басым бөлігі жалпы сыныптарда кіріктіріліп оқытындықтан ЖМББС-ң мазмұнымен сәйкес типтік оқыту бағдарламасымен білім алады. Мектептің оқу әдістемелік кеңесі ОПМПК ұсынысына сүйене отырып 8 оқушыға жеке оқыту бағдарламасын әзірлеп, білім стандартының негізінде жеңілдетілген тапсырмалармен оқытылуда.

Қазақстан Республикасы педагог кадрларының біліктілігін арттырудың “Инклюзивті білім беру жағдайында жалпы білім беретін мектептердің оқыту сапасын басқару” тақырыбында білім беру бағдарламасы бойынша 3 мұғалім 80 сағаттық курсты оқып шықты. Жалпы 127 мұғалім курстан өтті. Бұл мектеп мұғалімдерінің жалпы санының – 92 % құрайды.

Ерекше білім беру қажеттілігі бар оқушыларға сабақ беретін мұғалімдер саны – 84. Бұл мектеп мұғалімдерінің жалпы санының – 61 % құрайды. Осы мұғалімдерге базалық лауазымдық жалақыдан 40 % қосымша төленді.

ОПМПК-ның шешімі бойынша ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушылардың сабақ барысындағы іс-әрекетін, яғни олардың жазғы демалыстан кейінгі дамуын немесе керісінше оқу дағдысы мен өзін-өзі ұстау ерік мінез-құлқы төмендеуін анықтау мақсатында бақылау жүргізілді. Арнайы мамандар сөйлеу тілінде бұзылыстары бар балалар мен танымдық әрекеті мен эмоциялық ерік аясындағы даму деңгейін анықтады. Оқу жылына жеке тұлғалық түзете-дамыту бағдарламасы I жартыжылдыққа құрылды. Бағдарламаға сай тақырыптық-күнтізбелік жоспар бойынша сабақ кестесі мен апталық циклограмма құрылды. Сабақ кестесіне сай ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушымен арнайы мамандар түзете-дамыту жұмыстарын аптасына 1-2 рет жүргізілуде. Әлеуметтік педагог оқушылардың үйлерін аралап, жанұялық тәрбиелену жағдайын бақылау жүргізуде.

#### **ЕББ қажеттіліктері бар оқушылар санының динамикасы**

<b>№</b>	<b>Арнайы мамандар</b>	<b>Оқушы саны</b>	<b>Жалпы ЕББ қажеттіліктері бар оқушылар санының % құрайды</b>
1	Арнайы педагог	18	43 %
2	Мұғалім-логопед	32	76 %
3	Педагог-психолог	12	29 %
4	Педагог-ассистент	6	14 %
5	Емдік дене шынықтыру (II жартыжылдықтан бастап)	5	12 %



**ЕББ қажеттіліктері бар оқушылар саны динамикасының диаграммасы**

**Сараптама:** ОПМПК-ң ұсынымы бойынша педагог-психологтың қолдау қызметі 12 оқушыға қажет екендігі анықталды, ол жалпы оқушылар санының 29 % құрайды. Мұғалім-логопедтің қолдауында барлығы – 32 оқушы, ол жалпы оқушылар санының 76 % құрайды. Арнайы педагогтың қолдауында – 18 оқушы, ол жалпы оқушылар санының 43 % құрайды. Педагог-ассистенттің қолдауында – 6 оқушы, ол жалпы оқушылар санының 14 % құрайды. Емдік дене шынықтыру маманының қолдауы 5 оқушы қажет етеді, ол жалпы оқушылар санының 12 % құрайды. Арнайы мамандар бағдарламаға сай тақырыптық-күнтізбелік жоспар құрып, ол бойынша сабақ кестесі мен апталық циклограмма құрылды.

Жыл бойы, оқу жылының әр айының сәрсенбісі ата-аналарға кеңес беру күні болып белгіленді. Оқушыларға әр түрлі іс-әрекетте психологиялық-педагогикалық көмек көрсетілді. Мектепшілік ППк отырыстары өткізілді.

Желтоқсан айында жылдағы дәстүр бойынша жаңа жыл қарсаңында «Жаңа жылдық тосын сый» атты ертегілер кейіпкерлерімен бірге мерекелік іс-шара ұйымдастырылып, ертегі кейіпкерлерінің костюмдарын киген аңдар мен аяз ата және ақша қар ЕББ қажет ететін үйде оқытылатын оқушыларға және мектебімізде ерекше оқытуды қажет ететін оқушыларға арнайы мамандар мен жас мамандар үйлеріне барып, тәтті сыйлықтар мен логикалық ойлау қабілетін дамытатын дидактикалық заттар табыс ету жоспарда.

Қазіргі уақытта мектебімізде ерекше қажеттіліктері бар оқушыларымызға арналған түзете-дамыту кабинеті мен тосқауылсыз орта қалыптасқан.

II жартыжылдықта Қарағанды қаласынан № 2 арнайы мектеп интернатынан ақпан айының 21-ші жұлдызында 8 «Б» сыныбына үйде оқытуды қажет ететін оқушы қосылды. 09-шы наурыз айынан бастап 2023 жылдың 1-ші сәуіріне дейін 7 «Д» сынып оқушысы денсаулығына байланысты үйде оқуға уақытша ауысты. Қазыргі таңда, инклюзивті білім беру бойынша ЕББҚ бар оқушылар саны 42. Оның ішінде – 7 оқушы жеке үйде оқиды.

Инклюзивті білім беру бойынша жылдық жоспарға сәйкес, ақпан айында Дені сау ұрпақ – ұлт болашағы» атты дене шынықтыру апталығы аясында ЕББҚ бар оқушылардың ата-аналарымен бірге «дені саудың – жаны сау» спорттық сауықтыру іс-шарасы өткізілді. «Қыран», «Сұңқар», «Тұлпар», «Белес» атауымен төрт топ қатысты. Жарыс тартысты, қызықты болды. Командаларымызға алғыс айтылып, сыйлықтар табысталды. Ата-аналар да жарысты ұйымдастырушыларға өз алғыстарын білдірді.

Айлық іс-шара «Шексіз шығармашылық» суреттер байқауымен бастамасын алды. Байқауға 1-4 сынып оқушылары қатысып, өз суреттерін ұсынды. Тақырыбы 8 наурыз Аналар мерекесіне орай берілді. Сонымен қатар, «қолөнер бұйымдары» көрмесі ұйымдастырылды. «Суреттер мен қолөнер бұйымдары» көрмесі ұйымдастырылып, мектеп фойесіне қойылды.

Инклюзивті білім берудің құндылығы мен қағидаларын қоғам деңгейінде түсіндіріп, газет, журналдарда жарияланды. Олар:

- Арқа ақшамы қарағанды аймақтық қоғамдық газетіне № 34( 453) қыркүйек 2022ж «Инклюзивті білім беру- игі қадам» тақырыбында мақала жарияланды.
- Орталық қазақстан Іші қазан 2022ж «Ерекше баланың еленгені жөн» тақырыбында мақала жарияланды.
- Облыстық педагогикалық газет «Ізденіс» 10.11.2022ж №21 ( 235) «Үйде оқытуды ұйымдастыруда тәжірибе алмасу»
- Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы «Жалпы ұлттық құндылықтар негізінде білім беру және тәрбиелеу» республикалық педагогикалық құрылтай 2022ж 14 қазан «Мектептерде инклюзивті білім берудегі ортаны қалыптастыру» тақырыбында баяндама шықты.
- «Балдәурен» Республикалық оқу – сауықтыру орталығы» РМҚК «Педагог - дефектологтың кәсіби қызметінің негізгі аспектілері» Республикалық тәжірибеге бағытталған семинар.Республикалық баяндама жинағына мақала жарияланып, сертификатпен марапатталды.

ЕББҚ бар оқушыларды оқыту және тәрбиелеу мақсатында педагогтардың біліктілігін арттыру бойынша ППҚ мамандары арнайы біліктілігін арттыру мақсатында курс, семинарларға барып, іс-тәжірибе алмасып отырады.

Шет білім бөлімінің келген хаты негізінде, жоспардан тыс ИББ бойынша 2023 жылы 27 ақпан – 27 наурыз айының аралығында айлық іс-шаралар өткізілді. Олар: ЕББҚ бар балалардың ата-аналарына ашық есік күні ұйымдастырылды. Мұндағы мақсат ата-аналар өздерінің ұсыныс тілектерін айту. Мектеп фойесіне арнайы жәшік қойылып, соған өз ұсыныстары мен жылы лебіздерін жазып салды. Соңынан арнайы мамандар тарапынан қорытынды жасалып, кеңберілді.

Мектебіміздің кәсіби бағдар берушісі А.А.Серикпаевамен және 9 сынып жеткішісі Г.С.Жукеновамен бірлесіп «Мамандықтың бәрі жақсы» атты тақырыбында тренинг жүргізілді. Тренинг барысында оқушылардың бойынан мамандыққа деген қызығушылықтары байқалып, нақты мамандық таңдауына септігін тигізді.

Келесі іс-шара «Мейірім мен махаббат алаңқайы» отбасындағы 1 күн акциясы. Акция мақсаты «отбасы» құндылығы туралы түсініктерді кеңейту, оны сүйе білуге, отбасы игілігі үшін талмай еңбек етуге үйрету. Осы акцияға 8 сынып оқушысы Нұрмұхан Әділжан өзінің әжесімен өткізген бір күнін бейнежазбаға түсірді. Оқушының әжесі жақсы мен жаманды ажырата білуге дағдыландырып, кейіпкерлердің бойындағы жақсы қасиеттерді үлгі етіп, тәлім-тәрбиелік ертегісін айтып берді.

6 «Б» сынып оқушыларымен «Инклюзивті білім берудегі толерантты қарым қатынас» тақырыбында психологиялық тренинг өткізілді. Тренинг барысында оқушылар ережелермен таныстырылып, 8 аралдан өтіп, берілген тапсырмаларды қызығушылықпен орындап шықты.

16 наурыз күні «Жан жылуы» атты ата-аналарға арналған тренинг болды. Бұл тренинг 5 «Г», 7 «Г», 6 «Б» сыныптарымен өткізілді. Мақсаты: бала тәрбиесі дамуындағы басты рөл атқарушы – отбасы. Сондықтан ата-ананың бала көңілін таба білуіне ой қозғау, өзін-өзі тануына бағыт бару, тәрбие жайлы пікір бөлісу, ата-аналарға балаға рухани тәрбие берудегі отбасының рөлі жайлы түсіндіру.

Жоспарға сәйкес 8 сыныптар арасында «Juldzai» спорттық спартакиадасы дене шынықтыру мұғалімдері Б.А. Қасым мен А.Қ.Қоянбаевтың ұйымдастыруымен өткізілді. Оқушылар топтарға бөлініп, әр түрлі спорттық ойындар ойнап жарысты. Жарыс өте тартысты өтті. Оқушылар өздерінің спортқа деген қызығушылықтарын осы жарыс арқылы танытты. Жарыс соңында жеңімпаздар анықталып, марапатталды.

Тәрбиенің ең тамаша жері отбасы екенін, олардың бала тәрбиесіндегі мүмкіндіктерінің жоғары екенін, баламен қарым-қатынасты жақсарту мақсатында «Отбасы- бақыт мекені» атты дөңгелек үстел ұйымдастырылды. Қорыта келе, ата-ананың жеке басының әсері балаға күн сәулесімен бірдей, мұны басқа ешбір нәрсемен ауыстыру мүмкін емес екендігі жайлы айтылды.

1-4, 5-7 сыныптар аралығында «Juldyzai» балалар шығармашылығы байқауы өтті. Байқауға технология пәні мұғалімдері ат салысып, оқушыларға бағыт бере отырып, жасалған жұмыстарын ұсынды. Оқушылар өздерінің пәнге деген сүйіспеншіліктерін оятып, жоғары деңгейде өз өнерлерін көрсетті. Жасалған бұйымдар мектеп фойесінде ұйымдастырылған көрмеге қойылып, мектеп оқушылары тамашалады. Жаксы деңгейде жасалған жұмыстар мадақталды.

9 «В» сынып ата-аналарымен кәсіби бағдар беруші және сынып жетекшісі бірлесе отырып, «Менің мамандығым – менің болашағым» тақырыбында тренинг өткізілді. Тренингке ата-аналар жоғары қызығушылықпен қатысты. Көптеген колледждер және мамандықтар туралы мағлұмат берілді.

2 сәуір – Дүниежүзілік аутизм мәселесі бойынша ақпарат тарату күні. ППк мамандары аутизмді ерте диагностикалаудың маңыздылығы туралы брошюркалар таратып, түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

Айлық барысында барлық жауапты мамандар, сынып жетекшілер, оқушылар үлкен жауапкершілікпен іс шараларға қатысты. Әр іс-шара өз деңгейінде өткізілді және Instagram парақшасына салынып отырды.

Ақпан айында «Juldyzai» аудандық балалар шығармашылығы фестиваліне қатысып, жүлгелі I дәрежелі дипломмен - I оқушы, II дәрежелі дипломмен-2, III дәрежелі дипломмен – I оқушы марапатталды. Ал облыстық жолдаманы Оразбаев Бекарыс иеленіп, II дәрежелі дипломмен мараптаталды. Сонымен қатар «шексіз шығармашылық» республикалық байқауға мектебімізден ЕББҚ ететін 17 оқушы қатысып, сертификаттармен марапатталды.

2022-2023 оқу жылында ИББ бойынша 15 оқушы қосымша білім беру ұйымдарымен қамтылған. Оның ішінде, «Спорткомплекс» мекемесіне - 4 оқушы, «қосымша білім беру орталығына» - 2, «ДШС»-1 оқушы, «Шәмел Бейсекқызы атындағы мәдениет үйіне»- 1, «С.Мұхамеджанов атындағы өнер мектебіне»- 3 оқушы және мектебіміздегі «Теннис, асық» спорттық үйірмелеріне- 4 оқушы қатысады.

Кәсіптік бағдар беру бойынша 9 сынып оқитын ЕББҚ бар оқушыларды оқу орындарына экскурсияға апарып, ата-аналарына оқу орындары бойынша ақпарат берілді. Ю.А.Гагарин атындағы мектеп-лицейінің оқушылары Ақадыр селолық ауруханасына экскурсияға барды. Экскурсияға 9-11 сынып оқушылары қатысты. Ақадыр селолық ауруханасының жұмыс барысымен, жұмыс барысында кездесетін қызықтары мен қиындықтарын Маркс Т.Е таныстырып өтті. Кездесу барысында мектеп оқушылары сұрақтар қойып, маман иелерімен танысып, ауруханада жұмыс істеуге деген өздерінің қызығушылықтарын білдірді.

№	Оқушының аты-жөні	Номинациясы	Сыныбы	Жетекшілері	Орындар
1	Оразбаев Бекарыс	Вокал (соло)	6 «Б»	Кокжалова Гульмира Кайдаровна	I дәрежелі диплом
2	Нұрмұхан Әділжан	Вокал (соло)	8 «Г»	Бейсенова Кумисай Ихласқызы	III дәрежелі диплом
3	Орынбасар Ұлжан Махинова Ақжан	Хореография	6 «Г» 5 «Г»	Бекишева Балдырган Бексеитовна	II дәрежелі диплом
4	Шопан Бақдәулет	Вокал (acappella)	6 «Б»	Омарова Самал Аманкуловна	II дәрежелі диплом

9-сынып ата-аналары қатысуымен «Мамандық таңдаудың маңызы» атты кездесу өтті. Кездесу барысында Зуум платформасы арқылы Қарағанды қаласындағы колледждермен кездесу ұйымдастырылды. 1.Қарағанды техникалық-құрылыс колледжі 2.Қарағанды «Болашақ» жоғары колледжі 3. Қазтұтынуодағы Қарағанды университеті Экономика, бизнес және құқық колледжі. Колледж өкілдері бағдарламаларымен таныстырып, колледж туралы ақпарат берді. Колледждерге оқуға түсуге шақырды.

«Шет агротехникалық колледжі» Коммуналдық мемлекеттік мекемесінің аға оқытушылары келіп, 9-10 сынып оқушыларымен кездесу ұйымдастырды. Кездесу барысында колледж мамандықтары мен біліктіліктері туралы туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

Биылғы оқу жылында мектепалды даярлық тобында сынып жетекшілерімен мектеп психологының жан-жақты зерттеу нәтижесімен ата-ана өтініші негізінде қатар тобындағы оқушы анықталған жоқ.

Жылдық жоспарға сәйкес мамыр айының 11-і қойылған жоспарлы Мектепшілік ППҚ отырысы өткізілді. Отырыста 4 оқушы бекітілген арнайы, жеке, бейімделген оқу бағдарламасынан туындаған мәселелерін қарастыру мақсатында ата-аналар шақыртылып консилиум өткізілді. Консилиум соңында оқушыларды ОПМПК ұсыну шешімі қабылданды.

Инклюзивті білім беру бойынша ППҚ мамандарымен пән мұғалімдері ЕББҚ бар оқушылар бойынша жартыжылдық сараптама жасап, мәтіндік есеп беріп отырады.

ОПМПК отырысы мамыр айының 18-19 күндеріне белгіленіп, мектебімізден 30 оқушы және балабақшалардан 8 оқушы, әкімшілік мамандарының сұранысымен 1 бала өтеді. Жалпы саны 39 оқушы тізімде тұр. ЕББҚ бар оқушылардың құжаттарын ОПМПК тексерісіне дайындалып, сынып жетекші және пән мұғалімдерімен арнайы мамандар бірлесіп мінездеме жазды. Қорытынды тамыз айының кеңесінде жарияланады.

#### Swot – талдау

Артықшылықтары	Кемшіліктері
<ul style="list-style-type: none"> <li>• ППҚ мамандарының біліктіктерін арттыру мақсатында түрлі курстар мен семинарларға барып іс – тәжірибемен бөлісуі.</li> <li>• Мектеп ұжымы және оқушылар тарапынан ЕББҚ бар оқушыларға оң көзқарас, кең қолдау көрсетілуі.</li> <li>• Ата-аналар мен ППҚ мамандары ЕББҚ бар оқушыларды дамытуда ынтымақтастық орнатылған (жан-жақты көмек беруде, меркелік, сауықтыру іс-шараларын ұйымдастыру).</li> <li>• ППҚ мамандарының барлығында біліктілік санатының болуы.</li> <li>• ЕББҚ бар оқушылар үшін түзете дамыту кабинетінің болуы.</li> <li>• ЕББҚ бар оқушыларды мектептік, аудандық, республикалық шығармашылық жұмыстары бойынша конкурстарға қатыстырып жүлделі орындарға ие болуы.</li> <li>• Барлық педагогикалық режимінің сақталуы (алдыңғы партада отырғызу, оқушы</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• ЕББҚ бар оқушыны оналту орындарына, мерзіміне байланысты барулары қарастырылмаған. Дәргерлік кеңеске уақытылы бармау орын алуда. (невропатолог, психолог, психиатр т.б.)</li> <li>• Заманауи үлгідегі жабдықталған сенсорика кабинеті, спорттық тренажерлар және Монтессори технологиясының болмауы.</li> <li>• Қажетті жабдықтар жас ерекшеліктеріне сай (жасөспірімдерге арналған дамыту құралдары) жеткіліксіз.</li> </ul>

<p>қасынан бос кеңістік қалдыру, мәліметтерді құпия сақтау).</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Жексе оқыту, бейімдеу бағдарламалары және түзете-дамыту бағдарламалары жасалынып, оқытылуы.</li> <li>• ЕББҚ бар оқушылар мен ата-аналарға арналған іс-шаралар арнайы мамандар тарапынан өткізілуі.</li> <li>• Баспа беттеріне ЕББҚ бар оқушылардың қатысқан іс-шаралары арнайы мамандар тарапынан жарияланып тұруы.</li> <li>• Аудандық семинарлар мен дөңгелек үстелдердің өткізілуі.</li> <li>• Аудан бойынша магниттік мектептерге мүмкіндігінше кеңес берілуі.</li> <li>• ЕББҚ бар оқушыларды үйірмелерге тарту, кәсіптік бағыт берілуі.</li> </ul>	
<b>Мүмкіндіктер</b>	<b>Қауіптер</b>
<ul style="list-style-type: none"> <li>• Арнайы мамандардың пән мұғалімдерімен тығыз байланыста болуы. Сынып жетекшілерінің серіктес ұйымдармен байланысуы;</li> <li>• Инклюзивті білім беру ерекшеліктері жайлы ата-аналарды ақпараттандыру мақсатында мектепте түсіндіру жұмыстары мен арнайы стенд болуы;</li> <li>• Оқушыларды түрлі конкурстарға, байқауларға қатыстыру арқылы жетістіктерге ие болуы;</li> <li>• Кеңтесті магниттік мектептермен байланысты нығайту, жұмыс жоспарына толықтырулар енгізу;</li> <li>• Ерекше оқытуды қажет ететін оқушыларды мектепшілік қоғамдық жұмыстарға, үйірмелерге, мектепшілік сайыстарға тарту;</li> <li>• ОПМПК кеңесінің отырысының мектебімізде көшпелі түрде ұйымдастырылуы.</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Инклюзивті білім беру бойынша ата-ана тарапынан инклюзивті білім беру жайлы білімінің аздығы.</li> <li>• Ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушылар санының жылдан-жылға артуы.</li> </ul>

### Туындаған мәселелер мен оны шешу жолдары

№	Туындаған мәселе	Шешу жолдары
1	ЕББҚ бар жекелеген оқушыларда арнайы жеке, және бейімделген бағдарламаларының жеткілікті деңгейде меңгерілмеуі.	Пән мұғалімдерінің ИББ бойынша курстарға қатысып, бағдарлама мазмұның тапсырмалар жиынтығын сол бағытта орындау.
2	Бағалау жүйесі бойынша ЕББҚ бар оқушыларға қойылатын талаптар мен критериялар 10 баллдық жүйеден қысқартылса.	Мектепшілік педагогикалық кеңесте ұсыным арқылы он шешімін тауып ұстаздар қолдауына ұсыну.

2022-2023 оқу жылындағы материалдық- техникалық жабдықтау

№	Кірістер түрі	Саны	бағасы	Демеушілік
1	Волейбол алаңы	1	12000000	ТОО «Казсолар-50»
2	Плац	1	4000000	ТОО «Ғимарат М»
3	Работотехника кабинеті	1	3600000	Общественный фонд «Развития Инженерного Образования»
4	Музыкалық аппаратура	1	510000	1988 жылғы түлектер

Материалдық-техникалық жабдықтауының SWOT талдауы

<p><b>Әлді жақтары:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>✓ мектеп ғимараты типтік үлгіде салынған;</li> <li>✓ барлық нысаналары стандартқа сай;</li> <li>✓ жылдан жылға оргтехника, ПК, компьютер, ноутбуктармен қамтылу өсу тенденциясы бар;</li> <li>✓ медициналық пункт, психологиялық-әлеуметтік қызметтің бірінші қабатқа орналастыруы;</li> <li>✓ «Электронды журнал» жүйесінде жұмыс жасау үшін арнайы кабинет ашылып, жағдай жасалған;</li> <li>✓ 8 санитариялық-гигиеналық бөлмелер қайта жөнделіп, іске қосылды;</li> </ul>	<p><b>Әлсіз жақтары:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>✓ мектеп ғимараты іске қосылған 1977ж. бастан күрделі жөндеуден өткен емес;</li> <li>✓ электр жүйелері, қабырға мен төбені тегістеу, 35 терезені пластикке ауыстыру, мектептің ескі қоршауын ауыстыру, акт мен спорт залдарына күрделі жөндеу жүргізуді талап етеді;</li> </ul>
<p><b>Мүмкіндіктер:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>✓ қамқоршылық кеңесі жұмысымен құзыретін кеңейту арқылы мектептің МТБ нығайтуды негізге алу;</li> <li>✓ мұғалім-оқушы-ата-ана бірігіп білім беру қауымдастығын құру негізінде мектептің жеткілікті деңгейде қамтылмаған салаларын дамыту (абаттандыру, мұражай жабдықтауы);</li> <li>✓ егер МТБ үздіксіз қамтылып, толықтырылып тұрса, инновациялық технологиялар, әдістемелерді оқу үрдісіне енгізу тиімділігі артады;</li> </ul>	<p><b>Қауіп-қатер:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>✓ инновациялық мектептер арасындағы МТБ бойынша қамтылуы жеткілікті деңгейде болмауы;</li> <li>✓ 2016 жылы бекітілген білім беру ұйымдарына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар сақталу үшін әр оқушыға арнайы шкаф қажет;</li> <li>✓ мектеп инновациялық мектептердің қатарында болғандықтан, заманауи</li> </ul>

	<p>талаптарға сай жабдықталған модификациялық кабинеттер ( физика, информатика лингафондық) қайта орнатып, жабдықтауды талап етеді;</p>
--	---

**Мәселе:**

- ✓ Мектеп инновациялық мектептердің қатарында болғандықтан, заманауи талаптарға сай жабдықталған кабинеттер санын жетіспеушілігі көрінеді.

**Мектептің электр жүйелері, қабырға мен төбені тегістеу, 35 терезені пластикке ауыстыру, мектептің ескі қоршауын ауыстыру, акт мен спорт залдарына күрделі жөндеу жүргізуді талап етеді.**

**Шешу жолдары:**

Қарағанды облыстық білім басқармасына Шет аудан білім бөлімі арқылы кешенді жобалық-сметалық құжаттарды әзірлеп, сұраныс беру арқылы мектеп ғимаратын күрделі жөндеу жұмыстар жүргізуге ұсыну;

- Мектептің тұлсктерімен байланыс орнату арқылы демеушілер мен еріктілерді тартып, МТБ қалыс беріп тұрған салаларын жетілдіру.

**Педагогикалық кеңес жоспары**

Мерзімі	Жұмыс мазмұны	Міндеттері	Жауапты	Басқарушылық шешім
<b>Қыркүйек</b>	<p><b><u>Педагогикалық кеңес 1.</u></b></p> <p>1. Педагогикалық кеңестің төрағасы мен хатшысын тағайындау</p> <p>2. Мектептің педагогикалық ұжымының 2022-2023 оқу жылындағы оқу-тәрбие жұмысын талдау және 2023-2024 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын бекіту.</p> <p>3. Біртұтас тәрбие бағдарламасы</p> <p>4. Аттестациядан өтетін педагогтар, курстан өту кестесі</p> <p>5. «Мектепке жол» республикалық қайырымдылық акциясы</p> <p>6. Инклюзивті білім беру саласында нормативті-құқықтық актілерді жүзеге асыру</p> <p>7. Әр-түрлі сұрақтар (ішкі тәртіп, еңбек тәртібінің ережесі, медбике, кітапханашы, шаруашылық жөніндегі орынбасар, инженер)</p>	<p>1. Педагогикалық ұжымды білім беру қызметінің түрлі бағыттары бойынша жаңа 2023-2024 оқу жылына арналған мектептің негізгі бағыттары мен міндеттерімен таныстыру</p>	<p>Тусупова Г.А</p> <p>Торгаева А.К.</p> <p>Махмутова Ш.М.</p> <p>Мельник Д.В.</p> <p>Есембекова А.С.</p> <p>Бекишева Б.Б.</p>	<p>Педагогикалық кеңестің шешімі. Хаттама.</p>
<b>Қараша</b>	<p><b><u>Педагогикалық кеңес 2.</u></b></p> <p>1. Педагогикалық әдептің кейбір мәселелері туралы</p> <p>2. 2-11 сыныптардың I тоқсан білім сапасының көрсеткішінің сараптамасы</p> <p>3. «Білімал. Электронды мектеп» жүйесінің электронды журналын толтыру мониторингі</p> <p>4. Жалпы білім беретін пәндер бойынша Республикалық олимпиаданың мектепшілік кезеңінің өткізілуі</p> <p>5. Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы. Даналық мектебі</p> <p>6. Мектептің әлеуметтік картасы жайлы мәлімет.</p> <p>7. Мұғалімдерді аттестациядан өткізудегі өзгерістер туралы</p> <p>8. Әр-түрлі сұрақтар / Разные вопросы.</p>	<p>Педагогикалық ұжымды 2-11 сыныптардың I тоқсан білім сапасының көрсеткішінің сараптамасымен таныстыру. Негізгі пәндер бойынша Республикалық олимпиаданың мектепшілік кезеңінің өткізілуі</p>	<p>А.К. Торгаева Д.В. Мельник</p> <p>Тасырбасва Д.Д.</p> <p>Махмутова Ш.М.</p> <p>Есембекова А.С.</p> <p>Мельник Д.В.</p>	<p>Педагогикалық кеңестің шешімі. Хаттама.</p>



Қаңтар	<p><b><u>Педагогикалық кеңес 3.</u></b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>2-11 сыныптардың II тоқсан білім сапасының көрсеткішінің сараптамасы</li> <li>«Білімал. Электронды мектеп» жүйесінің электронды журналын толтыру мониторингі</li> <li>Мектеп-лицейдің I жартыжылдық бойынша жетістіктер рейтингісі</li> <li>Мектепте I жартыжылдықта тәрбие бойынша атқарылған жұмыстар</li> <li>Оқушылардың сабаққа қатысу мониторингі</li> <li>9 «В», 10 «Б» сыныптық-жалпылама бақылау нәтижесі</li> <li>Психологиялық қызметтің I жартыжылдық бойынша атқарылған жұмыстары</li> <li>Кәсіби бағдар бойынша атқарылған жұмыстар</li> <li>Инклюзивті білім беру қызметінің I жартыжылдық бойынша атқарылған жұмыстары</li> <li>Әр-түрлі сұрақтар</li> </ol>	<p>Білім сапасының сараптамасын талқылау. Білім сапасы төмендеген сыныптардың себебін анықтау. Әкімшілік мүшелерінің I жартыжылдық а атқарылған жұмыстарының себебін талдау</p>		<p>Педагогикалық кеңестің шешімі. Хаттама.</p>
Наурыз	<p><b><u>Педагогикалық кеңес 4.</u></b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>2-11 сыныптардың III тоқсан білім сапасының көрсеткішінің сараптамасы</li> <li>9-ыншы, 11-інші сынып оқушыларын негізгі орта білім туралы «Үздік аттестат», «Алтын белгіге» ұсыну туралы</li> <li>Қыз тәрбиесі.«Тұмар» қыздар клубының жұмысы</li> <li>9,11 сынып оқушыларының емтиханға психологиялық даярлау әрекеттері</li> <li>Оқушылардың сабаққа қатысу мониторингі</li> <li>Әр түрлі сұрақтар</li> </ol>	<p>1. сапалы білім беруді қамтамасыз ету мақсатында мектептің білім беру ортасын оңтайландыру жолдарын іздеу</p>		<p>Педагогикалық кеңестің шешімі. Хаттама.</p>
Мамыр	<p><b><u>Педагогикалық кеңес 5</u></b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>Оқу жылының аяқталуы туралы</li> <li>2023-2024 оқу жылында жазғы мектепті ұйымдастыру</li> <li>5-8, 9, 11 сыныптарда қорытынды емтихан өткізу туралы</li> </ol>	<p>2023-2024 оқу жылында жазғы мектепті ұйымдастыру 5-8, 9, 11 сыныптарда</p>	<p>Тусупова Г.А. Торғасва А.К. Мельник Д.В. Серикпаева А.А. Омарова С.А. Жакен Н.</p>	<p>Педагогикалық кеңестің шешімі. Хаттама.</p>

	<p>4.«Сенің таңдауың-сенің болашағың» кәсіби бағдарлау</p> <p>5.Инклюзивті білім беру шеңберіндегі оқыту жұмыстары</p> <p>6.Мектеп жанындағы жазғы «Самал» лагерінің жұмысын ұйымдастыру</p> <p>7. Әр-түрлі сұрақтар</p>	қорытынды емтихан өткізу		
Мамыр	<p><b>Педагогикалық кеңес 6</b></p> <p>1.2-11 сыныптардың IV тоқсан, жылдық білім сапасының көрсеткішінің сараптамасы</p> <p>2. 5-8 және 10-ыншы сынып оқушыларын келесі сыныпқа көшіру. Үздік білім көрсеткен оқушыларды мақтау қағазбен марапаттау</p> <p>3. Мектеп-лицейдің оқу жылы бойынша жетістіктер рейтингісі, бейіндік оқыту бойынша атқарылған жұмыс есебі</p> <p>4.«Vilima» жүйесі. Электронды журналды толтыру, БЖБ/ТЖБ жұмыстарының сараптамасының жүргізілуі</p> <p>5. Әр түрлі сұрақтар.(2024-2025 оқу жылына педагогтарды марапатқа ұсыну туралы)</p>	<p>1. Сапалы білім беруді қамтамасыз ету мақсатында мектептің білім беру ортасын оңтайландыру жолдарын іздеу</p> <p>2.Мектеп-лицей жұмысының жылдық сараптамасы</p>	<p>Торғасва А.К. Мельник Д.В.  Тусупова Г.А.  Тасырбасва Д.Д.  Мельник Д.В.  Махмутова Ш.М.</p>	Педагогикалық кеңестің шешімі. Хаттама
Маусым	<p><b>Педагогикалық кеңес 6</b></p> <p>1."9-сынып оқушыларын қорытынды аттестаттау нәтижелері туралы"»</p> <p><b>Педагогикалық кеңес7</b></p> <p>1."11" сынып оқушыларын қорытынды аттестаттау нәтижелері туралы"»</p>	Білім алушылардың дайындық дәрежесін және түлектердің білім алуды одан әрі жалғастыруға дайындығын анықтау	Г.А.Тусупова Д.В.Мельник	Педагогикалық кеңестің шешімі. Хаттама

**Ғылыми- әдістемелік кеңес жоспары**

№	Әдістемелік отырыстың тақырыбы	Қарау мерзімі	Жауапты
1	<p><b>I отырыс</b></p> <p>1. 2023-2024 оқу жылындағы ҚР-ның орта білім ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы</p> <p>2. 2023-2024 оқу жылында пәндерді оқыту ерекшеліктері. Функционалдық сауаттылықтың негізгі құрамдас бөліктері</p> <p>3. «Бастауыш мектеп-негізгі мектеп» деңгейіндегі сабақтастық</p> <p>4. Үлгілік оқу жоспарының вариативтік компоненті</p> <p>5. Үйде оқыту жұмыстарын ұйымдастыру</p> <p>6. 9,11 сынып оқушыларының еңбекпен қамтылуы</p>	Тамыз	<p>А.К. Торғаева</p> <p>Кафедра меңгерушілері</p> <p>А.К. Торғаева</p> <p>Д.Д. Тасырбаева</p> <p>Б.Б. Бекишева А.А. Серикпаева</p>
2	<p><b>II отырыс</b></p> <p>1. Мұғалімдердің эмоционалды күйіп кетуінің алдын-алу (Тренинг-сауалнама)</p> <p>2. ҰБТ-ға дайындық, ББЖМ білім алушылардың білім жетістігінің мониторингінә дайындық жұмыстары</p> <p>3. «Қазақстанның білім кеңістігінің дамуындағы «Білім-инновация» лицейлерінің тәжірибесі» тарату семинары бойынша ой бөлісу</p> <p>4. «Жас ұстаз: табысқа апарар жолы» облыстық жас педагогтар форумы</p> <p>5. Оқушылардың әлеуметтену динамикасының мониторингі бойынша I тоқсан қорытындысы</p> <p>6. Шебер сынып «Алтын тұғыр» олимпиадасындағы логикалық тапсырмалар</p>	Қараша	<p>Бимакашева К.С. Адамқожина Б.К. Тасырбаева Д.Д. Мельник Д.В.</p> <p>Тасырбаева Д.Д. Манатова Г.К. Утепова Ж.Т.</p> <p>Бимакашева К.С. Адамқожина Б.К.</p> <p>Хабидолда А Каракекилова А.Б.</p>
3	<p><b>III отырыс</b></p> <p>1. Үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс түрлері</p> <p>2. LESSON STUDY сабақты зерттеу жұмыстары</p> <p>3. «Әдістемелік күн» пән кафедраларының әдістемелік күнінде өткізілген іс-шаралар</p> <p>4. Функционалдық сауаттылықты дамытуға арналған апталықтардың жүргізілуі</p>	Қаңтар	

	5.Өр-түрлі сұрақтар		
4	<b>IV отырысы</b> 1.«Bilimal» жүйесі. Электронды журналды толтыру, БЖБ/ТЖБ жұмыстарының сараптамасының жүргізілуі 2.Мектепшілік ғылыми жобалар байқауын өткізу туралы 3.«Наурыз – салт дәстүрлерді дәріптеу» айының сапасы. 4. " Біздің мектеп парламенті әрекетте" мектеп парламентінің жұмысын көрсету 5. Өр түрлі сұрақтар	Наурыз	
5	<b>V отырысы</b> 1.Тәрбие жұмысының жылдық есебі 2.Психологиялық қызметтің жыл бойынша атқарылған ж жұмыстары 3.Сабақты зерттеу үдерісін ұйымдастыру арқылы білім сапа көрсеткіші төмен сыныптарындағы оқушылардың оқуына қолдау жасау 4.«Әдістемелік күн» пән кафедраларының әдістемелік күнінде өткізілген іс-шаралар 5.Функционалдық сауаттылықты дамытуға арналған апталықтардың жүргізілуі	Мамыр	

**Директордың жанындағы кеңес жоспары**

Айы	Күн тәртібі	Жауапты
Тамыз	1.Мектептің жұмыс тәртібін әзірлеу, сабақ кестелерін жасау, оқу бағдарламасының орындалысы, күнтізбелік-тақырыптық жоспар мазмұнының үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкестігі.	Торгаева А.К. Мельник Д.В. Кафедра меңгерушілері
	2.Электронды журналдың толтырылу жағдайы	Торгаева А.К., Мельник Д.В., Адамбекова Д.С.
	3.Тәлімгерлік жүйесі қызметінің тиімділігі	Мельник Д.В. Кафедра меңгерушілері
	4.Санитарлық-гигиеналық режим және қауіпсіздік техникасы бойынша мектеп жұмыскерлеріне кіріспе нұсқау беру	Торгаева А.К.,Мельник Д.В.
	5.Оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендердің берілуі	Байманасова Н.С., Есенбекова А.С. Кітапханашы, әлеуметтік
	6.10 сынып оқушыларын оқыту бағытына қарай жинақтау.	Торгаева А.К., Мельник Д.В.,Тасырбаева Д.Д.
	7.Тәрбие жұмысын ұйымдастыру	Нурхайдарова Г.А.,Махмутова
Қыркүйек	1.Жаппай оқумен қамтылу жағдайы	Торгаева А.К.,Мельник Д.В.,Адамбекова Д.С
	2.«Bilimal» жүйесіндегі мәліметтерді жаңарту , мектеп құжаттамасын жүргізу, жеке іс қағаздарын тексеруді ұйымдастыру	Торгаева А.К., Мельник Д.В., Адамбекова Д.С.

3.«О» білім кесіндісін жүргізу	Торгаева А.К.,Мельник Д.В.,Тасырбаева Д.Д. Кафедра меңгерушілері
4.2-4 сынып оқушыларының оқу жылдамдығын тексеру;	Торгаева А.К.,Мельник Д.В.,Тусупова П.С.,Искандирова Ф.М.,Рахимова Б.И.
5.1 және 5 сыныптардың бейімделу кезеңінде жаңа тақырыптарды меңгерудегі қиындықтарды анықтау	Торгаева А.К.,Мельник Д.В.,Тусупова П.С., Бимакашева К.С.,Адамкожина Б.К.
6.5 «Г», 6 «В» математика пәнінің берілуі	Тусупова Г.А.,Торгаева А.К.,Мельник Д.В.,Бимакаева Г.Ж.Жаппарова Ф.Т.
7.8 «Е» сыныбында ағылшын тілінің берілуі	Торгаева А.К.,Мельник Д.В.Бектурова Г.А.
8.Дарынды және білімге құштар балалар базасы.	Тасырбаева Д.Д.,Қызырата Н.Р.,Педагог-психологтер
9."Жас мұғалім-тәлімгер" жүйесіндегі жұмыс	Торгаева А.К.,Мельник Д.В., Тасырбаева Д.Д.,Мукеева
10.Тегін тамақтануды ұйымдастыру сапасы	Нурхайдарова Г.А.,Махмутова Ш.М.,Есенбекова А.С.,Жүнісбек
11.Оқушылардың сабаққа қатысуы және мектеп формасы	Нурхайдарова Г.А.,Махмутова Ш.М.,Адамкожина Б.К.,Есенбекова А.С.
1.Мектеп асханасында тамақтануды ұйымдастырудың жағдайы	Нурхайдарова Г.А.,Махмутова Ш.М.,Есенбекова А.С.,Жүнісбек Т.У.
2.«Bilimal» электронды журналының уақытылы толтырылуы	Торгаева А.К.,Мельник Д.В., Адамбекова Д.С.
3.8 «Е», 9 «Б», 9 «В», 10 «В» сыныптарында физика пәнінің берілуі	Торгаева А.К.,Мельник Д.В., Бимакаева Г.Ж.
4.8 «А» (47%),8 «Д» (36%), 8 «Е» (39%), 9«Б» (31%), 9 «В» (23%), 9 «Г» (31%), 11 «Б» (27%) сыныптарында негізгі пәндердің берілуі	Торгаева А.К.,Мельник Д.В.,Нурхайдарова Г.А.,Махмутова Ш.М.,Тасырбаева Д.Д.
5.Балалардың ерекше топтарын оқыту процесі (ЕББҚ, талантты және дарынды, ынтасы жоғары оқушылар және т. б.)Үйден оқытылатын және тәрбиеленетін балаларды оқыту процесі;	Торгаева А.К.,Мельник Д.В.,Бекишева Б.Б.
6.«Медициналық сынып» жобасы «Медициналық сыныпқа салтанатты қабылдау»	Тасырбаева Д.Д., Серикпаева А.А.,ҒЖП кафедрасы
7.«Қысқа мерзімді сабақ жоспарын тиімді жоспарлаудың жолдары» шеберлік сабағы	Торгаева А.К.,Шопанова Ж.А., Азбаева Л.Х.

	8. Оқушылардың сабаққа қатысуы және мектеп формасы	Нурхайдарова Г.А., Махмутова Ш.М., Есенбекова А.С., Жүнісбек Т.У.
	9. Әлеуметтік қорғалмаған отбасы топтарына жататын білім алушылардың санатын анықтау және құжаттарын жинақтау	Нурхайдарова Г.А., Махмутова Ш.М., Есенбекова А.С., Жүнісбек Т.У.
	10. «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында өтетін облыстық «Оқырман отбасы» байқауына және облыстық «Тұмар» қыздар клубына қатысу	Нурхайдарова Г.А., Махмутова Ш.М.
	11. 1,5 сыныптарды бейімделуін кешенді зерттеу	Торгаева А.К., Мельник Д.В., Бимакашева К.С., Адамкожина Б.К.
	12. Халықаралық зерттеулерге, ББЖМ, ҰБТ-ға дайындық жұмыстарының жай-күйі	Торгаева А.К., Мельник Д.В., Тасырбаева Д.Д., Серикпаева А.А.
Қараша	1. Мектеп асханасында тамақтануды ұйымдастырудың жағдайы	Нурхайдарова Г.А., Махмутова Ш.М., Есенбекова А.С., Жүнісбек Т.У.
	2. ҰБДҚ, «Bilimat» журналдың дер кезінде дұрыс толтырылуы	Торгаева А.К., Мельник Д.В., Адамбекова Д.С.
	3. 1-4 сынып бойынша математика сабақтарында оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру жолдары	Торгаева А.К., Мельник Д.В., Бимакаева Г.Ж.
	4. 8-11 сыныптарда алгебра, геометрия, физика пәндерінің оқытылу жағдайы 8 «А», 8 «В», 8 «Д», 8 «Е», 9 «А», 9 «Б», 9 «В», 9 «Г», 10 «В», 11 «Б»)	Тусупова Г.А., Торгаева А.К., Мельник Д.В., Тасырбаева Д.Д., Бимакаева Г.Ж.
	5. ЕБҚЕ оқушыларға оқу-тәрбие беру процесі	Торгаева А.К., Мельник Д.В., Бекишева Б.Б.
	6. Оқушылардың сабаққа қатысуы және мектеп формасы	Нурхайдарова Г.А., Махмутова Ш.М., Есенбекова А.С., Жүнісбек Т.У.
	7. Спорт секциялары мен үйірме жұмыстарының жүргізілу деңгейі	Нурхайдарова Г.А., Махмутова Ш.М., Косыбаев Р.Х.
	8. Буллинг/кибербуллинг жағдайларын уақтылы анықтау	Нурхайдарова Г.А., Махмутова Ш.М., Бимакашева К.С., Адамкожина Б.К.
	9. Халықаралық зерттеулерге, ББЖМ, ҰБТ-ға дайындық жұмыстарының жай-күйі	Торгаева А.К., Мельник Д.В., Тасырбаева Д.Д., Серикпаева А.А.
	10. 9-10 сынып оқушыларының кәсіптік бағдарлау жұмыстарының жай-күйі	Тасырбаева Д.Д., Серикпаева А.А.

Желтоқсан	1. Мектеп асханасында тамақтануды ұйымдастырудың жағдайы	Нурхайдарова Г.А., Махмутова Ш.М., Есенбекова А.С., Жүнісбек
	2. ҰБДҚ, «Bilimal» журналдың дер кезінде дұрыс толтырылуы	Торгаева А.К., Мельник Д.В., Адамбекова Д.С.
	3. Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау БЖБ, ТЖБ сараптамасы	Торгаева А.К., Мельник Д.В.
	4.2-4 сынып оқушыларының білім-білік, дағдыларын тексеру (математика, қазақ тілі, орыс тілі, жаратылыстану/дүниетану)	Торгаева А.К., Тусупова П.С.
	5. «А» (-29), 5 «В» (-19), 6 «Ә» (-26), 6 «В» (41), 7 «Д» (-18) сыныптарында сапаның төмендегеніне байланысты бақылау	Тусупова Г.А., Торгаева А.К., Мельник Д.В.
	6. Аудандық және облыстық байқаулардан жүлделі орын алған оқушылармен жұмыс	Тасырбаева Д.Д. Пән мұғалімдері
	7. Оқушылардың сабаққа қатысуы және мектеп формасы	Нурхайдарова Г.А., Махмутова Ш.М., Есенбекова А.С., Жүнісбек
	8. Спорт секциялары мен үйірме жұмыстарының жүргізілу деңгейі	Нурхайдарова Г.А., Махмутова Ш.М., Косыбаев Р.Х.
Қаңтар	1. Мектеп асханасында тамақтануды ұйымдастырудың жағдайы	Нурхайдарова Г.А. Махмутова Ш.М. Есенбекова А.С. Жүнісбек Т.У.
	2. «Bilimal» жүйесіндегі жұмыс, мектеп құжаттамасын жүргізу, жеке іс қағаздарын тексеруді ұйымдастыру	Торгаева А.К. Мельник Д.В. Адамбекова Д.С.
	3. Педагогтерді аттестаттаудың тиімділігі	Торгаева А.К. Мельник Д.В.
	4.5-11 сыныптарда дене шынықтыру пәнінің берілу жағдайы	Торгаева А.К. Мельник Д.В. Нурхайдарова Г.А. Махмутова Ш.М. Косыбаев Р.К.
	5. Қазақ тілі мен әдебиетінің оқытылуы жағдайын зерделеу (5-11 сыныптар)	Торгаева А.К. Мельник Д.В. Махмутова Ш.М.
	6. 10-11 сыныптарда бейіндік пәндер бойынша оқушылардың оқыту сапасы	Торгаева А.К. Мельник Д.В. Тасырбаева Д.Д.
	7. II тоқсан қорытындысы бойынша 5 «В» математика (43/41), 6 «Ә» математика (60/50), 7 «Б» алгебра (69/63), дүниежүзі тарихы (67/56), 8 «Б» биология (71/65), химия (57/55), 8 «В» геометрия (59/52), 8 «Д» биология (48/43), 8 «Е» геометрия (50/39).	Тусупова Г.А. Торгаева А.К. Мельник Д.В. Нурхайдарова Г.А. Махмутова Ш.М. Тасырбаева Д.Д.
	8. Халықаралық зертеулер, ББЖМ, ҰБТ-ға дайындық жұмыстарының жай-күйі	Торгаева А.К. Мельник Д.В. Тасырбаева Д.Д. Пән мұғалімдері
	9. «Зерде» FҚ жұмысының жағдайы	Тасырбаева Д.Д.

	10. Оқушылардың сабаққа қатысуы және мектеп формасы	Нурхайдарова Г.А. Махмутова Ш.М. Есенбекова А.С. Жүнісбек Т.У.
	11. «Менің болашақ мамандығым» кәсіптік бағдар беру апталығының орындалысы	Нурхайдарова Г.А. Махмутова Ш.М. Серикпаева А.А.
Ақпан	1. Мектеп асханасында тамақтануды ұйымдастырудың жағдайы	Есенбекова А.С. Жүнісбек Т.У.
	2. «Bilimat» жүйесіндегі жұмыс, мектеп құжаттамасын жүргізу, жеке іс қағаздарын тексеруді ұйымдастыру	Торгаева А.К. Мельник Д.В. Адамбекова Д.С.
	3. Тәлімгерлік құжаттамаларының сапалы жүргізілуі	Торгаева А.К. Мельник Д.В.
	4. 1-11 сыныптарда ағылшын тілі пәнінің берілу жағдайы	Торгаева А.К. Мельник Д.В.
	5. Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы, құқық негіздері пәндерінің оқытылуы жағдайын зерделеу (5-11 сыныптар)	Торгаева А.К. Мельник Д.В. Кельдиярова Р.А. Хасенова Т.М.
	6. II тоқсан қорытындысы бойынша 9 «А» химия (76/67), 9 «Б» география (67/56), физика (27/25), 9 «В» физика (43/33), 9 «Г» биология (60/47), 9 «Д» химия (65/53), 10 «Б» алгебра (27/30), геометрия (30), физика (33/37), химия (47/40), 10 «В» алгебра (45/33), геометрия (45/33), физика (64/42),	Тусупова Г.А. Торгаева А.К. Мельник Д.В. Нурхайдарова Г.А. Махмутова Ш.М. Тасырбаева Д.Д.
	7. Халықаралық зерттеулер, ББЖМ, УБТ-ға дайындық жұмыстарының жай-күйі	Тусупова Г.А. Торгаева А.К. Мельник Д.В. Тасырбаева Д.Д.
	8. Оқушылардың сабаққа қатысуы және мектеп формасы	Нурхайдарова Г.А. Махмутова Ш.М.
	9. Облыстық «Медицинаға кадам», «Мұғалім болу-мақтаншы» жобалары	Тасырбаева Д.Д. Серикпаева А.А.
	10. Мектепшілік есепте тұрған оқушылармен жұмыс	Нурхайдарова Г.А. Махмутова Ш.М.
	11. Оқушылардың бойындағы қобалжу, агрессивтілік, депрессия деңгейін зерттеу.	Бимакашева К.С. Адамқожина Б.К.
	12. 1-сынып оқушыларының бейімделуін зерттеу	Бимакашева К.С. Адамқожина Б.К.
	Мектеп асханасында тамақтануды ұйымдастырудың жағдайы	Есенбекова А.С. Жүнісбек Т.У.
	«Bilimat» жүйесіндегі жұмыс, мектеп құжаттамасын жүргізу, жеке іс қағаздарын тексеруді ұйымдастыру	Мельник Д.В. Адамбекова Д.С.
	Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптардың орындалуы	Каюпова Р.Қ.
	Тәлімгерлік құжаттамаларының сапалы жүргізілуі	Жекебай А.



	5-11 сыныптарда орыс тілі мен орыс әдебиеті пәндерінің берілу жағдайы	Торгаева А.К. Керимбаева Г.К.
	Биология, химия, жаратылыстану, география пәндерінің оқытылуы жағдайын зерделеу (5-11 сыныптар)	Торгаева А.К. Схах К.
	Мектепалды даярлық топтарында «Тіл дамыту» сабақтарында оқушылардың функционалдық сауаттылықтарын арттыру жолдары	Торгаева А.К. Тусупова П.С.
	Бастауыш сыныптарда қазақ тілі, әдебиеттік оқу сабақтарында инновациялық технологиялардың	Торгаева А.К. Тусупова П.С.
	ЕББҚ оқушылармен әлеуметтік педагогтың жұмысы	Бекишева Б.Б.
	Халықаралық зерттеулер, ББЖМ, ҰБТ-ға дайындық жұмыстарының жай-күйі	Тасырбаева Д.Д. Серикпасва А.А.
	Оқушылардың бейімделуін кешенді зерттеу	Бимакашева К.С. Адамқожина Б.К.
	Оқушылардың сабаққа қатысуы және мектеп формасы	Есенбекова А.С. Жүнісбек Т.У.
Сәуір	Мектеп асханасында тамақтануды ұйымдастырудың жағдайы	Есенбекова А.С.
	«Bilima» жүйесіндегі жұмыс, мектеп құжаттамасын жүргізу, жеке іс қағаздарын тексеруді ұйымдастыру	Торгаева А.К. Мельник Д.В. Адамбекова Д.С.
	Білім алушылардың қорытынды аттестаттауын өткізу	Торгаева А.К. Мельник Д.В.
	1-4 сынып оқушыларының оқу жылдамдығын тексеру;	Торгаева А.К. Тусупова П.С.
	10-11 сыныптарда информатика пәнін оқыту сапасы	Мельник Д.В. Бимакаева Г.Ж.
	10-11 сыныптарда алғашқы әскери дайындық пәнінің берілуі	Нурхайдарова Г.А. Махмутова Ш.М.
	Көркем еңбек сабақтарында оқушыларды ұлттық қолөнерге баулу	Нурхайдарова Г.А. Махмутова Ш.М. Билалова Ж.Б.
	ЕББҚЕ оқушылармен мұғалім-логопедтің жұмысы	Бекишева Б.Б.
	III тоқсан қорытындысы бойынша 9 «Б» алгебра, биология, физика, химия, геометрия.	Тусупова Г.А. Торгаева А.К. Мельник Д.В.
	Бастауыш сынып пен орта буын арасындағы сабақтастық	Тусупова Г.А. Торгаева А.К.
	Мектепалды даярлық сыныпты зерттеу	Бимакашева К.С. Адамқожина Б.К.
	Оқушылардың сабаққа қатысуы және мектеп формасы	Нурхайдарова Г.А. Махмутова Ш.М.
ҰБТ-ға, емтиханға психологиялық дайындық	Нурхайдарова Г.А. Махмутова Ш.М. Бимакашева К.С. Адамқожина Б.К.	
Мамыр	Мектеп асханасында тамақтануды ұйымдастырудың жағдайы	Есенбекова А.С. Жүнісбек Т.У.
	«Bilima» жүйесіндегі жұмыстың жүргізілуі	Торгаева А.К. Мельник Д.В. Адамбекова Д.С.
	«Шығыс бақылау» негізгі пәндер бойынша білім кесіндісін жүргізу	Торгаева А.К. Мельник Д.В.
	1-сынып оқушыларының ББД тексеру	Торгаева А.К. Тусупова П.С.
	«My college» жүйесінің жұмысы	Серикпасва А.А.
	Әдістемелік кафедралардың жұмысының қорытындылары (жылдық есеп)	Торгаева А.К. Кафедра меңгерушілері

Оқушылардың сабаққа қатысуы және мектеп формасы	Нурхайдарова Г.А.Махмутова Ш.М.
Камелеттік жасқа толмағандар арасында құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша жұмыстың жағдайы	Нурхайдарова Г.А..Махмутова Ш.М
Тәлімгердің жас маманмен жұмысының жылдық есебі	Жекебай А.

### Мектептің ғылыми-әдістемелік жұмысының жоспары

#### Мақсаты:

«Мектеп мұғалімдерінің үздіксіз кәсіби дамуына жетекшілік ету арқылы оқыту мен оқу үдерісін дамыту, білім сапасын жоғарылату.»

#### Міндеттері:

- жоғары оқу орындарымен тығыз байланыс жасай отырып, оқушылардың зерттеу-ізденушілік бағытындағы жұмыстарын дамыту;
- пәндік олимпиадаға, ғылыми жобаға дайындықтың тиімді тәсілдерін қарастыру;
- мұғалімдердің шығармашылық кезеңдер жоспары бойынша жұмыстарының жүйелі жүргізілуін, өз іс-тәжірибесін өзіндік жұмыстары(авторлық бағдарлама, жинақтар, әдістемелер) арқылы жинақтап, қорытындылауын қолға алу
- мұғалімдердің шығармашылық тақырыбы бойынша жұмыстарын жаңартылған білім беру мазмұнын енгізу бағытында жүргізіп, жаңа форматтағы тапсырмалар жинағын дайындауға көңіл қою
- күнделікті білім беру үрдісінде әлеуметтік желілерді, бұлтты сервистерді, QR-кодтау технологиясын тиімді қолдану;
- күнделікті тәжірибеде Quizizz, Kahoot, Quzle, Padlet, Plikers интерактивті білім беру қосымшаларын қолданатын мұғалімдер үлесін арттыру
- әр бірлестікте инновациялық жобалармен жұмысты енгізуді қолға алу
- жаңа технологияларды тиімді қолдана отырып, білім сапасын арттыру

#### Күтілетін нәтижелер:

- білім беру ортасының қоғамның ағымдағы сұранысына бейімделуі;
- оқыту сапасының артуы, мұғалімнің өз пәні саласында білімнің жинақталуы, оқытудың қазіргі әдістерін меңгеруі мен педагогикалық процесті компьютерлік технология көмегімен ұйымдастыруы;
- дарынды оқушылармен жұмыс нәтижесінде олимпиада, ғылыми жоба, түрлі байқаулар жеңімпаздарының санының артуы

#### 1. Ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету, ұйымдастыру

**Мақсаты:** Мектептің әдістемелік жұмыстарын ұйымдастырып, ғылыми жұмыстарға басшылық жасау.

Өткізілетін жұмыс мазмұны	Мақсаты	Жауапты	Қайда қаралады
Тамыз			

Білім беру стандарты, күнтізбелік жоспарды жасауға қолданылатын бірыңғай талаптар, әдістемелік нұсқау хатпен, мектеп құжаттарын жүргізу жөніндегі нұсқаулықпен танысу, талдау	Жоспарлардың стандартпен, мектеп жоспары бағытымен сәйкестігін қамтамасыз ету	ДОЖО	Әдістемелік кеңес
Педагогикалық қызметкерлердің сапалық құрамы базасын даярлау	Үстаз еңбегін бағалау	ДОЖО	Әдістемелік кеңес
<b>Қыркүйек</b>			
2022-2023 оқу жылындағы ғылыми-әдістемелік кеңесінің жұмысына талдау. 2023-2024 оқу жылындағы міндеттер, негізгі бағыттар, ғылыми-әдістемелік кеңесінің жұмыс жоспарын бекіту.	Талдау, алдағы оқу жылының проблемаларын ашу мектеп дамуын анықтау.	ДОЖО	Педагогикалық кеңес
Мұғалімдердің тақырыптық-күнтізбелік жоспарларын, таңдау курстарының, қолданбалы курстардың бағдарламаларын бекіту.	Жоспардың бағдарламаға сәйкестігін анықтау	Бірлестік жетекшілері	Әдістемелік кеңес
Оқушылардың оқулықпен қамтамасыз етілуін қадағалау.	Оқу процесіне жағдай жасау	ДОЖО Кітапхана меңгерушісі	Директор жанындағы кеңес
Пәндік олимпиадаға қатысатын оқушыларды анықтау	Оқушылардың білім деңгейін анықтау, білім нәтижесі бойынша қосымша жұмыстар белгілеу	ДБОЖО Бірлестік жетекшілері	Директор жанындағы кеңес
Білімал жүйесінің жұмысы, толтырылуы	Мектеп құжаттарының талапқа сай жүргізілуін бақылау	ДОЖО	Директор жанындағы кеңес
<b>Қазан</b>			
Пән олимпиадаларын, оқушылар конференцияларын өткізу, дайындық жұмыстары	Тапсырмалар деңгейі, сапасы және оқушылардың дайындық деңгейін сараптау	ДБОЖО Пән мұғалімдері	Әдістемелік кеңесте
Пән кабинеттерінің оқушылардың білімін арттырудағы рөлін анықтау, талапқа сай жабдықталуы	Кабинеттегі оқу-әдістемелік құралдар мектеп бағдарламасындағы білімге сай болуын қадағалау	ДОЖО	Директор жанындағы кеңес
Бірлестік жетекшілерінің жұмыс жоспарларының талапқа сай жүргізілуі	Мектеп құжаттарының талапқа сай жүргізілуін бақылау	ДОЖО	Директор жанындағы кеңес
I жартыжылдыққа жоспарланған байқауларды талапқа сай өткізу	Жұмыс сапасын анықтау	ДОЖО	Әдістемелік кеңес

<b>Желтоқсан</b>				
Әдістемелік бірлестіктер жұмыстарының қорытындысы.	Кемшіліктерді анықтау, жұмыс бағыттарын белгілеу	ДОДЖО	Әдістемелік кеңес	
Мұғалімдердің ұзақ мерзімді жоспарларының білім беру бағдарламасымен сәйкестігі, қысқа мерзімді жоспарлардың талапқа сай жүргізілуі	Мемлекеттік стандарттың орындалуы	ДОДЖО	Директор жанындағы кеңес	
Пән бірлестіктеріне енгізілген инновациялық жобалар бойынша атқарылған жұмыстар есебі	Инновациялық жобалардың тиімділігі	ДОДЖО	Директор жанындағы кеңес	
<b>Қаңтар</b>				
II ж.ж. бақылау, тәжірибе жұмысы, тест, тексеру жұмыстарын өткізу кестесін талдау	Оқушыларға арналған оқу жүктемесінің санитарлық-гигиеналық талаптарға сәйкестігін бақылау	ДОДЖО	Әкімшілік кеңес	
<b>Ақпан</b>				
Пән кабинеттерін жұмыс жоспарларына сай жабдықтаудың жүргізілуі	Кабинеттердің жылдық жұмыс жоспарының орындалуы барысы	ДОДЖО	Әдістемелік кеңесте	
<b>Наурыз</b>				
Әдістемелік бірлестіктер жұмысының қорытындысы	Кемшіліктерді анықтау, жұмыс бағыттарын белгілеу	ДОДЖО	Бірлестік отырысы	
<b>Сәуір</b>				
Мемлекеттік емтихан материалдарын дайындауға нұсқаулық	Емтихан материалдарын дайындауға қойылатын талаптарды таныстыру	ДОДЖО	Әдістемелік кеңес	
<b>Мамыр</b>				
Пән кабинеттерін жаңа оқу жылына дайындау	Жаңа оқу жылына міндеттер қою	Комиссия	Директор жанындағы кеңес	
Емтиханға дайындық жұмыстарын жүргізу	Тапсырмалар деңгейі, сапасы және оқушылардың дайындық деңгейін анықтау	Бірлестік жетекшісі ДОДЖО	Директор жанындағы кеңес	

Әдістемелік орталығының 2022-2023 оқу жылында алдына қойған мақсаты. 2023-2024 оқу жылында атқарылған жұмыстардың есебі.	Жұмыс шығару нәтижесін	ДОДЖО	Педагогикалық кеңесте
--	------------------------	-------	-----------------------

**Жаңа педагогикалық технологияларды ендіру жұмыстары**

**Мақсаты:** Бәсекелестікке лайықты оқытудың жаңа инновациялық технологияларын пайдаланып, білім берудің сапасын көтеру

Мерзімі	Өткізілетін жұмыс мазмұны	Мақсаты	Есеп беру формасы		Қады
Қыркүйек	Жаңа педагогикалық технологиялар, БА бойынша курстан өтуге ұсынылатын мұғалімдер тізімін бекітіп, ҚББ-не сұраныс беру	Жоспарлау	Сұраныс	ДОДЖО Бірлестік жетекшісі	Әдістемелік кеңесте
	Білім беру технологиялары мен озық іс-тәжірибені оқып-үйрену және оқу процесінде пайдалануға бағыт беру	Кәсіби біліктілік көтеру	Хаттама	Бірлестік жетекшілері	Бірлестік отырысы
Жыл ішінде	Мектепаралық желілік қоғамдастық жұмысын жалғастыру, мектепшілік желілік қоғамдастық жұмысын ұйымдастыру	Тәжірибе алмасу	Қоғамдастық жазбалары	ДБӨЖО Деңгейлік курс мұғалімдері	Бірлестік отырысы
	Пәндік апталықтар барысында деңгейлік бағдарламалар бойынша коучингтер өткізу, мұғалімдерге жаңа әдіс-тәсілдер қолдануға көмек беру	Теориялық және әдістемелік көмек	Сабақ жоспарлары, талдау	ДОДЖО Курстан өткен мұғалімдер	Бірлестік отырысы

	Мұғалімдер іс-тәжірибесін тарату жұмыстарын ұйымдастыру	Тәжірибе алмасу	Жоспар	ДОЖО ӘБЖ	Бірлестік отырысы
	Жаңа технологиямен жұмыс жасайтын мұғалімдердің жеке жетістіктері, оқушыларының жетістіктерін жинақтау	Мониторинг жүргізу	Мәлімет	ДОЖО ӘБЖ	Бірлестік отырысы
Мамыр	Жыл қорытындысы бойынша мұғалімдердің жаңа технология ендіру барысындағы атқарған жұмыстарына талдау жасау	Жұмыс нәтижесін шығару	Мониторинг	ДОЖО ӘБЖ	Әдістемелік кеңесте

### Үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс

**Мақсаты:** үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс дағдыларын қалыптастыру.

Мерзімі	Өткізілетін жұмыс мазмұны	Мақсаты	Есеп беру формасы	Жауапты	Қайда қаралады
Қыркүйек	Оқушыларды үлгермейтін пәндері мен деңгей түрлеріне қарай жіктеу немесе топтастыру;	Жекелей бағытты, бағдарлы жұмыс жоспарын құру	Сараптама	ДОЖО Пән мұғалімдері	Б О
Қазан	Қызығушылықтары мен қажеттіліктерін анықтау; тест, сұхбат, тренингтер ұйымдастыру;	Жеке тұлғалық әрекетіне мән беру	Сараптама лық анықтама	Психолог, социолог	Орынбасар жанындағы жиналыс
қажеттілігі не қарай	Оқушының жұмысын жүйелі тексеру, көмек көрсету; пән бойынша	Оқушылардың білім деңгейін көтеру	Жеке жұмыс жоспары	Пән мұғалімдері	Әдістемелік кеңес

	меңгермеген тақырыптарымен жұмыс жасау				
Жыл ішінде	Оқушы мүмкіндіктері мен қабілеттерін ескере, байқаулар мен шығармашылық жұмыстарға жұмылдыру;	Ынталандыру, оқушының өзіне сенімділігін қалыптастыру	Сұраныс	Пән мұғалімдері	Бірлестік отырысы
Тоқсан сайын	Оқушылар білім деңгейінің өсу, кему мониторингін жүргізу	Жаңа жұмыс бағыттарын белгілеу	Мониторинг	ДОЖО ӘБЖ	Педагогикалық кеңес
Мамыр	Мектепшілік жалпы қорытынды: - пән бойынша диагностикалау; - мониторингілеу;	Жұмыс нәтижесін шығару	Анықтама	ДОЖО	Әдістемелік кеңес

#### Педагогикалық іс-әрекетті диагностикалау

**Мақсаты:** Қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруде мұғалімнің инновациялық іс-әрекетінің ғылыми педагогикалық негіздерін меңгеруі.

Мерзімі	Өткізілетін жұмыс мазмұны	Мақсаты	Есеп беру формасы	Жауапты	Қайда қаралады
